

Әмірбекова Айгүл Байдебекқызы

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ЕМЛЕ**

Монография

**АЛМАТЫ,
2018ж**

Әмірбекова Айгүл Байдебекқызы

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ЕМЛЕ**

Монография

Монографияда қазақ жазуы тарихындағы латыннегізді әліпбидің қабылдануы, қолданылуы, емленің дайындалуы, осы әліпби негізінде алғашқы оқулықтардың құрастырылуы баяндалады. Сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы латыннегізді әліпбиге көшу мәселелері, жаңа әліпби бойынша жасалатын орфографиялық ережелер құрастыруда назарға алатын ұсыныстар қамтылады. Монография тіл тарихын зерттейтін, латын графикалы әліпби бойынша емле мәселелерін зерттейтін мамандарға арналады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
1-тарау. Латыннегізді әліпбиді қолданудың тарихи тәжірибесі.....	7
2-тарау. Латыннегізді әліпбиді қолданудың шетел тәжірибесі.....	29
3-тарау. Латын әліпбиіндегі алғашқы қазақ оқулықтары және сауат ашу мәселелері.....	39
4-тарау. Жаңа латыннегізді әліпби бойынша орфографиялық мәселелер.....	52
Қорытынды.....	63
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

1996 жылдан бастап қазақ тілінің жаңа (латын) әліпбиге көшу мәселесі қозғалып келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев алғаш рет бұл туралы 1996 жылы Халықтар Ассамблеясының III сессиясында: «Латын қарпіне көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне, технологиялық тұрғыдан бейнелеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді», - деген болатын. Ал 2006 жылы «Бір кездерде туындаған латынға көшу мәселесіне қайта оралуымыз қажет. Бүгінгі күні коммуникативтік кеңістікте латын графикасы басымдылық танытып отыр», - дей келе, осы мәселенің ғылыми жағын зерттеу туралы нақты тапсырма берді. 2013 жылы Қазақстан-2050» стратегиясында латын әліпбиіне 2025 жылы толық көшетініміз туралы кесімді сөз айтылды.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру Қазақстан қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қарама-қайшы әсер тудыратын, күрделі үрдіс болып табылады. Осындай қиындықтарына қарамастан, Қазақстан үшін жазу-сызуды реформалау орта және ұзақ мерзімде оның келешегі пайдалы әрі нәтижелі болатыны күмән тудырмайды. Себебі 2012 жылдан бері қарай халық талқысына түскен латын әліпбиін қолдаушылар қатары көбейіп келеді.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде танытудың жолы болмақ. Бұрынғы кезде қазақ тілінің жазу-сызуын халық сыртқы күштердің, сыртқы мәдениет пен саясаттың ықпалы арқылы қабылдаған болатын. Қазір қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиі саналы таңдау түрінде еркін жүргізіліп отыр.

Латын әліпбиіне көшу – тәуелсіздігімізбен тетелес талқылана дамып келе жатқан ең өзекті те көкейкесті мәселелердің бірі. Бұған латын әліпбиін қабылдаған түркітілдес көрші мемлекеттердің ұлттық тілін дамыту әрі жетілдіру мақсатындағы реформасы да елеулі ықпал еткені сөзсіз. Содан бері қарай Қазақстанда латын қарпіне ауысу тақырыбы дүркін-дүркін талқыланып, бірде қызу қолдап, бірде жоққа шығарылып, талай рет «жабулы қазан күйінде» қалғаны да өтірік емес. Себебі, бастапқы жылдары расында да кирилл әліпбине үйреніп қалған қазақстандықтардың аса таныс емес латынға көшуге ешбір ынтасы болмады. Бертін келе, қоғам ағымы өзі-ақ латын қарпінде тілдесуге, хат алысуға мәжбүрлей түсті. Олай дейтініміз, халықаралық байланыс еркіндігі, шетелдік білім алу қолжетімділігі қалыптасты, виртуалды, ғаламтор кеңістігіндегі тілдік қатынасты латын әріптерімен таңбалау тиімділігі өрши түсті. Заман, өмір талабына сәйкес ағылшын тілін меңгеруге деген талпыныс арта түсті. Міне, осы

факторлардың барлығы 1991 жылы сөз болған латын әліпбиіне көшу мәселесін жеделдетуге негіз болды.

2012 жылдың соңында жариялаған Елбасымыздың жолдауында 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек деген ұсынысы жұртшылыққа әртүрлі серпін бергені рас. Әрине, егде жастағылар сол сәтте-ақ латын әрпіне көшуге қарсылық білдірді. Ал әлеуметтік желіде латынша жазып дағдылана бастаған жастар үшін құптарлық жайт болды. Бұл – заңды құбылыс.

Сонау 1991 жылдан бері зерттеп келе жатқан тілші-ғалымдар үшін латынға көшудің нақты қадамының белгілі болғаны қуантарлық хабар болды. Себебі, көпұлтты мемлекетте мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлттық тілдің қызметі мен қолданысын жетілдіру, оның құндылығын сақтаудың бірден бір кепілі - жаңа ұлттық әліпби жасау болатын.

Өздеріңізге белгілі, жолдауда ұсынылған аталмыш мәселеден кейін «латын әліпбиіне көшеміз бе, көшпейміз бе» деген пікірталастар өрши түсті. Тіпті кейбір зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері де қарсы болғаны айдан анық. Елбасына ашық хат жариялағаны да рас.

Дегенмен, тарихи, лингвистикалық тұрғыдан ғылыми талданған мақалалардың жиі жариялануы латын әліпбиіне көшуіміздің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіріп отыратын көмекші құрал ретінде қызмет етті. Ұлттық бірегейлігі мен ұлттық тілдің мүддесі үшін жасалып жатқан күрделі реформаны әп-сәтте атқару мүмкін емесі анық. Сондықтан түбегейлі өзгерісті жасау алдында оның мақсаты мен міндеттерін, қажеттілігін түсіндіретін насихат жұмыстары жүргізіліп, жұртшылықтың мүдделері ортақтасуын күтуге Елбасымыз 13 жыл (2012-2025жж) беріп отыр.

Қазақ тілі үшін жаңа әліпби қажеттілігінің ғылыми уәжі айқындалғаннан кейін, жалпы төл тіліміздің құндылығын жаңғырту, қолданыс аясын кеңейту мәселелері латын әліпбиіне ауысу кезінде оңтайлы шешім табатынына сенім ұялағаннан кейін жұртшылықтың көзқарасы өзгере бастады. БАҚ беттерінде латын әліпбиіне көшуге ниетті тұлғалардың мақалалары жарқын көрініс таба бастады. Одан кейін, «латынға көшеміз бе, көшпейміз бе?», «көшсек қалай болады екен?», «көп қиындықтар туындауы мүмкін, оны қалай шешеміз?», «істі қалай бастау керек?», «алдымен неден бастау керек?» деген екіұшты ойлардың талқысы туындай бастады. Демек, латын қарпіне ауысуға деген оң бетбұрыс қалыптасты деген сөз. Ендігі кезекте ауысу жолдарын анықтау, нақты қай уақытта көшу керек деген сұрақтардың нүктесін қою қажет болды.

Осы тұста Елбасы 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшудің нақты қадамдарын атап өтті. 2017 жылдың соңында латын әліпбиінің шешуші нұсқасы белгіленуі керек деген тапсырманың өзі жайбарақат жатқан халықты тағы да бір сілкіп алды. Демек, 2012 жылғы айтылған сөз бекер емес екеніне қоғам айқын көз жеткізді.

Әліпби ауыстырудан ұтатынымыз – ең біріншіден, қазақ тілі емлесінің таза төл (қазақи) жазылым нормасын қалыпқа келтіреміз. Ал одан кейінгі игі пайдасы айтылып та жүр. Жаңа әліпбидің үлгісі де бар. Тек бірнеше таңба нұсқаларының тиімдісін таңдау ғана қалды. Алдағы уақытта тек осы күнге дейін емлелік ережелерге қарама-қайшылық тудырған әрі қазақ тілінің типологиялық болмысына сәйкес келе бермейтін кейбір сөздердің жазылуы мен құрылымдық түрленуінде болатын қателіктерді түзету мәселесі тұрғысында жұмыс жасалып жатыр.

1-ТАРАУ. ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТАРИХИ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақ жазуының тарихына үңілсек, расында да, Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған жазу нормасы қазақтың табиғи сөйлеу болмысын танытатын үлгі болатын. Кейін кирилл әліпбиіне көшу салдарынан бір сөздің бойында бір таңбаның бірнеше қайталануын қысқарту мақсатында, тағы да басқа ықпалдардың әсерінен жазылым мен айтылым арасында үлкен алшақтық туындап, қалай жазылса, солай айтатын келешек ұрпақтың сөйленіс нормасы бұзыла бастады. Қазақ жазуындағы бұл өзгерістер 1940 жылдары латыннан кирилл әліпбиіне ауысу кезеңінде пайда болды. Ал 1929-40 жылдардағы латын әліпбиінде А.Байтұрсынұлының жазу үлгісі сақталған болатын. Сондықтан қазақ тілі үшін латын әліпбиіне көшу ең қорқыныш тудырмайды, себебі ондай тәжірибеден бұрын өткен. Сондай-ақ көптеген ақын-жазушыларымыздың (М.Әуезовтен бастап) таңдамалы шығармалары латын қарпінде жазылған нұсқалары сақталған. Жазылуы қиындық тудырған жағдайда сол еңбектердің нұсқаларына сүйеніп, түрлі үлгілерін сараптап салыстыруға толық мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері де 1929 жылдары осы латын қарпіне көшу қарсаңында басталған болатын. Сол кезеңдегі тілтанушы ғалымдар 1940 жылға дейін латын қарпіндегі қазақ тілі емлесінің негізін қалап, 1941 жылы алғашқы емле сөздігін құрастырды. Ендігі кезекте осы емле ережелерінің артықшылығын пайдаланып, кемшілігін талдап, жаңа әліпбиге негізделген емле нормасын жазауға кірісу керек болып тұр. Сондықтан 1929-40 жылдардағы емле мәселелері туралы тұжырымдарды талқылап, одан шығатын ұсыныстарымызды таныту мақсатында І.Кеңесбаевтің, Н.Сауранбаевтың, М.Балақаевтың, С.Аманжоловтың зерттеулерін талдап көрсетуді жөн көрдік.

XX ғасырдағы латыннегізді әліпби туралы пікірталастар және орфография мәселелері

Қазақ жазуы қалыптасқаннан бастап-ақ орфографиялық норма, емле мәселелері, оның қиындықтарын шешіп, біріздендіру сияқты тілдік саясат жүйесі қызметін бәсеңдеткен емес. Яғни сауаттылықтың бірізді заңдылығын тілдік тұрғыдан шешу мәселесі қазақ тіл білімі үшін өміршенді зерттеу нысанына айналды. Жазуы даму үстіндегі, тілі өркендеген елдің тіл саясатында орфография мәселесі өзекті болары сөзсіз. Тарихқа үңілер болсақ, 1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің күн тәртібінде жазу ережелері, әліппе, қазақша пән атаулары мәселелері сөз болса, 1927 жылы 28-29 сәуірде Ташкентте өткен бас қосуда жазу, әліпби, емле мәселесі талқыланды. Ал 1929 жылы 2 – 4 маусымда Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда емле, атау мәселесі қаралды.

Әліпби, емле, оны реформалауға байланысты пікірталастар алғашқыда «Дала уәлаяты газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттерінен көрінді, одан кейін «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттер төңірегіне ұйысып отырғаны белгілі. Демек, қазақ жазуының емлелік қағидаларын заңдастыру ісінде тұрақтылық бірден бола қоймады. Оның басты себебі - әліпбидің өзгеруі. Өзімізге белгілі жалпыхалықты жаңа әліпбиге үйрету және оған көндігіп, сіңісіп кету үлкен уақытты талап етеді. Бұнымен қоса әліпбимен қоса, оның емлелік ережелерін де қатар меңгерту қажеттілігі туындайды. Тәжірибесі аз алғашқы әліпби өзгерісі реформасында емле заңдылығының толық дайын болмауына байланысты көптеген қиындықтар туындап, оның салдарынан тіл салаларындағы зерттеу жұмыстарының кереғар тұжырымдамаларға бой ұрғаны айқындалды.

Соның ішінде 1929-40 жылдардағы латын әліпбиіне бейімделу, бұрын соңды болмаған бас әріпке үйрену, кейбір кірме сөздерді барынша ыңғайлы сауатты жазуға лайықтау мәселелері ұзақ талқылауды, кең зерттеуді, үлкен тәжірибені қажет етті. Емлеге қатысты сол жылдарды екі кезеңге бөліп қарауға болады. 1938 жылға дейінгі латын әліпбиіндегі қазақ тілі орфографиясының қалыптасу кезеңі болса, 1938 жылдан кейінгі сауаттылыққа орай оңтайландырылған емле заңдылықтарының қызмет ету кезеңі болды. Н.Сауранбаев кейінгі кезеңдегі емле мәселелерінің дұрыс, бұрыстығын сараптап, сауаттылыққа жетелейтін үлгілерін насихаттау тұрғысында қыруар еңбек етті. Атап айтар болсақ, «Қазақ тілінің емлесі туралы» («Төте оқу» газеті, 1938 жыл.) [1], «U мен У» әрпінің жазылуы («Төте оқу» газеті, 1938жыл.) [2], «I мен J әріптерінің жазылуы» («Төте оқу» газеті, 1938 жыл) [3], «F, X, V әріптерінің жазылуы туралы» («Төте оқу» газеті, 1938 жыл.) [4], «Жуан Ы, J дыбыстарының жазылуы туралы» («Төте оқу» газеті, 1938 жыл.) [5], «Емле жөніндегі бірқатар ұсыныстар» («Социалистік Қазақстан газеті, 1938 жыл») [6] атты мақалалары жарық көрді.

Н.Сауранбаев осы мақалаларында 1938 жылға дейін қабылданып келген ұу – «uv»; үу – «uv» және ый – «ьj»; ій - «ij» қосарлы дыбыстарының қолайсыз екенін дәйектей отырып, оларды бір ғана дыбыспен, яғни «u» және «u» деп белгілеу туралы орфографиялық қаулының қажеттілігін атап өтеді.

Негізінен латын әліпбиіне көшкеннен бастап-ақ «и» мен «у» дыбыстарын таңбалау даулы мәселе болған болатын. Бірсыпыра ғалымдар [i+й], [ы+у], [ү+й], [ү+у] дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек десе, екіншілері бұл дыбыстарды бір таңбамен таңбалауды ұсынды. Сондай-ақ осы дыбыстарды жарты дауысты дыбыс демей, оған толық дауысты дыбыс деген статус беру керек дейтін пікірлер айтылды. Н.Сауранбаев әсіресе кірме сөздерде осы дыбыстардың қолданысы буын үндестігін сақтау заңдылығын аса қажет етпейтінін, сондай-ақ қосарлы дыбыстардың жазылуы сөзді тым шұбаландырып, орфографиялық сәнін келтірмейтінін ескере келіп, бір таңбалы дыбыс үлгісімен жазуды дұрыс деп санайды.

С.Аманжоловтың пікірінше: «іj-дің қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «и» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде j дыбысы тек жіңішкелік үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «j»-дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де жарымжан, екеуі де толық әріптік қабілеті жоқтар» (Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы, Алматы, 2012) [7].

Н.Сауранбаев «у» және «и» дыбыстарының қосарланған uv, ij таңбаларымен халықаралық сөздерді жазуда көп қиындықтар келтіріп, сөздің мән-мағынасын шатастыратын жағдай тудырғанын да жасырмады. Сондықтан ғалымның пікірінше, мүмкіндігінше дыбыстарды жеке бір таңбамен белгілеп жазу емленің тұрақталуына мүмкіндік беретіндігін, ал емле ережелері икемді әрі тұрақты болса, еңбекшілердің сауаттылығы да, жазу, қарым-қатынас мәдениеті де дамидыны алға тартады.

Латын әліпбиіндегі қазақ тілінің емле өзгерістері туралы қаулының насихаттау мақсатында және халықты жаңа емле ережесіне үйрету бағытында Н.Сауранбаев «Төте оқу» газетіне дүркін-дүркін мақала жариялап отырды. Емле қаулысындағы өзгерісті бұрынғысымен салыстыра отырып, тиімді жағын мысалдармен айқындап көрсетіп отырды. Мысалы, 1938 жылы «Төте оқу» газетіне жарияланған «Қазақ тілінің емлесі туралы» атты мақаласы «й» мен «у» әріптерінің жаңаша қолданылу жолдарын үйретуге негізделген. «й» әрпі бұрынғы «и» таңбасының орнына, ал «у» дыбысы бұрынғы «uv» әрпінің орнына қолдану емлесі қабылданғанын салыстырмалы түрде түсіндіреді де, көзге айқын болу үшін былайша нақтылайды:

Мына төмендегі мысалдарды оқып, жаттығыңыздар:

«U» әрпіне келетін сөздер:	
бұрынғысы	жаңасы
Uvьq	Uьq
Suvьq	suьq
Cuvaq	cuvaq
Suvat	suat

«Yv- Yy» орнына «u»	
бұрынғысы	жаңасы
Yvəde	uəde
Kelyv	kelu
Kylyv	kylu
çyryv	çyru
«Yv- Yy» орнына «u»	
бұрынғысы	жаңасы
Suluv	súlu

Buruv	vúgu
Uruv	úgu
Buzuv	vúzu

Н.Сауранбаев «І мен J әріптерінің жазылуы туралы» атты мақаласын 1938 жылғы емле қаулысына қатысты қабылданған өзгерістерді айқындап жеткізу үшін жариялаған болатын. Онда қысаң дауысты ы, і дыбыстарының қай жерде жазылуы керек, қай жерде жазылмауға тиісті ерекшеліктері нақты көрсетілді. Мысалы, сөз басында негізгі сөздің мағынасы өзгермейтін жағдайда қысаң езулік дауыстылары жазылмайды. Мәселен, *ьskaf* емес *skaf*, *ьstadion* емес *stadion*, *ьlai* емес *lai*, *ьret* емес *ret*. Ал сөз басында келетін қысаң дауыстылар сөздің түбіріне тікелей қатысты болса, сақталып жазылады. Мәселен, *ьnj*, *ьza*, *ьrj*, *ьdьs*, *ьs*, *ьn* болып ы және і дыбысталып сақталады.

Сондай-ақ ы, і әріптері халықаралық сөздердің аяққы бітеу буынында жазылмайды: *silindr*, *internasionalizm*.

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев 1938 жылға дейін жазылып келген «*ьj*» және «*ьj*» қосарлы дыбыстарының орнына тек бір ғана «і» әрпі алынғанын айта отырып, жазу каллиграфиясын жеңілдететін оңтайлы үлгі екенін мысалдармен дәйектеп өтеді. Сонымен қатар бұрынғы «і» әрпінің орнына «*ьj*» әрпін таңбалау қаулысына халықтың тез бейімделе қалуы қиындық келтіретінін де айтады. Ол үшін тәжірибелік жұмыстар, оқу курстары өтілу қажеттілігін ескереді. Осы мақаласында Н.Сауранбаев бұрынғы таңбалану «*ьй*», «*ьй*» әріптерінің кейбір сөздердің мән-мағынасын айқындап көрсету үшін аса құнды екенін айта отырып, «*ьй*», «*ьй*» сөздерін етістікті *ти*, *си* сөздерімен шатастырмас үшін, соның ықпалында алдыңғы сөздердің мәні жойылып кетпес үшін жазылуын бұрынғы күйінде қалдыру туралы ережені дұрыс деп құптайды. Бұған қоса ғалым: «Орыс тілі арқылы енген сөздердегі «*ь*» дыбысы біздің «і» әрпімен тура келеді. Осы күнге дейін орыстың толық «*ь*» әрпінің орнына *ьj*, *ьj* кейде тек «і» әрпінің өзін жазып келдік. Енді бұдан былай қосарлы дыбыстардың орнына жалғыз «і» әрпін жазатын болдық. Мысалы, бұрын *ьjnstijut*, *ьjncener* болса, енді бұдан былай *institut*, *incener* деп жазамыз. (І мен J әріптерінің жазылуы. Төте оқу, 1938 жыл, 3 февраль).

Расында да, 1938 жылға дейін орфографиялық емленің өзінде тұрақсыздық, яғни бірнеше түрде жазылу үлгілері қатар қолданыста болған. 1938 жылғы емле қаулысы жазу нормасын біріздендіруге лайықты ережелерін ұсынды. Ал оны халыққа оңтайлы түсіндіріп, тиімді үйрету жұмыстары аса қажет болды. Міне, осы күрделі істі жүзеге асыру кезінде Н.Сауранбаевтың жоғарыда аталған мақалалары үлкен көмек болды.

Дауысты дыбыстармен қатар дауыссыз дыбыстардың да таңбалануына да бірқатар өзгерістер енген болатын. Соның ішінде интернационал сөздерді жазуда *ф*, *х*, *в* дыбыстарын қазақтың төл дыбыстарымен дәл таңбалау мүмкін болмағандықтан *Ф*, *Х*, *В* әріптерін таңдап алуға тура келді. Н.Сауранбаев пікірінше, әсіресе термин сөздерді, ғылыми сөздерді айтылуы бойынша қазақ

дыбыстарымен емес, термин екенін айқындайтын кірме дыбыстармен белгілеген тиімді болады деп есептеді. Соның артынша Емле қаулысында да халықаралық кірме сөздерде кездесетін ф,х, в дыбыстарын F, X, V-мен белгілеу ережесі ұсынылды. Сонымен бұрын қыймыла деп жазылып жүрген сөз *хіміа* болып белгіленетін болды. *Qlor* емес *xlor*, *pәnetika* емес *fonetika*, *kөpedra* емес *kafedra*, *pәbrik* емес *fabrika*, *rappak* емес *rabfak*. (F,X,V әріптерінің жазылуы туралы, Төте оқу, 1938 15 февраль).

Латын әліпбилі қазақ жазуында 1929 жылы түпнұсқалыққа жақындық принципі бойынша кірме х, ф, в дыбыстарын әліпбиден алынып тасталған болатын. Оған арнайы мынадай: «Еуропаның *ch*-сы, орыстың «*x*»-сы, араб-парсының *қ*-сы» жуан айтылатын сөздерде *қ*, жіңішке айтылатын сөздерде *к* арқылы жазылады», «Шеттен кірген сөздерде «*ф*» орнынан «*п*» жазылады» деген ережелер қабылданған болатын. Бірақ өмір тәжірибесі, халықаралық мәдени достастықта өмір сүріп отырған қоғам сұранысы х, ф, в дыбыстарының әліпбиге енуін талап етті. Ол туралы алғаш рет 1930 жылы Қ.Жұбанов қазақ орфографиясы мен әліпбиін өзгертуге байланысты жобасын ұсынып, онда ф, х дыбыстарын қазақ әліпбиі құрамына алуды былайша ұсынды: «Ни одна из существующих букв (употребляемых) для (изображения) согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало» [8]. Қ.Жұбановтың осы тұжырымдамасын іске асырушы ретінде, оның дұрыстығын дәлелдеп насихаттаушы ретінде Н.Сауранбаев үлкен үлес қосты. Себебі, осы тұрғыдан алғанда екеуінің ғылыми көзқарастары үндес болатын.

Жалпы 1929-40 жылдардағы латын әліпбилі қазақ тілінде қысаң *ы*, *і* дауысты дыбыстарымен келетін сөздерді жазу көп қиындықтар тудырды әрі түрлі жазу нұсқалары да көбейіп кетті. Емлені тұрақтандыруға кері әсер еткен осындай әр алуан жазу нұсқаларын біріздендіру мақсатында Н.Сауранбаев қысаң дауыстылардың жазылу емлесіне қатысты мақалаларын ұсынып отырды. Мысалы, біріншіден, түбір сөздің ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында көмескі *ы*, *і* дыбыстары естілетін жерде, егер ол сөздер кірме сөздер болса, *ы*, *і* жазылмайды. Мәселен, *рылан* емес *plan*, *Рьравда* емес *Pravda*, *рьролетариат* емес *proletariat*, *тьрамвай* емес *tramvai*.

Екіншіден, түбір сөздің орта буынында екі дауыссыз дыбыстың арасында буындалуға лайықты келетін *ы*, *і* дыбыстары жазылмайды. Мәселен, *Ахьмет* емес *Axmet*, *телегьрамма* емес *telegramma*. Осы үлгі-ереже қабылдағаннан кейін, жапырақ пен топырақ сөздерінің де екі дауыссыз арасындағы дәнекер *ы* дыбысы түсіріліп (жапрақ, топрақ) жазылатын болды. Кейінгі емле қаулысында осы соңғы екі сөзде дәнекерлі *ы* дыбысының сақталып жазылуына рұқсат етілді.

Үшіншіден, бір буынды үнді бітеу түбір сөздегі қысаң *ы*, *і* –лер тәуелді жалғауы жалғанғанда түсіріліп жазылады. *Орьнт* емес *Ornyт*, *ауьлт* емес *auьлт*, *туьлкьт* емес *tyulkyт*, *qальqьт* емес *qalqьт*.

Төртіншіден, бір буынды бітеу сөздегі қысаң ы, і –лер аяғына тәуелді жалғаулар жалғанғанда соңғы қатаң дыбысы ұяңдап келетін болғанда ы, і дыбыстары жазылады. Мысалы, *tylj* – *tyljg*, *kørjk* – *kørjg*, *sylyk* – *sylygj*. (Қысаң ь, j дыбыстарының жазылуы туралы. Төте оқу, 1938. 8 март) [9].

Н.Сауранбаев үсті-үстіне өзгерген емле ережелерін ғана емес, жалпы орфографиялық ережені жасау принциптерінің де ретке келмей жатқанын талқылаған болатын. 1938 жылы Социалистік Қазақстан газетіне жариялаған «Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар» атты мақаласында емле жасаудың морфологиялық принципін дұрыс қолданылмай жүргенін былайша түсіндіреді: «Емле қаулысының негізінде емленің принципіне, сонымен байланысты құбылмалы сөздердің жазылуына күрделі өзгерістер ендірілді. Бірақ қаулы шыққаннан бері аз күнгі тәжірибені алсақ, осы өзгерістерді не асыра ұғынып, не шала ұғынушылық бар екені байқалады. Сөздердің жазылуы жайындағы ережені дұрыс қолданбаушылық та бар. Морфологиялық принцип бойынша сөздерді айтылуынша жазбай, тұрпатын сақтап жазамыз деп, әлдеқашан бірігіп, кірігіп кеткен сөздердің түбірін қуалаушылық бар. Бұл дұрыс емес, өйткені морфологиялық принцип сөздің түбірін іздеп тауып жазу деген сөз емес, әртүрлі айтылатын сөздерді бірыңғай жазу деген сөз, яғни жазуды бір ізге түсіру деген сөз. Олай болса, сөздің түбірін қуып жату қажет емес». (Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар) [10]. Сондай-ақ морфологиялық принциппен шешілетін емле мәселелерінің қиындықтарын қалай айқындау керектігін нақты көрсетеді: «Морфологиялық принципке сүйеніп сөздер көбіне айтылуы екі түрлі болатын сөздер. Мысалы: *saudaker* – *säudeger*, *vesşyldьq* – *vescьldьq* сияқты сөздер. Мұндай сөздердің формасын сақтап жазу керек. Олай болатын себебі мұндағы өзгешелік сөз құрау мағынасымен байланысты емес, сөздердің айтылуындағы орфографиялық заң. Ал *Belveu*, *Acudas* деген сөздерде «*tas*»-тың «*das*» болып, «*vai*»-дың «*vei*» болып өзгеруі мағынамен байланысты» (Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар) [10].

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев мағынаға байланысты жазылуы әртүрлі болып келетін кейбір емле заңдылығын түсініспеушіліктің басын ашып көрсету үшін былайша дәйектеп көрсетеді: «*Vúlai*-*vúlai* деген есімдіктерінің негізі бір болғанмен мағыналары басқа-басқа. Мәселен «*vúlai* болуының себебі *мынау*» дегендегі «*Vúlai*» үстеулік мағынаны білдіріп тұр. Ал «*Vúlai* қарай кетті» дегендегі «*vúlai*» бағытты көрсетіп есімдік болып тұр. Мұның орнына «*vúlai* қарай кетті» деп айтуға болмас еді». (Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар).

Н.Сауранбаев осы кезеңдегі орфографиялық заңның лингвистикалық тұрғыдан сауатты құрылуына елеулі үлес қосты. Орфографиялық принциптердің (фонетикалық, морфологиялық) әрқайсысына тән белгілерін, критерийлерін, заңды ережелерін де ұсынған болады. Соның ішінде кейбір келіспейтін тұстарын да айтқан еді. Мысалы: «*Kəitjр* (*qalai etjр*), *Vyitjр* (*vúlai*

etjp) сөздерін жазудың морфологиялық принципiне қайшы келетiн бiр мәселе бар, ол - қазақ тiлiнде тоғыспалы заң бар деушiлiк. Шынында тоғыспалы заң бар екенi рас, бiрақ ол заң грамматикалық заң емес, орфографиялық заң. Мысалы, Qúnaпvaeв Çiengali дегенiмiзде «в» дыбысының әсерiнен «п» дыбысы «т» дыбысына айналады да, «q» дыбысының әсерiмен «п» дыбысы «ң»-ға айналады. Мұны грамматикалық заң десек, онда осы заңға сүйенiп Qúnaтvaeв, Çiengali деп жазуымыз керек. Сондықтан жаңа программада тоғыспалы заң дегендi шығаруымыз керек». (Емле жөнiнде бiрқатар ұсыныстар).

1938 жылғы соңғы емле қаулысындағы бiрiгiп жазылатын сөздердiң нақты ережесi болмауын сынға ала отырып, оның салдарынан тiлiмiзде бiрге, бөлек берiлетiн сөздердiң әртүрлi жазылуы кең етек алғанын, бұл сауатсыздықтың денiн күшейтетiнiн атап өтедi. Ереже ұсынбас бұрын бiрге, бөлек жазылатын сөздердiң критерийлерiн анықтап алуды ұсынады: «Айта кететiн бiр мәселе қосылып жазылатын қос түбiрлi сөздер жайы. Мысалы, *vesçьldьq, veskyndjk, orьnvasar, әrtьrlyj* деген сөздер бiрыңғай сияқты. Емле жөнiндегi ережеде бұл жөнiнде айрықша ереже берiлмей, тек ескерту ғана берiлген. Солай болса да күнделiктi тәжiрибеде бұл мәселе өзiнен өзi дұрыс өрiс алып кеттi. Бiрақ көп сөздер бiрыңғай болмай әртүрлi жазылып жүр. Әзiрше қандай сөздердiң қосылып жазылып, қандай сөздердiң бөлек жазылуының ешбiр критерийi жоқ. Әркiм өз бетiмен кетушiлiк бар. Бұл әрине дұрыс емес. Ендiгi жерде бұл жағы тағы бiр iзге салынуы керек. Бiздiң бұл жөнiндегi бiр ұсынысымыз: екi сөзден құралған жер, су аттары қосылып жазылуы керек (Alatau, Itөлgen, Qantәңrj, Belvúlaq, Baiserke, Çaңaturmьs). Мұндай бiр мағына бiлдiретiн сөздердiң қосылып жазылуы немiс тiлiнде көп қолданылады» (Емле жөнiнде бiрқатар ұсыныстар).

Кирилл әлiпбиiн қайта жаппай қолдануды ұсыну Кеңес жетекшiлерiнiң сыртқы саяси жағдайдағы ұстанымдарына да байланысты едi. Бастапқыда латын әлiпбиi әлемдiк революцияларды жүзеге асыратын үлкен мүмкiндiк ретiнде қаралса, кейiн әр елдiң жалпы түрлi саяси жағдаяттарға байланысты ұстанып отырған бағытына қарай «буржуаздық» әрi «әсiреұлтшыл» сипат ала бастайды. Осыған орай 1940 жылдан бастап қазақ жазуының кирилл графикасына көшу керуенi басталды. Неше ғасырлар бойы араб графикасымен сауат ашып, одан кейiнгi ұжымдастырумен бiрге келген латын (1920-1936 жж.) жазуындағы әдебиеттер мен құжаттар кирилл жазуында сауат ашқандар үшiн мүлде жабылып қалды. Олардың қажет дегенiн ғана өкiмет құзырлы мекемелер арқылы кирилл жазуына аудартып басқан болды. 1940 жылдың соңындағы “Латын жазуындағы қазақ әлiпбиiн кирилл графикасының негiзiндегi әлiпбиге өзгерту” заң жобасы он жыл бойы жүргiзiлдi. Кирилл жазуы түгелдей халыққа сiңiмдi болып кеткеннiң өзiнде үзбей шығып тұратын республикадағы “Социалистiк Қазақстан” сынды басылымдар он шақты жылға дейiн материалдарды кирилл әлiпбиiнде де, латын әлiпбиiнде де қатар берiп отырды. (Иманқұлова Ж. Таңбалар тарихы

және әліпби ауыстырған елдер тәжірибесі. Еркін Еуразия медиа порталы // Ғылым мен білім айдары, 27.05.2013ж) [11].

1939-40 жылы қазақ жазуын орыс алфавитінің негізінде көшірумен байланысты қазақ тілінің емлесі де өзгертілді. Яғни латын алфавитіне байланысты жасалған соңғы 1938 жылғы ережеге бірсыпыра өзгерістер қосылды. Осы өзгерістердің дұрыс орфографиялық нормасын енгізу науқанына білек сыбана кіріскен ғалымдар М.Балақаев, С.Аманжолов және Н.Сауранбаевтар болды. Олардың түсінігінде, ертеректегі қатені соңғы кезде түзеу айып емес, қайта керекті іс деп танылды. Осы кезеңде дау тудырған мәселелер сөз басындағы, сөз ортасындағы *ый, ій* жөнінде болатын.

Бұл орфографиялық өзгерістерді 1947 жылы С.Аманжолов былай түсіндірген болатын: «Қазақ тілінің емлесі негізінде сөздің естілуіне қарай жасалған. Бұл - құрғақ сөз емес, принцип, жол. Сондықтан «ый» естілген жерде жазбасқа болмайды. Өйткені оның мағынамен тығыз байланысты екенін ескеру керек болды. Мысалы, *сый (подарок), си (мочиться); тый (запретить), ти (трогать, попадать); мый (мозг), ми (трясина)*. Бұл сөздер үшін ереже алмай-ақ, ескерту беріп кетсе де болар еді, бірақ болып жатқан туынды сөздерде де «ый» айқын естілетінін байқаған соң, оларды «и» мен беру қолайсыз болды. Мысалы, оқы(й), тасы(й), қабы(й), сылы(й), жылы(й), т.б. Ереже шығару үшін бұлар да аздық етер деп едік, сөз ішінде «ый»-лардың естілуін көрмеске, есептеспеске болмады. Мысалы, қыйын, сыйын, қыйсын, қыйқым, сыйқым, сыйық, тыйын. Кейбір тіл мамандарының ойынша, жоғарыдағыдай «ый» естілген жердің бәріне «и» жазсақ болмай ма, иман, Иса, иық сияқты сөздерде «ы»-сыз-ақ жазамыз ғой дейді. Мұны айтушы жолдастар, біріншіден, мағына мен форманы шатастырған. Екіншіден, мұнымен байланысты сөздегі «и» әрпінің жуан я жіңішкелігі онан кейінгі әріпке қарай ажыратылады деген ереже шығаруымызға тура келеді. Бұл баяғы дәйекшені елестетеді. Сөз басындағы «и» ешбір сөз қалпына, формасына, мағынасына нұқсан келтірмейтіндіктен алынған, ал соған қарап сөз ортасындағы, аяғындағы «ы»-ларды «и»-мен берейік деу – емле ережесін қиындату, қазақ сөзінің табиғатын, жаратылысын білмеу, я біле тұрса да ескермеу болып табылады». (1947 жыл С.Аманжолов. Емле ережесі мал емес отбасы мұрағатынан. ана тілі 18 шілде, 2002 жыл) [12].

Демек ғалым бұрынғы орфографиялық норманы түбегейлі өзгертпей, кейбір сөз ортасындағы *ый*-дың мағына білдіруші фонемалық қызметін жоймай жазуды алға тартады.

Ал Н.Сауранбаев 1950 жылы орфографиялық емле өзгерістерінің барлығына жеке пікірін білдіре отырып, олар жай өзгертулер емес, өмірден туған жаңалықтар, заңды жөндеулер деп таниды. Ғалым: «Қосақты «ы» мен «и» орнына бір ғана жалаң «и» қолдану оғай әрі тиімді, жинақты сияқты. Жуанына да, жіңішкесіне де «и» жазудан сөздің мағынасы бұзылмайды, қайта «ый» жазылатын сөздердің жазылуы бірыңғайланып жеңілденеді. Мәселен, *ыйық, қый, сыйыр* сияқты сөздерді шұбаландатпай *иық, қи, сиыр*,

қия деп анық, ықшамдап жазуға болмай ма? Бір дыбысты қос әріппен таңбалау дұрыс емес дей отырып, өзіміздің оған баруымыз бірізділік болмайды»,- деген өзіндік пікірін білдіреді. Байқап қарасақ, Н.Сауранбаев модель бірізділігін, ықшамдау принципін ұстанған. Ал С.Аманжолов ұлттық тілге тән айтылым нормасын сақтау, омонимдерді көбейтпей, екі түрлі ұғымды бір сөзбен емес, фонема арқылы ажыратып, екі сөз ретінде жазу (мый - ми) қағидасын ұстанады. Тілдің жазуда ышамдалуы үшін, орфографиялық ережелердің бірізділігі сақталуы үшін Н.Сауранбаевтың ұстанымы тиімді, ал ұлттық тілдің шынайы құндылығын, айтылым нақышын бұзбай сақтау үшін С.Аманжоловтың принципі ұтымды.

Дегенмен, осы лектегі тіл зерттеуші мамандардың осындай тартысты зерттеулерінің негізінде қазақ тілінің дұрыс жазылу нормасы лайықты қалпына келді. Мағынасы ажыратылуға тиісті сый, тый сөздері мен сол сөздерден басталатын сөз тіркестері ый формасын сақтап жазылатын болды. Бірақ С.Аманжолов ұсынған мый (бастағы мый) мен ми (ми батпақ) ұғымдарын ажыратып көрсету үшін ый формасын жазу негізге алынбай, екі ұғым да жіңішке и дыбысымен жазылу заңдылығына еніп кетті.

Ал Сауранбаевтың замандасы, алғашқы орфографиялық сөздік құрастырушылардың бірі М.Балақаев өз пікірін былайша білдіреді: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бірізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес». (М.Балақаев «Орфографияның бірер ережелері туралы». Қазақстан мұғалімі. 1953 6-наурыз.) [13].

Жалпы Н.Сауранбаев латын әрпінен кирилл графикасына көшу тұсындағы емле ережелерін тұрақтандыруда көп еңбек сіңірді. Қазақтың төл дыбыстарының жазылу принциптерін жеке-жеке атап көрсеткен тұстары да болды. Ондағы кейбір өзекті мәселелердің шешу жолдарын мақалаларында нақты көрсетіп отырды. 1950 жылы Қаз ССР Ғылым Академиясының хабаршы журналына жарияланған «О путях рационализации и унификации современного казахского алфавита» мақаласында қазақ тіліне тән 9 әріптің (Ә, Ө, У, Ү, І, Қ, Ғ, Ң, Һ) дыбысталу ерекшеліктерін сақтай отырып, орыс тіліндегі кейбір сәйкес әріптермен таңбалауға әбден болатынын мысалдармен дәлелдейді. Бұл жерде ғалым кеңестік билікте қамшы ойнатқан тіл саясатына бағынуға мәжбүрлікті сезінгендіктен, қазақ тілінің әліпбиін кеңес отанындағы туыстас ұлттардың ұлттық мәдениеттерімен қатар тілін де жақындастыру мақсатына жетудің бір жолы деп түсінген болады. Себебі, ғалым мақаласының кіріспесінде-ақ халықтар достығын нығайту үшін ортақ тілдік құрылымды қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді.

Тіл арқылы мәдениетті сіңіру, тіл арқылы ұлттар достастығын орнату, тіл арқылы өзге мәдениеттермен таныту теориясын ұстанған Н.Сауранбаевтың сол кезеңдегі мақаласы бүгінгі күнгі тіл біліміндегі

лингвомәдениеттану саласының міндеттерін, қажеттілігін ертеректе-ақ сезінгені байқалады. Социалистік саяси құрылыммен өмір сүрген сол заманда тілдің халықты біріктіре алатын, ұлтты тұтастыра алатын құдіретті күшін Н.Сауранбаев мақаласында былай көрсеткен болатын: «В наше время, когда «все дороги ведут к коммунизму», нет условий к обособлению национальных культур друг от друга, в том числе и национального языка. Язык как средство общения в своем дальнейшем развитии в период постепенного перехода от социализма к коммунизму должен и будет отражать стремление народов к культурному сближению» [14].

Н.Сауранбаев әліпбидің дұрыс қалыптаспауы, дұрыс тұрақтанбауы, әріптер санының тым көп болуы орфографиялық емлені біріздендіруге кері әсерін тигізетінін негізге ала отырып, қазақ әліпбиіндегі 41 әріпті (сол кезеңде кирилл-қазақ әліпбиінде 41 әріп болған) ықшамдап, жасанды (автор қолданысында - искусственные) дыбыстарды жоюды ұсынады. Ғалымның басты позициясы жасанды қазақ әліпбиін жасаудан қашу болды. Сонымен қатар ғалымның түсінігінде әріп саны көп болған сайын транскрипция құбылысы орын алады деп, қазақ жазуының транскрипцияға салынбауына жол бермеуді негізге алды.

Қазақ әліпбиінің заман талабына сай жасалуын, қоғамдық өмірге бейімді болуын, сондай-ақ он бес одақтас республика халықтарымен ортақ тілдесе алатын мүмкіндікте болуын тілеген Н.Сауранбаев қазақтың төл дыбыстарын орыс әліпбиіне ұқсату үшін *ө –ні ё-мен, ә-ні я-мен, ү-ні ю-мен* жазуды ұсынған болатын. Бұл жердегі ғалымның басты мақсаты болашақта кеңестік одақтың ортақ бір ғана алфавиті және ол кирилл графикасына негізделетін болғандықтан, тіл құрылымын да, емле ережелерін де жаңа әліпбиге бейімдеу жолдарын тиімді шешу болатын. Дегенмен, Н. Сауранбаевтың бұл ұсыныстары қабылданбады, бірақ ғалымның у дыбысына қатысты тың зерттеуі кейін дұрыс емле жасауға негіз болды. Мысалы, «У дыбысы *У* және *У* дыбыстарымен ұқсас. Бірақ нағыз *У*, яғни ашық еріндік дауысты дыбыс тек сөз соңында ғана көрінеді: *ту, су, қу*» [О путях рационализации и унификации современного казахского алфавита. Вестник НИ Каз ССР. 1950 №1]

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев қазақ әліпбиін өзге туыстас халықтардың әліпбиімен бірегейлендіру мақсатында *ә, ө, ү* жіңішке дауысты дыбыстарымен келген сөздерді *а, о, у* әріптерімен белгілеп, олардың жіңішкелік айтылу арқылы мағынасын таныту үшін барлық позицияда кездесе беретін *і* әрпін қосақтау арқылы таңбалап көрсетуге болатынын мысалмен дәйектейді. Сонда *ә, ө, ү* әріптері жойылып, әліпби саны ықшамдалады, яғни үш әріптің қызметін бір «*і*» әрпі атқара алады деген пікірін білдіреді. Ғалымның бұл пікірі де жүзеге аспады. Дегенмен, осындай пікірлерден кейін емленің теориялық негізін жасауға қажетті сілтемелер алынды. Мысалы, *і* мен *ы* дыбысының барлық позицияда еркін жұмсалатыны анықталды. Үндестік (сингармонизм) заңдылығының бастамасы ашылды,

яғни жуан буындарға жуан, жіңішке буындарға жіңішке қосымша жалғанады деген анықтаманың қалыптасуына Н.Сауранбаевтың осындай тәжірибелік зерттеулері негіз болды. Себебі, Сауранбаевша *әсерді асер* деп жазу, *өшірді ошір* деп жазу қазақ тілі заңдылығына сәйкес келмейтіні теориялық негізде айқындалды.

Бүгінгі күні қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу мәселесі қазіргі қазақ әліпбиін ықшамдау, емлесін біріздендіру сияқты Н. Сауранбаев заманындағы күрделі мәселелер төңірегінде тілші-ғалымдардың жиі басын қосып отыр. Н.Сауранбаев секілді қазақ әліпбиін латын графикасына бейімдеу тәсілдері айтылып жатыр. Тіпті Н.Сауранбаевтың әліпби санын ықшамдау, әріпті көбейтпеу сияқты ұстанымдары қолға алынып, ғалымның тұжырымдары негізге алынуда. Соның ішінде Н.Сауранбаевтың: «*h* дыбысы қазақтың төл дыбысы емес, ол араб-парсы тілінен енген сөздерде ғана кездеседі. Оларды *a* немесе *x* әрпімен таңбалап көрсетсе де, сөз мағынасы өзгермейді. Мысалы, *Жаһан – жаан, қаһарман – қаарман, уһ –ух, аһ - ах*», - деген пікірі өз заманында еленбесе, қазіргі күні әріпті ықшамдау позициясы мақсатында жүзеге асуы мүмкін.

Тарихтан белгілі Ұлы Отан соғысынан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіріп, одан әрі өркендету жылдары басталды. Осы кезеңде Н.Сауранбаев социалистік ұлт тілдерінің түбінде кеңестік идеологияға бағынбай тұрмайтынын сезінген болатын. Сондықтан коммунистік қоғам орнату жолындағы басты қару – тіл мен мәдениеттің ортақтығын табуға назар аударып, оның дамуына белсене ат салысты. Н.Сауранбаев «Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері» атты мақаласында қазақ әдеби тілінің әліпбиі мен емлесін жақсартуға қатысты бірсыпыра пікірлерге талдау жасай отырып, өзінің тұжырымын былайша білдіреді: «Тіл туралы кейбір мәселелердің көтерілуінің себебі неде? Бізше, оның екі түрлі негізгі себебі бар. Біріншіден, халқымыздың рухани қабілеті, саяси санасы, тілегі артқандықтан, оның мәдениетімізге, соның бір саласы – тіл ғылымына жаңа талап қоюынан; екіншіден, әдеби тіліміздің кейбір мәселелерін сол жаңа тілекке сай етіп жақсартудың қажет болып отырғанынан».[Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март] [15]. Бүгінгі күнмен салыстырсақ, осы саяси ықпалмен әбден орыстанып кеткен қазақ халқын, қазақ сөйленісі мен жазуын қазақи қалпына келтірудің сан түрлі жолдарын іздеп, іске асырып жатқан таңда, Н.Сауранбаевтың тұжырымды пікіріне сүйеніп яғни өткен тәжірибеге назар аударып, ғалым айтпақшы, халықтың рухани қабілетін, саяси санасын дайындау, тілегін арттырудан бастау қажет еді.

Н.Сауранбаев тілдің өзгере бермей, тұрақты қызмет етуі үшін, әдеби нормасын ұзақ уақыт сақтап тұра алуы үшін әліпби, емлемен қоса, терминология мен грамматика заңдылықтарының да сапалы болуына тікелей байланысты екенін айтып өткен болатын. «Алфавит, орфография, терминология мен грамматика әдеби тілдің тұрақты белгілері болып

саналады. Әдеби тілдің нормасы осылардың бірыңғайлығынан жасалады. Алфавиті, орфографиясы, терминологиясы мен грамматикасы, пунктуациясы мен стилистикасы бірыңғайланып қалыптаспаған әдеби тілдің бірыңғай нормасы бар деп айтуға болмайды. Қазақтың қазіргі әдеби тіліне, осы тұрғыдан қарасақ, оның бірыңғай нормасы бар, социалистік ұлттың қалыптасқан әдеби тілі екендігіне көз жетеді», - деген пікіріне келсек, [Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март]. Расында да солай болды. Латын әліпбиінен кирилл графикасына көшу тұсында Н.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, С.Аманжолов сияқты жас ғалымдар, алаштың зиялы тіл жанашырлары А.Байтұрсынұлының, Т.Шонанұлының, Қ.Кемеңгерұлының, Қ.Жұбановтың ортақ ұстанымын – қазақтың ұлттық тілінің төл болмысын сақтап қалу мүддесін негізге ала отырып, сол кездегі қоғам талабына сай дұрыс икемдей білді. Нәтижесінде орыс графикасына негізделген қазақ орфографиясы да, әліпбиі де бүгінгі күнге дейін ұзақ ғұмыр кешіп келеді. Мысалы, 1941 жылы орыс графикасына көшуіне байланысты қабылданған емле ережелеріне сәйкес түзілген орфографиялық сөздік 1963 жылға дейін қызмет етті. Ал 1963 жылы ол сөздік тек толықтырылып, 1983 жылға дейін өзгермей, қолданыста болды. Н. Сауранбаевтың ғылыми тұжырымын қорытындылайтын болсақ, бұзылмай, өзгермей сақталатын, қолданысқа икемді әдеби тілді жасау үшін тіл ережелері мен нормалары өзара бірізді, тиянақты байланысқан күйде болуы тиіс. Осы күні қазақтың айтылымы мен жазылым болмысын дәл нақышына келтіреміз деп, бірқатар журналистер орфоэпиялық, орфографиялық нормаларға бағынбай жүр. Ал айтылым мен жазылым заңдылықтары халықтың айту және жазу еркіне сүйенбейді. Олар лексикологиялық, фонетикалық, грамматикалық ережелердің ортақ тоғысу бағытына сәйкес қалыптасады. Керісінше, халық тілдік бірізділікті сақтап қалыптасқан орфографиялық және орфоэпиялық ережелерді басшылыққа алып жазу керек, сөйлеу керек. Н.Сауранбаев кезеңіндегі, социалистік идеологияның күші, яғни қоғам талабына, қоғам заңына бағыну, оны орындау қазіргі күнге демократиялы қоғамға қарағанда әлдеқайда мықты болуы тіл ғылымының тұрақты қалыптасып, одан әрі дамуына көп игі әсерін бергенін байқаймыз. Сол кездегі тілдегі саясаттың қаттылығын Н.Сауранбаевтың мақаласынан да байқауға болады. «Әдеби тіліміздің жазуы (алфавиті) жеңіл, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне, оның заңдылықтарына лайықты. Ол қазақ тілінің ежелгі өзгешеліктерінен де, кейінгі дәуірлерде тапқан жаңалықтарын да көрсетуге жеткілікті. Мысалы, Х ғасырдан бастап ХХ ғасырдың 29-жылына дейін қазақ арасында қолданылған араб жазуы қазақ тілінің ел, бек, ер, кісі сияқты байырғы сөздерінің қай түрде қалай айтылғанын, қалай өзгергенін көрсете алмады. Сондықтан қазақ тілінің дыбыс жүйесі, дыбыс заңдары қай дәуірде қалай өзгеру тарихын білу өте қиыншылыққа соқты. Шынында да, тіпті, Х-ХV ғасырда жоғары сөздердің әл мен, ил ме, я ел ме – қайсысы екенін арабша жазудан ажырату қиын еді.

Совет тұсында ықшамдалған, жөнделген түрінде де араб жазуы қазақ тіліне енген жаңалықтарды жасырып, көмескіледі. Мәселен, қазір институт деп айтылып, солай жазылатын сөзді арабша өнстет, я іністет деп жазушылық бар еді» [Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март].

Бұл мақаласында Н.Сауранбаев өзіне дейінгі қазақ тіл ғылымының одан әрі даму қарқыны тіл заңдылықтарын тұрақты қалыптастыруға бағытталғанын көрсетеді.

Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақтың ұлттық тіл ғылымының негізін қалаған зиялы алашшылдардан кейінгі екінші буын өкілдері (Н.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, С.Аманжолов) қазіргі қазақ тіл білімін тұрақты дамыта отырып, А.Байтұрсынұлылар қалдырған ғылыми қорды тұтас сақтап қалуға тырысты. Араб, латын жазуы кезіндегі тіл заңдылықтарын орыс графикасы жазуына лайықтап қалыптандырды. Латыннан орыс графикасына көшкеннен кейін пайда болған әліпбидің артықшылықтарын Н.Сауранбаев былайша түсіндіреді: «Қазіргі алфавитімізге осы тарихи тұрғыдан қарасақ, оның тіліміздің қазіргі шын қалпын айнытпай көрсете алатыны айқын. Мұның бұлай болатын себебі – алфавит дұрыс жүйемен тізілген. Біріншіден, қазақ тіліндегі ескілі – жаңалы жеке фонемалар дербес әріптермен таңбаланатын, екіншіден, әріптерді жасау-жасқау өте аз, үшіншіден, әріптердің тұлғасы өзінің орысша қалпынан алыстап кетпеген. Тіпті, қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды таңбалау үшін алынған қосымша *ә, ө, қ, ғ, ң, ұ, ү* әріптері өзінің негізгі түрінен қашық емес. Тек орысша түрінен бір ғана айырмашылық «*i*» әрпінде. Бұл алфавиттің сиқын бұзып тұрған жоқ, ол ұлт тілінің өзіне тән ерекшелігін көрсетеді. Ал қазіргі алфавитімізді екінші тұрғыдан, басқа тілдердің алфавитімен салыстырсақ, оның тағы артықшылығы байқалады. Мысалы, қазақ тіліндегі *қ, ғ, ң, ә* сияқты ерекше дыбыстарды кейбір көршілес халықтар не мүлдем таңбаламайды (мәселен, қырғыздар, татарлар), не олардың әрқайсысын қос әріппен таңбалайды, мәселен, *кь – қ, зь – ғ, нь – ң* деген сияқты. Қазақ алфавитімен жинақты, бірыңғай жазылатын, жеңіл оқылатын қызыл, таң сияқты ортақ сөздер оларда *кзыл, танг* деп жазылады. Сөйтіп қазіргі қазақ алфавиті барлық жағынан қолайлы, толық, орамды алфавит деп есептеледі». [Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март].

Сол әліпби құрамының саны мен сапасы туралы кереғар пікірлер айтылып, санын ықшамдауды талап еткендер, экономия жағынан тиімсіз болады деген пікірлер жиі айтылды. Осы даудың басын ашып түсіндіру мақсатында Н.Сауранбаев арнайы мақала жазады. Әліпбидегі орыс, қазақ дыбыстарының не себепті түгел алынғанын түсіндіріп береді: «Қазақ алфавитінде халықаралық, интернационалдық сөздерді бірыңғай таңбалаумен байланысты, орыс алфавитіндегі әріптердің түгел алынуы, сол сияқты қазақ тілінің өзіне тән ерекше дыбыстардың толық таңбалануы

әріптеріміздің санын көбейтіңкіреп отыр. Бірақ, бұл көбею өте орынды. Оның тарихи астары қалың. Баспа техникасына, оның кейбір аздаған артқы шығынына бола әріптерді қысқартамыз десек, онда біз кейбір сөздерді орынсыз бұзып жазуға дейін барған болар едік. Сол сияқты әріптің санын қысқартамыз деп қазақ тілінің өзіне тән ерекше дыбыстарын таңбаламау тіпті тағы да мүмкін болмайды» [Н.Т.Сауранбаев Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алма-Ата, 1982. 38 бет] [16].

Орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиіне алғашқы кездері көңілі толмағандар баспагерлер болатын. Олар *Ұ* дыбысын бегілейтін *Ў* таңбасының басындағы сызықшаның басылмай кететін қиындықтарынан, тағы да басқа осындай қосымша сызықша таңбалардан қашу жолын іздеді.

Бұндай мәселелер ескерілді. Тілші-ғалымдар ақылдаса отырып, әліпбидегі жазуға қиындық келтіретін мәселелерді жинақтап, талқыға салды. Халықтың пікіріне құлақ түре отырып, әрі тіл ғылымының заңдылықтарынан шықпай шешімін таба білді. Бұндай шешімді тұжырымдар Н.Сауранбаевтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. «Қазақ алфавитіне күнделік өмір тілегінің тұрғысынан қарайық. Бұл жағынан қарағанда, алфавиттің тізбегінде жөнделетін бір-екі шағын нәрсе бар. Одан жазуымыз өзгермейді, жөнделеді. Ол *У* дыбысының таңбасы мен алфавиттегі әріптердің рет тәртібі жөнінде болып отыр. Тәжірибе нені көрсетті? Тәжірибеде *У* әрпінің үстіне көлденең қойылатын сызықша (-) баспада түсіп қала беретіндігі айқын болды. Оның түсіп қалуынан сөздің мағынасы бұрмаланды. Мәселен, *ұлы, ұшы, сұлы, бұра* сияқты сөздерде үстіңгі қосымша сызық түсіп қалудан ол сөздер теріс, қате мағына беріп келді. Қосымша көлденең сызық *У* әрпінің тұлғасына тиісіп қабыспайды, бөлек теріледі. *И* әрпінің үстіндегі қосымшаның, сол сияқты *ң, ғ* әріптеріндегі көлденең сызықтың түспейтін себебі, олар әріптің негізгі тұлғасына жапсырылған, негізгі әріптің ортасына батырыла орнатылған. Сондықтан бұлар бекем, түспейді. Көпшіліктің пікірі бойынша *Ұ* дыбысы көлденең сызықшаны «*у*» әрпінің беліне көлденең тартып орналастырып белгілеуге тоқталды. Ал қосымшасыз *у* әрпі орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі еріндік толық «*у*» дыбысының таңбасы болып қала береді» [Н.Т.Сауранбаев Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алма-Ата, 1982. 39 бет].

Н.Сауранбаевтың бір артықшылығы тіл ғылымында болып жатқан өзгерістермен халық танысуы тиіс деген мақсатпен дер кезінде басылымдарға жариялап отырған. Сондықтан болса керек, сол кезеңде әліпби мен емле ережелеріне халықты үйрету аса қиындық тудырған емес.

Н.Сауранбаев қабылданған әліпбидің реттік түзілуіне өзіндік пікірін білдірген болатын. Ғалымның тұжырымынша: «Білім көзі әліпбиден басталатын болғандықтан, оның балалардың танып білуіне ыңғайлы етіп құрылуы тиіс» [16]. Яғни Н.Сауранбаев үндестігі ұқсас әріптердің қатар қойылуы қажеттігін айта отырып, қазақ әліпбиінің түзілу ретін жүйелеген алғашқы ғалым ретінде танылды. Ғалымның осы мәселеге қатысты ұсынған

тұжырымдарын сол қалпында танытуды жөн көріп отырмыз. «Қазіргі қазақ алфавитіндегі әріптердің рет тәртібі дұрыс емес. Әріптер әуелі орысша тәртіппен келеді де, қазақ тілінің ерекше дыбыстарының таңбалары оларға ретсіз тіркеле салынған. Мұның ғылым жағынан да, тәжірибе жағынан да дұрыс еместігі жұртқа мәлім. Әсіресе, балаларға әліппені үйреткенде, әліппе тәртібімен сөздік жасағанда бұл тәртіп үлкен қиыншылыққа ұрындырды. Қосымша таңбалары бар орыс алфавитіндегі негізгі әріптерге ұқсастығына қарай қатарлас, көршілес орналасуы тиіс. Мәселен, *Аа, Әә, ... Гг, Ғғ, ... Кк, Ққ, ... Нн, Ңң, ... Оо, Өө, ... Ыы, Іі* сияқты болып, осындай тәртіппен түзілуі қажет. Совет Одағында орыс алфавитіне көшкен елдің барлығы да осылай еткен. Бұл әбден жүйелі, бірыңғай тәртіп. Сондықтан қазақ алфавитіндегі әріптердің тәртібі де осы көпке бірде-бір дағдылы болған тәртіпте болуы жөн» [Н.Т.Сауранбаев Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алма-Ата, 1982. 39 бет].

Н.Сауранбаев осы әліпби негізінде жасалған орфографиялық ережелерді дағдыға айналдырып, тұрақтандыруға кері әсерін тигізетін кейбір сөйленіс ерекшеліктерін айтып өтіп, жұртшылықты әдеби тіл нормасымен сөйлеуге шақырады. Мақаласында осы жайттарды кеңінен атап көрсетеді: «Орфографияның тұрақты ережелерін тұрақсыздау етіп жүрген бір жағдай – сөздердің әдеби тілдегі қалыптасқан түрін, солардың сөйлеу тілінде қарапайым түрімен шатастыру. Мәселен, кейбір жолдастар *дейін, жүз, және, әбден, тайпы, төрт, теңіз, диірмен* сияқты әдеби тілде қалыптасқан сөздерді – *шейін, шекейін, дүз, жаңа, әптен, тәйә, дөрт, деңіз, дермен* деп жазады. Мұндайда әрбір азамат сол сөздің өз ауылындағы айтылуын дұрыс дейді. Егер де барлық жердікі өзінше дұрыс болса, бірыңғай әдеби тіл түрі жасалмаған болар еді. Бізше, мұндай айтылуы құбылмалы сөздің қайсысы газетте, журналда, тарихи документтерде, ғылыми саяси шығармаларда көп қолданылса, қалыптасса сол заңды, әдеби түрі болып есептелуі керек. Оның үшін әрине күнделік әдебиетті оқып отыру керек. Ол қиын болса қазақ тілінің емле сөздігіне қарау керек» [Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март].

Орфографиялық ережелердің тұрақталуына, сондай-ақ өзгеріссіз қызмет етуіне кедергі болатын жайттарды Н.Сауранбаев аңғара білді. Кісі аттары мен фамилияларын жазуда бұрынғы дағдыны қайта жөндеу қиындық келтіретінін байқата отырып, өз ұсыныстарын ортаға салған еді: «Емле ережелерінің дыбыс жүйелі, тұрақты принципін солқылдататын тағы бір жағдай бар. Ол – адам аттарының, фамилияларының жазылуында кездеседі. Қазақ тілінің емле ережесі бойынша жалпы есімдер сияқты жалқы есімдер де бастапқы тұлғасы сақталып жазылуы керек. Бірақ көптеген адамдардың фамилиялары мен аттары 1940 жылға дейінгі ескі емленің дыбыс жүйелі принципі бойынша барлық документтерінде естілуінше, айтылуынша жазылып кеткен. Мәселен: *Қожсаахмет, Әлқожа, Есенкелді, Құлаахмет* сияқты біріккен жалқы есімдер *Қожсахмет, Әлқожа, Есенгелді, Құлахмет*

болып жазылған. Осыған қарап біреулер туыс жүйелі принцип бұзылады дейді. Бізше, бұл былай болу керек. Адам мен фамилиялары ереже заңы бойынша бұдан былай туыс жүйелі принцип бойынша бастапқы тұлғалары сақталып жазылуы керек. Мұны әрбір жеке азаматтар, азаматтық жайды тіркеу бөлімдері, паспорт орны, түрлі ұйымдар, есеп-санақ бөлімдері мықтап есіне сақтауы керек. Ал деформацияланған сөздердің түп тегі қуылмай-ақ сол қалпында *ашудас, желбау, белбеу, жанбас, жамбас, Ащысай, Балхаи қамыт, доға, балғурай* осы қалпында жазылғаны дұрыс. Бірақ мұндай сөздерге арнап орфографияда ереже берілмей, олар емле сөздігінде көрсетілуі тиіс» [Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март].

Н.Сауранбаев сол кездегі қателікке бой алдыратын, жазылуы қиындық келтіретін сөздерді теріп, олардың емлелік ережелерін көрсету арқылы дұрыс жазылу нормасын түсіндіріп отырған. Ондай қате сөздер қатарын негізінен орыс тілі арқылы енген сөздер толықтыратын. Орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдер мен интернационал сөздерге қосымша жалғау мәселесі (жуан немесе жіңішке жалғау) шешімін таппай дау тудырғаны да белгілі. Н.Сауранбаев өз мақаласында бұл мәселенің басын былай ашып берген болатын: «Кейінгі 10 жыл ішінде ана тілінің, оның әдеби түрінің даму процесіне байланысты бірнеше жаңа құбылыстар пайда болды. Олар туралы қазіргі орфографияда арнаулы ереже жоқ. Мәселен, халықаралық терминдерге, шет тілдерден кірген сөздерге қазақша қосымшаларды жалғау тәсілі, қысқарған сөздерге жалғанатын қосымшалардың, тырнақшаға алынатын сөздердің қосымшалары туралы. Қазір полк, педагог, парк, гудок сияқты сөздерге қосымшалар жуан да, жіңішке де болып жалғанып жүр. Бұл – әрине теріс нәрсе. Бұл, бізше, былай нормалану керек. Термин сөздерге қазақша жалғау, жұрнақтар соңғы дауыссыз дыбыстың жуан, жіңішкелігіне қарай емес, соңғы буынның жуан, жіңішкелігіне қарай жалғану керек. Мысалы: *педадьге емес, педальға, дизельға емес дизельге*. Қазақ тілінің негізгі заңында қосымшалар сөздің соңғы буынына қарай жалғанады. Олай болса, термин сөздерге қосылатын қосымшаларды да осы негізгі заңға бағындыруымыз керек. Бірақ қазақ тілінде *к,г* барлық дауыссыздардың ішінде тек жіңішке (*к,г* –лардың тек жуандығы сияқты); яғни қазақ тілінің дыбысталу артикуляциясында *к,г* келген сөздер жіңішке болмайды. Сондықтан соны *к,г*-лерге біткен терминдерге қазақша қосымша (зорламаса) жуан жалғанбайды. Мәселен, *паркқа, педагоғқа емес – паркке, педагокке* болады. Осыған байланысты аяғы *к, г*-лерге біткен терминдерге қазақша қосымшалар жіңішке түрінде жалғануы керек. Мәселен, *полк-ке, геолог-тің* сияқты соңындағы қатаң *к* дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, қазақ тіліндегі заң бойынша ұяң *г*-ге айналады. Мысалы, *гудок-гудогіне, механик – механигін* сияқты».

Біріншіден, бүгінгі күнге дейін өзгерместен келе жатқан Н.Сауранбаевтың ұсынған осы ережесі тілдің барлық салаларындағы қолданыс позицияларын ескергендіктен ұзақ жасап тұр.

Екіншіден, тілімізге жаппай орыс кірме сөздер ену уақыты туғанда ғалым дер кезінде осындай ережені ұсынғаны сауатты жазуға тез бейімдеуге зор ықпалын жасады. Бұл әрине, Н.Сауранбаевтың қазақ тілінің орфографиясының дамуына қосқан елеулі еңбегі деп бағаланады.

Үшіншіден, орфография ісінде қалыптану заңдылығы болатынын және оның кірме сөздерді төл сөзіне бейімдеуде пайдалы іс екенін аңғара отырып, Кеңес үкіметі орнағанға дейін морфологиялық формасы төл тілімізге қалыптанған кірме сөздер мен формасы өзгермей кірген кірме сөздердің аражігін ажыратып, ғалымдар арасындағы «неге бұлай жазбаймыз, тілімізде үлгісі бар ғой» деген дау-таласты тоқтатуға дәйекті дәлелмен түсіндіріп берген болатын. Мысалы, *газета – газет, хомут – қамыт, дуга – доға, ящик – жәшік, ботинка – бәтеңке* сөздері Кеңес үкіметіне дейін ана тілімізде ұзақ жылдар бойы қолданыста жүріп, сіңісіп кеткендіктен айтылуы бойынша жазылуға негіз болған. Ал енді «солай жазылды ғой» деп ендігі кезде енген орыс сөздерін тілімізге бейімдеп жаза беруге болмайтынын, тілге бейімделу үшін ұзақ уақыт қажет екенін айтып өткен болатын.

Н.Сауранбаев кірме сөздердің түбірін өзгертіп қазақыландырып жазуды қолайламады. Себебі, өзге дамыған елдерде кірме сөздер сол қалпында жазылып, оған қосымша жалғауда ғана өз емле ережелеріне бейімдейтін принципті дұрыс деп санады. Сондықтан сол кездегі сауатты жазу ісіндегі кемшіліктердің негізгі себебін орфографиялық заңға бейімдемеу немесе заңға бағынбау деп түсінді. Осы тұрғыда мынадай тұжырым жасаған болатын: «Осы күнге дейін емледе болған кемшіліктер мен тиянақсыздықтар енді жойылуы тиіс. Ол үшін формалық өзгешеліктері бар бірліктегі сөздердің емлесі туралы көп түсініктер керек. Мұндай сөздердің жазылуын бір ізге салып, жаңа емле заңына бағындыру керек. Сөйтіп халықтың сөздерді біркелкі жазып, біркелкі оқып, біркелкі ұғынуына мүмкіншілік тудыру керек.» [Орыс тілінен енген сөздердің орфографиясы // Социалистік Қазақстан 1953 сәуір] [17].

Негізінен Н.Сауранбаев орыс тілінен енген кірме сөздерді белсенді қолдануға қарсы болған емес. Ғалым пайымдауынша, кірме сөздер әдеби тілді, сөз құрамын одан әрі байыта түседі. Бұл пікірін мына сөздері дәйектей түседі: «Орыс халқының әдебиеті мәдениет, шаруашылық жағынан тигізген әсері арқасында әсіресе социализм дәуірінде қазақ халқы мен орыс халқының достық қатынасының күшейіп нығаюы арқасында қазақ әдебиет тіліне орыс тілінен көп сөздер енді. Бұл сөздер өнер білімнің, техниканың, искусствоның, шаруашылықтың, жалпы мәдениеттің барлық тарауларында қолданылатын сөздер. Мысалы, *институт, колхоз, театр, шахта, депутат, конференция, сессия, локомотив, медицина*, т.б. Бұлар қазақ тілінің бұрынғы сөздік қорымен араласып, қазақтың қазіргі әдебиет тілін байытты».

Н.Сауранбаев кірме сөздердің жазылуындағы ала-құлалықтың басты себептерін түсіндіру үшін, қазақ тіліндегі орыс тілінен енген кірме сөздерді екі топқа жіктейді: бірі – революцияға дейін енген сөздер, яғни формасы қазақ тілінің айтылу заңдылығына икемделген кірмелер, екіншісі – революциядан кейінгі формасын өзгертпеген шеттілдік сөздер. Алдыңғы топтағы кірме сөздердің төл тілімізге әбден сіңісіп кетуінен айтылуы бойынша жазылған, сондықтан ондай қалыптанған сөздердің түбірін іздестіріп, өзгертпей-ақ сол күйінде қалдырып, екінші топтағы шеттілдік сөздерді еш өзгертпестен жазуды ұсынған болатын. Ғалымның ғылыми тұжырымында былай делінген: «Қазақ тілді орыс сөздері октябрь революциясынан бұрын да енген. Мысалы: *край, облыс, декрет, сорт, пай, өкірік, расход, сот, мастер, штраф, нөмір* сияқты. Бұл сөздер бір ғасыр бойы қазақ тілінде қолданылып, белгілі формада қалыптанды.

Орыс сөздерінің көпшілігі революциядан кейін енді. Мысалы, *революция, вагон, институт, совет, бригадир, корреспондент, план, бюро, председатель, депутат, коммуна, машинист, комиссариат, телефон, телеграф*, т.б. Мұндай сөздер тұлғасын онша өзгерте қойған жоқ. Бұлардың әдебиет (жазу) тілімізде сөйлеу тілімізде де орысша формасы сақталып келеді.

Сөйтіп жазу тәжірибемізде революциядан бұрын енген орыс сөздерінің формасы өзгеріп, революциядан кейін енгендерінің формасы сақталғанын байқаймыз. Бұлай болуының да мынадай себебі бар. Бұрын патша заманында қазақтың жазба тілінің кең өріс алмағандығынан орыс тілінен енген сөздер байырғы сөздер формасына түсіп, өзгеріп қалыптанды. Ал енді революциядан кейін енген орыс сөздерінің формасы көбінесе сақталған себебі - орыс халқы мен қазақ халқының достық қатынасының нығаюы, қазақ халқының саяси-мәдени, шаруашылық тұрмысында орыс тілінің қазақ тілімен бірдей қолданылатындығынан, орыс әдебиет тілі мен қазақ әдебиет тілінің бір жағдайда қатар өсуінен, қатар қолданылатындығынан.

Сөйтіп орыс тілінен енген сөздердің қазақша жазылуын бір ізге салуда осы екі дәуірдегі сөздердің формалдық өзгешелігін ескеруіміз керек, яғни қазақ тіліне бұрын еніп, формасы өзгеріп қалыптанған қарапайым сөздерді сол өзгерген формасында жазуымыз керек. Мысалы: *пәтер, шай, шайнек, газет, сот, ушаске, орыс, галош, икаф, пеш, шәшке, шемішке* сияқты.

Ал енді революциядан кейін енген сөздер орысша тұрпаты сақталып жазылуы тиіс. Бұлар көбінесе әрбір өнердің, ғылымның, техниканы түрлі саласында қолданылатын терминдер. Оларды қазақша да, орысша да бірдей жазу қиын емес. Өйткені терминдер жалпы сөйлеу тілінде көп қолданылмайды. Сондықтан барлық адамға бірдей ұшыраса бермейді. Ал орысша қазақша білетін адамға екі тілде бірдей жазу қиын емес. Мысалы *алгебра, типография, полиграфия, кафедра, лаборатория, пирамида, хирургия, социалист, редактор, комиссия* сияқты» »[17].

Ғалымның осы пікірінен кейін даулы сыни көзқарастар айтылды, қарама-қарсы тұжырымдар жасалды. Біреулері кірме сөздер қазақилану керек деді, біреулері жүйелі принципке қайшы болады, барлық шеттілдік сөздерді сол қалпында жазу керек деді. Осындай тартысты көзқарастарды ортақ ырымаға келтіріп, орфографиялық емлеге сай дұрыс заңдылықты дәйектеу үшін Н.Сауранбаев өз мақаласында мынадай ұсыныстарын жариялайды: «Меніңше бұл екеуі де шеткері, солақай пікір. Орфографияның тәжірибелік жағын ескермегендік. Орыс тілінен енген сөздерді не ылғи қазақша өзгертіп жазу, не ылғи орысша жазудың қандай қайшы жағы бар?

1. Егерде орыс тілінен енген сөздерді ылғи орысша жазатын болсақ, мынадай үлкен қиыншылыққа ұшыраймыз. Сөздерді біртүрлі айтып, екінші түрлі жазатын боламыз. Яғни сөздің айтылуы мен жазылуында жер мен көктей ажырам болады. Мысалы: *кеңеся* деп айтып *концелярия* деп жазу сияқты. Орыс тілін білмеген адам ол сөзді дұрыс жаза алмайды. Мұның үстіне әдебиет тілінің емлесі халықтың тілінен қашықтаған болады. Ағылшын жазуы мен емлесі сияқты.

Ал енді орыс тілінен енген сөздердің барлығын қазақша жазсақ мынадай қиыншылық туады. Екі тіл де бірдей бір мағынада қолданылатын сөздерді бір алфавитпен екі түрлі жазушылық туады. Мысалы орысша *колхоз, совет, касса* деп – қазақша: *қалхоз, сәбет, кәссі* деген сияқты. Әрине бұл тіпті дұрыс болмайды. Сөйтіп орыс тілінен енген сөздердің қазақша жазылу принципін былай деп анықтаймыз: қазақ тіліне бұрын еніп тұрпаты өзгерген сөздерді сол қалыптанған түрінде жазу дұрыс. Бұлар көбінесе қарапайым сөздер. Мысалы, *самаурын, шай, шайнек, пеш, анкет, қамыт, сіріңке, картошке, картоф, темекі, нөмір, қамыс, алмас, шашке, кеңсе, газет, зәретке, ушаске, облыс, өкірік*.

Қазақ тіліне кейіннен енген термин сөздердің орысша формасын сақтап жазамыз, *совет, депутат, конференция, пленум, химия, физика, архитектура, музыка* сияқты. Бұлардың жігі орфография сөздігінде көрсетіледі»[17].

Жалпы орфография саласындағы ең күрделі мәселе – қысқарған сөздердің емлесі. Қоғам дамып, өркендеген сайын, жаңа атаулар әсіресе мекеме немесе қызмет атаулары көбейіп, олар бірнеше сөздердің тіркесуімен аталып жатады. Сондықтан қысқарған сөздердің өзі мәнмәтін құрамында немесе жеке аталғанда құлаққа жағымды, тілге иірімді болу үшін сан алуан түрде қысқартылып жатады. Ал олардың түрі көбейген сайын, орфографиялық заңдылыққа сәйкестендіру де қиындыққа соғатыны сөзсіз. Орфографиядағы осы мәселе күні бүгінгі тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі ретінде өзекті болып отыр. Алғашқы қазақ тілінің орфографиялық заңдылықтарын қалыптастыру кезінде де қысқарған сөздердің жазылуы емлесін беру даулы мәселе болған еді. Сол кезде Н.Сауранбаев орыс тілінен енген қысқарған атаулардың қалай жазылатыны жөнінде өз ұсыныстарын айтқан болатын: «Жаңа сөздердің тағы бір ерекше түрі бар. Ол қысқарған

сөздер. Мысалы: МТС (машина трактор станциясы), СССР (ССРС) Советтік Социалистік Республикалар Союзы, Партком (партия комитеті) сияқты. Мұндай сөздердің барлығы орыс тілінен қысқартылып енген. Қазақ сөздері көп қысқармайтыны сияқты. Орыс тілінде сөздердің қысқаратын себебі бар, ол - мынау. Бірнеше сөздерден құралған атаулар бар. Олар өте ұзын, сөйлегенде, жазғанда барлығын шұбатып қайта-қайта айтып жату қиын-ақ. Сондықтан ондай ұзын атаулар қысқартылып қолданылады. Қысқартудың үш түрлі орныққан түрі бар:

1. Басқы әріптен қысқару. Мысалы: МТС

2. Басқы буыннан қысқару. Партком.

3. Буыннан, әріптен аралас қысқарған – ҚазПИ – (Қазақтың педагогикалық институты).

Қысқарған сөздердің қазақша қолданылуында белгілі қайшылық бар. Ол - мынау. Көпшілігі қазақ тілінде орысша қысқарған түрде қолданылады. Бірақ қазақша аталуына ол тура келмейді. Сондықтан оның мағынасын халық толық ұғынбайтын болады. Мысалы: НКВД дейміз бұл қазақшасына тура келмейді. Қазақшасы – Ішкі Істер Халық Комиссариаты (ІХК).

Ал енді қысқарған сөздердің кейбіреулерінің орысшасы қазақшасына сай келеді. Мысалы: КазССР - ҚазССР (Қазақстан Советтік Социалистік Республикасы).

Асылында, қысқарған сөздердің барлығын біркелкі не орысша, не қазақша қолдану дұрыс. Біздіңше, қазақша қысқартып қолданылуы керек. Алғаш құлаққа дөрекілеу болған, бара-бара үйреншікті болып кетеді. Қысқарған сөздердің орыс тілінде де айтылуы жағынан да ұғынылуы жағынан да ыңғайсыздары бар. Мысалы, Америка құрама штаты дегенді кейінгі уақытта АҚШ деп қолдана бастадық. Бірақ бұдан қиыншылық келіп жатқан жоқ. Қазақша қысқарған сөзді қазақша толықтай айтып, оның шын мағынасын түсіну оңай болады»[17].

Расында да қазақ тілінде қысқарған сөздер аз, себебі қазақ тіліне қысқартып айту тән емес. Ал орыс тілінің өзіндік ерекшелігі сонда - сөзді қысқартып айтуға дыбыс үйлесімдігі бейім келеді. Орыс және қазақ тіліндегі жеке ерекшеліктердің бірі ретінде қарайтын болсақ, бұл уникалий жеке тіл білімінде де, жалпы тіл білімінде де бұрын соңды айтылған емес. Сондай-ақ бұл жерде Н.Сауранбаевтың қысқарған шеттілдік сөздерді аударып, қазақ тіліне икемдеп жазуды ұсынуы өте дұрыс деп ойлаймыз. Себебі шеттілдік сөздер сөздік құрамға, тіпті сөздік қорға еніп кетуі мүмкін. Ал қысқарған сөздер сол қалпында сөздік құрамға ене алмайды және оны мәнмәтін құрамында қысқарған түрінде емес, толық айтып баяндайтын сәттері де болады. Сондықтан тұтас кірме фразаның тілімізге ене алмайтыны айдан анық. Осы тұрғыдан алғанда Н.Сауранбаевтың тұжырымы ана тілінің қоғам ағымына қарай мәдени, әдеби болмыста таза дамуы қажет екенін дәйектей түсетін секілді.

Н.Сауранбаевтың әліпбиге қатысты пікірлері мен емле жайлы ұсыныстарын Ә.Құрышжанов арнайы зерттеген болатын. Себебі Н.Сауранбаевтың ғылымға енді кіріскен кезінде латыннан кириллицаға көшу реформасы басталды. Жас ғалымның тың ізденісіне саяси идеологияның тұсау болғаны туралы шынайы ақпараттар Ә.Құрышжановтың еңбегінде кеңінен айтылған. Сондықтан оның зерттеулерін тұтастай беруді жөн көрді: «Алфавит пен орфография мәселелеріне байланысты Н.Т.Сауранбаевтың ұстанған негізгі принциптері мынадай болды: жазу ережелерінің жатықтығы, оқушы қауымға түсініктілігі, халық сауатын тез көтеруге, қазақ әдеби тілінің даму заңдылығына бейім келуі. Алфавит жасау мен ережелерге түзуге Н.Т.Сауранбаев күнделікті өсіп келе жатқан өмір талабының тұрғысынан қарады. Сол бағытта жұмыс істеді. Қазақ алфавиті мен орфографиясының даму тарихы туралы ойларын, олардың әр кезеңге сәйкес табыстары мен кем-кетік жерлерін Н.Сауранбаев өзінің «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері» (1947,1948), «Қазақ әдеби тілінің даму тарихына» (1947) деген мақалаларында атап көрсеткен болатын. Ғылыми негізге сүйеніп түзілген, шын мәніндегі жалпы халықтық алфавит тек Октябрь революциясынан кейін ғана жасалған еді. Сондықтан оның қазақ әдеби тілінің совет дәуіріндегі даму барысымен қатар қаралғандығы заңды да. Н.Т.Сауранбаевтың бағалауы бойынша, араб алфавитінің негізінде жасалған қазақ жазуы қазақ тілінің дыбыс (фонетикалық) жүйесін айқын таныта алмады. Консонанттық принципке құрылған араб жазуында дауысты дыбыстарды таңбалау үшін үш-ақ әріп қолданылатын еді. Қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыстарды бейнелеу үшін оларды қалай өзгертіп, қалай құбылтқанмен де, ойдағыдай алфавит шықпай қойды. Оның есесіне қазақ тіліндегі кейбір дауыссыз дыбыстар бір емес, бірнеше (екі не үш) таңбамен берілетін болды. Дыбыс пен әріп өзара үйлесім таппай, сөздердің бұзылып жазылуы мен қате оқылуына әкеліп соқты, үндестік заңы сақталмай, сан қилы бұлаңға түсті. Бұрыннан бері талғамсыз қолданылып келген қазақ жазуына 1924 жылы реформа жүргізілді. Оның өзі де толассыз өсіп, қарыштай дамыған қазақ әдеби тілінің барлық талап-тілегін түгел қанағаттандыра алмады. Күн тәртібіне латын алфавитінің негізінде жасалған жаңа жазу жүйесіне көшу міндеті қойылды. Латын алфавитіндегі (1929-1940 жылдар арасында қолданылған) кейбір әріптердің қазақ тіліндегі дыбыстық мазмұны мен олардың жазылу ережелері жөнінде Н.Т.Сауранбаев бір топ мақалалар сериясын жазды. Ол серия «Қазақ тілінің емлесі туралы» деген мақаладан басталады (1938ж). «V» мен «и» әріптерінің жазылуы, «і» мен «j» әріптерінің жазылуы», «Cj», «x», «v» әріптерінің жазылуы туралы, Қысаң «ь» «j» әріптерінің жазылуы туралы, «Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар (1938ж)» деген мақалалары осыған куә. Жаңа алфавит пен жаңа жазу емлесі жөнінде болып жатқан күресте Н.Сауранбаев бел ортасында жүріп, белсене қызмет көрсетті. Бүкіл совет халықтарының алфавит жүйесін унификациялау мәселесімен байланысты, қазақ тіл мамандарының алдында орыс

графикасының негізінде жасалған жаңа алфавит жасау мақсаты тұрды. 1940 жылы бұл алфавит түзіліп, іске қосылды. Жаңа алфавитпен байланысты жасалған орфографиялық ережелерде бұған дейін орын алып келген кем-кетік, қателіктердің бәрі де еске алынды, қайта қаралды. Жазу ережелерінің нормалары бір ізге түсіп, тұрақты түрге ауысты. Бұрынғы фонетикалық принциптің орнына енді сөздер фонетикалық және морфологиялық принциптер бойынша жазылатын болып белгіленді. Орыс тілінен, болмаса орыс тілі арқылы ауысқан сөздер орыс тілінде жазылатын қалпында өзгермей берілетін болды. «Қазақ тіл білімпаздары жасап шығарған қазіргі қазақ алфавиті мен орфографиясы (дұрыс жазу нормалары), - деп жазады Н.Сауранбаев, - өткен уақыттардың іс тәжірибелерін есептей отырып, қазақ тілінің келешек даму перспективаларының мақсатына құрылған. Олар барынша жетіліп, жеңіл қолданылатын болғандықтан көпшілік бұқараның арасына кең тарап, терең сіңіп кетті». 1941 жылы жаңа жазу ережелері бойынша жасалған орфографиялық сөздікті редакциялап, Н.Сауранбаев өз ойларын осы сөздікті жасау үстінде іс жүзіне асырып отырды. Арнайы бірнеше мақалалар жазды. «Жаңа әліпе» (1941ж), «Орыс тілінен енген сөздердің орфографиясы» деген туындылары жаңа жасалған ережелердің негізгі принциптерін түсіндіріп, насихаттай түсу мақсатын көздеген. Алфавит пен орфография қағидаларын одан әрі жетілдіре беру мәселесі Н.Сауранбаевтың назарынан еш уақытта тыс қалып көрген емес. Ол осы мәселеге арнап, оқтын-оқтын пікір алысу ретінде мақалалар жазып тұрды. Ал «Әдеби тілдің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері», «Қазіргі қазақ алфавитін рационализациялау мен унификациялаудың жолдары жайлы (1950ж)» деген жазбалары қазақ алфавиті мен орфографиясын шыңдаудың әр алуан мәселелеріне арналған еді».

Сонымен қазақ тіл білімі тарихында орфографиялық реформалардың қауырт заманында жазу сауаттылығын арттыруда, жазудың таңбалану жүйесін реттеуде, таңбаланған жазуды тұрақты қалыптандыруда, қалыптанған норманы халық арасында насихаттап сіңіруде, біркелкі жазылу ережесін белгілеуде лингвист-ғалым Н.Сауранбаевтың еңбегі қазақ тіл білімі тарихында орны толмас құндылығымен ерекшеленіп, келешек ұрпаққа мұра болып қалды.

2-ТАРАУ. ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Түркі халықтарының латын графикасына көшуіне себеп болған түрткіжайттар

Түркітілдес мемлекеттердің ішінде латын жазуын ең алғаш түбегейлі қабылдаған ел - Түркия. Бұл елдегі латын графикасын қабылдау науқаны ешқандай отаршылдық саясаттың астарында емес, керісінше, зайырлы қоғам құру, әлемдік өркениетке ілесу мақсатында жасалды. Бұл, ең алдымен, әрине, Түркияның тәуелсіз ел болғанымен тығыз байланысты. Осман империясын сақтап қалған Мұстафа Кемал Түркия Республикасын жариялай салысымен-ақ, Еуропа құндылықтарын ендіруге күш салды, дамыған Еуропа мемлекеттерімен қатарласу үшін дамыған жазу керек деп жариялап, елді латын графикасына көшіруге шешім шығарды. Ататүріктің бастамасын 1928 жылы 23 мамырда құрылған «Тіл комиссиясы» қадағалады.

Ел басшысы «қарапайым халық үшін күрделі әліпбиден құтылып, ал мемлекет дамуы үшін кедергі келтірген сауатсыздықты жоюдың бір ғана амалы - латынға көшу» деген берік ұстанымда болды. Түрік ғалымдары зерттеулерінде: «Өкінішке орай, түркі қоғамында Мұстафа Кемал латынға көшуді бір-ақ күнде ойлап, 3 айда жүзеге асырды» деген жаңсақ пікір қалыптасқан, ал шындығында латын әліпбиіне көшу сонау ескі Османлы заманынан бастап-ақ қолға алынған болатын», -деп жазады [18]. Сонымен, жоғарыдағы құрылған комиссияның қабылдаған ережелері негізінде Мұстафа Кемал Ататүрктің бастауымен 1928 жылдың 1 қарашасында Түркия мемлекеті латын әліпбиіне көшеді. Латын әліпбиін қабылдағаннан кейін 1928 жылдың 1 желтоқсанында Тіл Алқасы алғашқы «Емле сөздігін» жарыққа шығарады. Ататүрктің бастамасымен 1932 жылы 12 шілдеде «Түрік тілі қоғамы» құрылып, халыққа латын жазуын меңгертуде орасан зор қызмет атқарады, бұл қоғам латын графикасы негізіндегі түріктің ұлттық жазу жүйесін қалыптастыруға барынша күш салады. Алайда әліпби құрастыруда бірқатар кемшіліктер орын алғандығын түрік зерттеушілері жоққа шығармайды. Мәселен, *ç*, *ş*, *ğ* дыбыстарының әліпби құрамына енбей қалуынан күні бүгінге дейін орфографиялық ережеде қиындықтар орын алып отырған көрінеді. Бұл мәселені шешу жолдары Түркияда қазіргі таңда қайтадан көтеріліп жатыр.

Жалпы түрік елінің латын графикасына көшуіне саяси және әлеуметтік, мәдени, лингвистикалық түрткіжайттар себеп болған. Осылардың ішінде саяси түрткіжайтқа басымдық беріледі, яғни Еуропа елдерімен теңесіп, оқу, білім, мәдениет жағынан алға шығуын көздеп, елді барынша дамытуды мақсат тұтқандығы. Бұл туралы ғалым А.Фазылжанова түрік елінің латын графикасын қабылдауы Мұстафа Ататүріктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі екендігін айта отырып, түріктердің латын графикасына көшуінің негізгі себептерін былайша түсіндіреді: «Оның басты себебі Түркия

Республикасының өз даму бағытында батыс бағдарын ұстанғанынан, яғни батыстың мемлекеттік моделін негізге алғанын және көршілес Еуропа мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынасты орнатуды көздеуінен шығады» [19].

1991 жылы Кеңес өкіметі тарап, одақтас республикалар егемендігін алғаннан кейін Түркия түбі бір түркі мемлекеттерін саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда бірігіп, ынтымақтастық орнатуға шақырды. Түркітілдес мемлекет басшыларының 1 құрылтайын да (1991ж.) алғаш ұйымдастырып, басын қосқан Түркия болды, түркітілдес мемлекеттерге білім-ғылым, мәдени салалар бойынша барынша қолдау көрсеткен де осы Түркия елі. Түркітілдес мемлекеттердің латын графикасы негізіндегі ортақ әліпбиге көшу идеясы да осы Түркияда көтерілді (ортақ әліпби 34 әріптен тұрады). Әрине, түркі мемлекеттерінің экономикалық, саяси, т.б. жағдайларына байланысты барлығы латын графикасына көшкен жоқ. Тек Түркіменстан, Өзбекстан және Әзірбайжан елдері латын графикасына көшу туралы тез шешім қабылдап, түріктер құрастырған ортақ әліпбиді қабылдамаса да, өз тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкес түзілген латын әліпбиіне көшті. Әзірбайжанда 1992 жылдан, Өзбекстанда 1993 жылдан, Түркіменстанда 1994 жылдан латын графикасы қолданысқа енді.

Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан мемлекеттеріндегі әліпби реформасына арнайы зерттеу жүргізіп, бұл елдердегі латын графикасын қабылдау барысындағы лингвистикалық аспектінің тиімді-тиімсіз тұстарын, қолайлы-қолайсыз жағдайларын, әліпби жобаларындағы графемалар құрамы мен оның аталған ұлттар тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестігін, латын графикасының ұлттық тілдердің дамуына қалай әсер еткенін және латын әліпбиіне көшуге себеп болған негізгі түрткіжайттарды айқындап, бірқатар тұжырымдар мен талдаулар жасаған зерттеуші А.Фазылжанова бұл елдердің латын графикасына көшудегі экономикалық, саяси, тілдік, мәдени-әлеуметтік факторларын жан-жақты ашып көрсеткен болатын. Мәселен, Түркия Республикасына қатысты: «Түркі дүниесінен алшақта Еуропаның ортасында отырған жаңа республиканың экономикасының қарқындап дамуы үшін көршілес батыс елдерімен тығыз қарым-қатынас орнату үшін латыннегізді жазуға көшудің маңызы зор болды» [20], деп түсіндіреді.

А.Фазылжанованың көрсетуінше, Әзірбайжандағы ХХ ғасырдың 90-жылдары орын алған үлкен отаншылдық-серпіліс пен ұлттық сананың асқақтап көтерілуі, Түрік Республикасымен тығыз қарым-қатынас жасауға деген талпынысы графиканы реформалауға себеп болған саяси түрткіжайт болса, кирил графикасының орыс тілінен енген сөздерді өзгеріссіз жазуға мәжбүрлеуі, әрі моноконфессиялық (мұсылман діні) әзірбайжан үшін кирилл жазуының діни жаттығы оны өзгертуге себеп болған тағы бір фактор болып табылады, ал Түркиямен теледидар, сауда, БАҚ құралдары арқылы орныққан мәдени қарым-қатынас нәтижесінде қолайлы жазуды талап етуі, әрі латын жазуымен өркендеп өсіп жатқан Түрік мемлекетінің мәдениетіне,

экономикасының дамуына бет бұру керек деген көзқарастың күшеюі мәдени-әлеуметтік түрткіжайтқа негізделген [21].

Ал өзбек тілінің латын графикасына көшуінің басты себептері «ұлттық жазуға негізделген графиканың талап етілуі, әлемдік сауда, экономикалық қатынастар үшін латын графикалық жазудың тиімді болуы, дүниежүзі бойынша ақпарат алмасудың негізгі құралы латын графикасы болғандықтан, соның негізінде ұлттық жазу әліпбиін жасау қажеттігі» [21] сынды саяси және экономикалық факторлар түрткі болған. Өзбекстанда қабылданған латын әліпбиінде кемшіліктердің өте көп болуы себепті оларды түзету мерзімі 2010 жылға дейін созылған. Негізгі кемшіліктер қатарына «бір» таңбамен әртүрлі фонемалық статустағы дыбыстардың белгіленуі, жазуды интернетке икемдеуге басымдық берілгендіктен, ұлттық тілдің мүддесінен шықпай қалғандығы, жаңа латын графикасында алынған 3 әріптік тіркес бір сөздер құрамында бір дыбыс ретінде оқылса, келесі бір сөздерде екі дыбыс түрінде оқылуы» [21] жатады. «Дегенмен өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирил әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылуға әрі өзбек жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына оң әсерін тигізген», – деп тұжырымдайды А.Фазылжанова [22].

Түркіменстан 1991 жылы 27 қазанда Тәуелсіздік туралы декларация қабылдағаннан кейін тіл саясатына қатысты жаңа ұлттық заңнамалар қабылдай бастады. Бұл елдің де латын графикасын қабылдауына ең бірінші саяси факторлар түрткі болды. Зерттеушілердің көрсетуінше, Түркіменстанда латын графикасына көшу барысында ескі араб жазуын қолданушылар болмаған, керісінше, тоталитарлық жүйенің символы болып табылатын кирил жазуынан құтылып, дыбыстық жүйені бейнелейтін жаңа латын әліпбиін қабылдауға бірауыздан ден қойған. 1993 жылы Түркия президенті Түрғұт Озал Ашхабадқа ресми сапармен келгенде Түркіменстан президенті Сапармұрат Ниязов Республикада латын әліпбиін енгізу туралы Жарлықты ұсынған [23, 120-б.]. Сөйтіп «Тазе Түркмен әліпбиін» (Жаңа Түркімен әліпбиі) қолданысқа енгізу шаралары қарқынды түрде қолға алынды. Осының негізінде әліпби реформасын жүргізуге қатысты ұйымдастырушылық іс-шаралары, ғылыми-әдістемелік және оқыту базасын құру іс-шаралары, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету іс-шаралары жүзеге аса бастайды [23, 121-б.]. Түркіменстандағы латын графикасына көшу реформасы 2000 жылға дейін созылды. Зерттеушілер түркімендердің жаңа латын әліпбиіне көшудегі кемшіліктеріне «әліпби реформасының белгілі мерзімде аяқталмауын, әліпби реформасының елдегі этносаралық жағдайға кері ықпалын, ересектер арасында жаңа әліпбиді үйретудің қиынға соғуын» [24, 100-б.]. Жатқызса, артықшылығына «жаңа әліпбидің түркімен тілінің ұлттық фонетикалық ерекшеліктерін ескеріп жасалғандығын, орыстанған атаулардың жаңа графикада ұлттық сипатта

таңбалануын және ортақ тоталитарлық санадан құтылғандығын» жатқызады [24, 101-б.].

Егемендік алғаннан кейін Түркіменстанда ұлттық идеологияға басымдық беріліп, тіл мен әліпби мәселесі алдыңғы орынға шықты, осыған дейін басымдыққа ие болған орыс тілі ығыстырылып, оның қолдану аяғы тарыла бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін, тек Түркіменстанда ғана емес, бодандықта болған барлық республикаларда ұлттық бағыттағы жұмыстар қарқынды түрде қолға алынып, жүзеге асты. Қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед бодан болған республикалардың егемендік алғаннан кейін «ұлттық идентификацияға» барынша ұмтылғанын айтады: «Әлемдегі алпауыт елдер өз отарларындағы ықпалды күшейту үшін екі мәселені мықтап қолға алды. Оның бірі – тіл, екіншісі – дін. Отар елге алдымен миссионерлер қаптап, тұрғылықты халықты дінінен аздырды, сосын біртіндеп тілінен ажыратты. Мәңгүрттікке барар алғашқы екі қадам осы. Тарихтың парадоксы сонда: бодандықтан бостандыққа ұмтылған халықтардың тәуелсіздік жолындағы кез келген күресінің басты мотиві де осы екі ұран болып қалды. Бұрынғы бодан елдер егемендікке қол жеткізген кезде отарлықтың кез келген атрибутын лақтырып тастап, ұлттық идентификацияға ұмтылады» [25].

Жоғарыдағы талдауларды түйіндей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: аталмыш халықтардың латын графикасына көшуінде лингвистикалық, саяси-әлеуметтік қиындықтар ұшырасқанымен де латын әліпбиі олардың мемлекеттік тілін дамытты, ұлттық жаңа жазу мәдениетін қалыптастырды, интернетті, техникалық салаларды кедергісіз пайдалануға жол ашты, ең бастысы, отаршылдық психологиядан құтылуға зор ықпалын тигізді.

Түркиядағы «әріп төңкерісі»

Түрік тілі латын әліпбиіне 1928 жылдық 3 қарашасынан бастап алты айдың ішінде Мұстафа Кемал Ататүріктің «қару және тақта» саясатының күшімен өткенімен латын қарпіне ауысу мәселесі 1862 жылдан басталған болатын.

Алғаш рет латын әліпбиін таңдау туралы тілге тиек еткен Муниф Ефенди мырза еді. Оның бұл туралы пікірін қысқаша жеткізетін болсақ, 11 май 1862 жылы ғылыми конференцияда әліпби тақырыбында сөз қозғалды. Мырза араб әріптерін қайтадан жаңарту, жазу мен оқуды оңай жолмен шешу туралы өз ойын былай жеткізді: «Европалықтардың жазуында еш қиындық жоқ, барлық оқушы білім ала алады, 6-7 жастағы баладан ер адам, әйел адам, қарапайым халықтан жұмыс жасайтындарға дейін барлығы жақсы, қатесіз оқып-жазуды үйренеді» дей келе, алдағы уақытта Түрік мемлекетінің халықаралық байланысын нығайту үшін еуропалық (латын) әліпбиді таңдауға ұсыныс жасады.

Мешрутиет кезеңінде, әріптердің жаңартылуы мен әріптердің бөлек таңбалануы тақырыбы қайта қозғалды. Атақты түрік жазушылары Хусейін

Джахит (Ялчын), «Ичтихад» журналының редакторы Доктор Абдуллах Джевет, журналист Джелал Нури, Кылычзаде Хаккы секілді зиялы қауым латын әліпбиінің тиімділігін және осы негізде түріктің жаңа алфавитін құру жолында батыл қадамдар жасап өз пікірлерін жариялады. Өйткені ол дәуірде Түрік мемлекетінде әліпбиі мәселесін қозғау, жазуды өзгерту туралы пікір айту, бұл тақырыпта қалам алу шынымен де мәдени батылдық болатын. Зиялы қауымның ойынша, Түрік елінде қалыптасқан мынадай стереотиптік түсінікті жоюдың уақыты келді деп есептеді. Себебі, түріктердің танымында араб әріптері Алла тарапынан жіберілді деген ұғым, оқу-жазу дін үшін керек деген жаңсақ сенім терең сіңген болатын. Осы жаңсақ сенімнің кесірі, Түрік мемлекетінің тіл арқылы әлемдік мәдениетке жетуіне, ғылыми-техникалық прогреске ілесуіне кедергі болды. Латын әліпбиіне ауысу туралы осындай алғашқы пікірлер пайда бола бастағаннан кейін «латын алфавиті қабылданатын болса ескі Ислами ғылым мен мәдениетті жоғалтамыз» деген ой, «өткенмен байланысымыз үзіледі» деген пікірлер туындай бастады. Бұл пікірлерге берілген жауап ретінде 1921 жылы 4 жазушысынан біреуі Джелал Нури алдымен «Тарих-и Истикбал (Болашақтың тарихы)» атты кітабында былай дейді:

«Алтайларға дейін барғанша, қазіргі мүшкіл жағдайда болған Түрік тілі мен әдебиетін тазартсақ, дамытсақ, Түрікшілдік атына көп нәрсе жасаған боламыз. Мысалы, Сами тілдері мен тіліміздің рухына сәйкес келмейтін әріптерді (араб әріптерін) алып тастайық. Әмбебап латын әріптерін алайық. Араб әріптері Араб пен еврей сияқты Сами тілдері үшін қажет. Түрік тіліміз араб тілінің ішінде болғанымен өзінің Тұрандық негізін жоғалтқан жоқ. Сами тілдерінен гөрі Европа тілдеріне келеді. Бізге латын әріптері секілді бөлек жазылған әріптер қажет. Тілде, әдебиетте, әріпте, пікірде төңкеріс жасайық. Барлық бауырларымды латын әріптерінің қабылдануы мен Түрікшілдіктің дамуы мен артуына шақырамын» [26].

Ұлттық күрес жеңіспен аяқталған соң Анкарада Түріктің Ұлы Ұлттық Мәжіліс үкіметі құрылғаннан кейін 21 ақпан 1923 жылы Измирде Казым Карабекир Пашаның басшылығымен «Ұлттық Экономика Конгресі» болды. Бұл жиында экономикалық және әлеуметтік бірнеше мәселелер туралы келіссөздер туындады. Осы келіссөздер барысында «Латын әрпінің қабылдануы» жайында Конгрестің ішкі делегация мүшесі Измирлік Назми мырза ұсыныс жасады. Бірақ бұл тікелей төрағаның «Латын әріптері Ислам бірлігін бұзады» деген қарсы пікірімен оларға жалпы жиында өз ойларын айтуға мүмкіндік бермеді. Конгресс төрағасы Казым Карабекир паша осы тақырыптағы ойларын барлық жұртқа айтты. Пашаның «Латын әріптерін қабылдамаймыз» тақырыбындағы Хакиmiet-и Миллийе газетінің 5 наурыз 1923 жылғы санында жариялаған мақаласында былай дейді: «Осы пікір бір уақыттарда Европада белең алды. Бұл ағым сол жерден басталды. Біздің Ислам әрпіміз жеткіліксіз екен, сол үшін де латын әрпін енгізуіміз қажет екен. Ол жердегі кейбір достарымыз осы пікірді қолдайды екен. Алайда

нәтижеде, мұның қиын екенін, өкінгендерін айтады. Осы пікірдің қиын екенін Албаниядағы жұртшылық та кеш түсінді. Осы жөнінде біздің пікірімізді сұрағандар да болды. Достар, қазір қандай шетелдікпен жолықсаңыз айтатыны біреу-ақ: Түрік тілі өте әдемі тіл, оңай, бірақ әріптері жаман. Бір күш бар, ол күш бар әлемге қарсы үгіт жасайды: Түрік жазуы оқылмайды, қиын. Латын әрпінің қабылдануы мүмкін бе? Қабылданған жағдайда қиын күй кешеміз. Бәрінен бұрын, кітапханамызда тұнып тұрған кітаптарымыз, тарихымыз және мыңдаған томдық туындыларымыз бір тілмен жазылып тұрғанда, таңбаларды мүлдем басқаша әріптерді қабылдаған күні үлкен бір апатқа жолығамыз. Бұл демек барлық Еуропаның қолына күшті қару ұстатқандай боламыз, бұлар Ислам әлеміне былай дейді: Түріктер басқа жазуды қабылдады, Христиан болды. Міне, дұшпандарымыздың шайтани пікірі осында жатыр» [27] деп латын әліпбиін қабылдаудан туындайтын халықаралық саяси олқылықтарды осылайша түсіндіреді.

Казым Карабекирдің осы пікірінен кейін латын әрпін қабылдағысы келмейтіндердің саны артты. Алайда бұл пікірді қолдайтындар да кездесті.

Кылычзаде Хакки мырзаның мақаласында: «Жоғары білімді, көзі ашық Казым Карабекир ғылыми мәселе болған латын әрпін қабылдауға қарсы, себебі Ислам әлемі не дейді? деп отыр. Біздің мемлекетімізде жалпы оқу, сауат ашу бірыңғай дамымаған. Өйткені әріптеріміз бұған кедергі болады. Балаларымыз мектепте 3-4 жыл оқиды, алайда дұрыстап оқи алмайды. Тек балаларымыз емес, әрбіріміз әр сөзді дұрыстап дыбыстай алмаймыз. Мұндай тіл, мұндай білім бола ма? Ауыл баласы қаншама жыл мектепке барып ештеңе үйрене алмаса не үшін уақытын бос өткізеді? Газет оқи алмайды, кітап оқи алмайды» [28] деп елдегі халықа ағарту жайын өзгерту үшін латын әліпбиіне көшуді қолдатынын білдірді.

Осыдан кейін әріптерді ауыстыру мәселесі қайта-қайта айтыла берді. Дегенмен, көпшілік түрік зиялыларының көкейінде мынадай күдік, қорқыныш болғаны рас: «Әлемде осыған ұқсас бір тәжірибе болғанын білсек, яғни мәдениет, қанша ғасырғы кітап пен кітапханасы бар бір халықтың бұдан да оңайы бар екен ғой деп ауыса салғанын көрген болсақ, ең болмағанда салыстырмалы түрде бір пікір немесе жорамал айтуға мүмкіндігіміз болар еді. Мұндай тәжірибе болмағаннан кейін ия немесе жоқ деу үшін аса батылдық қажет» [29].

Латын әрпін қабылдағысы келетіндердің дәлелдері мынадай болды: «1) жазуды әрең үйренеміз, 2) емлеміз қиын, 3) шетелдіктер тілдегі әрпіміздің қиын болғаны үшін үйренуге құлқы жоқ, 4) азды-көпты білім алғандарымыздың өзі бір мақаланы қате-қате оқиды». Осы түрік жазуындағы қиындықтарды шешу мақсатын басымдық етіп, латын әліпбиіне көшу басты түрткі болды. Және де түрік мемлекеті латын графикасына ауысса, бұл жаңалық «арабтар, ирандықтар және басқа да Тұран тайпаларына да (Қазақтар, Башқұрттар, Өзбектер, Татарлар және Азербайжандықтар) үлгі

болып, емлелерін түзелтетініне күмән тудырмас еді» деген стимул (ынта, талпыныс) да болды.

Республика үкіметі әріп төңкерісін жасамас бұрын қолданып жүрген сандарды өзгерту, Латын негізіндегі сандарды қабылдаудан бастады. 1928 жылы май айының соңында Үкімет, Түркия Ұлы Ұлттық мәжілісінде төмендегі заң ұсынысын алға тартты:

Бап №1. Мемлекеттік, қалалық ресми орындарда жазу жұмыстары мен есеп-қисап жұмыстарында халықаралық сандардың қолданылуы қажет.

Бап №2. Бұл заң 1 маусым 1928 жылынан күшіне енеді [30].

Ұлы ұлттық мәжіліс 20 мамыр 1928 жылғы жиналыста халықаралық сандардың қолдануы жөнінде заң қабылдады, 1 маусым 1928 жылы Түркияда халықаралық сандар ресми түрде қолданыла бастады. Бұл жиналыста көптеген адамдар әріптердің де өзгертілуі туралы әңгіме қозғады. Осыған байланысты газет пен журнал беттерінде Латын әрпінің қабылдануы мәселесі жөнінде тартыстар басталды. Араб әріптерінде қалу пікірін қолдағандар да болды.

Мемлекетте дайындық жұмыстары жүріп жатқанда, кейбір адамдар латын әріптерін түрік тіліне қолдана бастады. Парижде оқыған Доктор Рыза Нур 1928 жылы «Огузнама» атты кітабын латын әрпінде бастырды.

Бұл жағдайға байланысты Білім және Ғылым Министрі жазушы мен педагогтерден құрылған комиссия тағайындады, комиссияның жұмысы латын әрпі негізінде түрік тілінің құрылымына сәйкес келетін тиімді және оңай «Жаңа Түрік Алфавитінің» шығатынына кәміл сенді.

Осындай болымды нәтиже бойынша, Министрдің Білім және Ғылым Министрлігіне 20.V.1928 жылы берілген бұйрығына сәйкес маусым айының ортасында қолданыста болған араб алфавитіндегі жазулардың латын негізіндегі Түрік әріптерімен жазылу жұмыстарын түзету мақсатында Білім және Ғылым Министрлігі ресми Тіл комиссиясын құрды. Комиссия француз, неміс, ағылшын, итальян, венгр секілді бірнеше ұлттың алфавитін зерттеді. Гази Мустафа Кемалдың басшылығымен алғашқы жиналысын 26 маусым 1928 жылы жасады. Комиссияда үш депутат, министрлік жағынан үш адам, үш маман барлығы 9 адам болатын, кейіннен тағы да бес адам қосылып, комиссия құрамында 14 адам болды. Осы комиссияның берген есебі бойынша Түрік тілі мекемесінің жетекші маманы А.Дилачардың энциклопедия үшін дайындаған «Тіл төңкерісі» атты жұмысында латын әліпбиімен жазатын тілдерді зерттеуден шыққан нәтижені былайша ұсынды: «Әліпби есебі. Тамыз айында жарияланған 41 беттік «Әліпби есебіндегі» бөлімдер мыналар: 1) Түрік тіліндегі дыбыстардың саны және ерекшеліктері, 2) Латын әріптерінің тұрақтылық ерекшеліктері, 3) Европада қолданылған латын негізіндегі әріптер: Латын, итальян, испан, француз, ағылшын, неміс, швед, фин, венгр, поляк, чех, хорват, албан, әзербайжан, Совет одағындағы түркітілдес халықтар, 4) Осы алфавиттегі әріптердің таңбалары мен

тұрақтылық ерекшеліктері, 5) Түрік тіліне тән латын әріптерінің таңдалуы және осыған қатысты негіздер, 6) Әртүрлі алфавиттердегі қос таңбалы әріптер, таңбалы әріптер, Латын алфавитіне қосылған әріптер, 7) Түрік алфавитін құрайтын әріптердің басқа тілдердегі баламалары, 8) Алфавиттің сапасы, тілімізге сәйкес келуі, дыбыстық ұғымдар арасында түсінбестік болмауы тиіс, басқа дыбыстармен арадағы өлшемді сақтау, ұлттық болуы, оқу және жазу барысында оңай болуы, стереотип түрінде болмау, емледегі түсінбестікті жою, эстетикаға сай болу...».

29 әріптен тұратын жаңа түрік әліпбиінде барлық дауыссыз әріптердің соңына «е» әрпі қойылып айтылды. Мысалы: *f-fe, l-le, m-me*. Бірақ «к» әрпіне «ка», «h» әрпіне *ha* дегендер де болды. Бұл қате болып саналды. Кейін түрік алфавитінде бұл әріптердің айтылу да басқа әріптер секілді «е» әрпінің жалғануымен айтылуы тиіс болды.

Латын алфавитін қолданатын көптеген халықтар бұл алфавитті өз тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін «диакритик» атты бірнеше таңбалар қолданады. Түрік алфавитінде де кейбір әріптер осы мақсатта диакритикалық таңбалар алған: «*ç-ç*», «*ı-ı*», «*ş-ş*» сияқты.

Анықталған жаңа түрік жазуында шетелдік алфавиттердегі *ch, sch* секілді диграф пен триграф жоқ, кестеде әр әріптің бір ғана таңбасы бар.

Қорытындылай келе, Түрік алфавиті 29 әріптен тұрады. Төмендегідей:

A, b(be), c(ce), ç(çe), d(de), e(e), f(fe), g(ge), h(ha), i(i), ı(ı), j(ji), k(ka), l(le), m(em), n(en), o(o), p(pe), q(ku), r(er), s(es), (eş), t(te), u(u), v(ve), w(қос ve), x(ıks), y(ye), z(ze).

Есепте кейбір әріптер көрсетілмегенмен, бұлар кейіннен алфавитке енгізілген, олар *ö, ü, ğ*, ал *q, w, x* әріптері алынып тасталған. Әріптердің айтылуы *f(fe), ğ(yumuşak ge), h(he), k(ke), l(le), m(me), n(ne), ö(ö), r(re), s(se), ş(şe), ü(ü)* болып өзгертілген. Әліпби есебі соңында көзбен көріп қабылдау үшін жаңа түрік әліпбиінде жазылған көркем әдебиеттер ұсынылған.

Осындай дайындық жұмыстары мен баспаларға жарияланған материалдардан кейін Түрік елідегі латын әліпби төңкерісінің көшбасшысы Гази Мустафа Кемал (Ататүрік) тілге қатысты мәселенің уақыты келгенін көреді. Тіл комиссиясының жаңа Түрік алфавитіне қатысты жұмыстарының нәтижелі болғаны оны қанаттандырды.

Осы мақсатпен Мұстафа Кемал 1928 жылы тамыз айының 8-інен 9-ына караған түні Стамбулда Гюлхане саябағында Республикалық халық партиясының ұйымдастырған және халықтың да көп шоғырланған бір кеште, кешті біраз уақыт тыңдаған соң орнынан тұрып әріп төңкерісінің басталғанын сүйіншіледі. Бүкіл халық ұйып тыңдап қалды. Жаңа түрік алфавитіне қатысты өз ойы мен кеңесін былай деп мәлімдеді:

«Достар, көрікті тіліміз үшін жаңа Түрік алфавитін қабылдаймыз. Біздің әдемі, ырғақты, бай тіліміз жаңа Түрік алфавитімен өзін көрсететін болады. Қаншама ғасырдан бері басымызды темір тордың ішіне қойған, түсіне алмайтын және түсінбейтін таңбалардан өзімізді құтқаруымыз

керек және мұны түсінуге тиіспіз. Бұл жаңа әріптерді тез арада өте жақсы меңгеріп кетеміз. Түсінетінімізге жақында бар әлем куә болады. Мен бұған сенемін, сіздер де сеніңіздер».

Көп істер жасалды. Бұл соңы емес, жасауға тиісті көп нәрсе бар. Жаңа Түрік әрпін тез арада үйренуіміз керек. Әрбір отандасқа, әйелге, ер адамға, жүк тасымалдаушыға, жұмысшыға үйретіңдер. Мұны отансүйгіштік, ұлтқа құрмет деп біліңіздер. Бұл міндетті орындап жатқан кезде ойлаңыз, бір халықтың жүзден оны/жиырма гана оқып жаза алады, жүзде сексен/тоқсаны білмейді. Бұл өте ұят нәрсе. Осы үшін, өзін адам деп білетіндер ұялуы керек. Ұлтымыз ұялу үшін жаратылған жоқ, мақтану үшін, қуану үшін жаратылды. Себебі тарихымызды мақтанышпен толтырған халық. Халықтың жүзде тоқсаны оқып жазуды білмесе қате бізде емес. Қате, Түріктің жаратылысын, мінезін түсінбей, басын шынжырмен орағандарда. Өткен күннің қателерін тамырынан бастап тазарту сәті келді. Қателерді түзетеміз. Бұл қателерді түзету шараларына барлық отандастардың қатысуын қалаймын. Ең кеіш 1 жылдың ішінде барлық Түрік халқы жаңа әріптерді үйренеді»[31].

Мұстафа Кемалдың бұл үндеуі бүкіл халыққа әсер етті, толқытты. Медиа әлемі тіпті Батыстың медиасы бұл істі кең көлемде жариялап жатты. Осылайша әріп төңкерісінің дайындық кезеңі бітіп, басталу және қолдану кезеңі ашылды.

Жаңа түрік әріптерінің ресми қабылдануынан кейін Түркия баспасөзі жаңаша бір белең алды. Долмабахче сарайының сабақтары, бұдан кейін барлық жерде, қалада, аудан, ауылда осы әріптерді үйрететін курстар, Ұлт мектептері ашылды. Стамбулда Мұғалімдер бірлігі конгресі жаңа әріптерді меңгерді, осы салада нәтижелі жұмыстар жасалды.

Жаңа түрік алфавитін құрастыруда жетістікке жеткен Тіл комиссиясы таратылмады, жаңа мүшелермен толықтырылды. Жаңа құраммен толықтырылған Тіл комиссиясы Тіл бойынша кеңес беретін комитет деп атауын өзгертті. Міндеттері төмендегідей белгіленді:

1. Барлық мектеп кітаптарының негізін қалайтын сапалы грамматика кітабын дайындау.

2. Негізгі талаптарға жауап беретін Түрік тілі сөздігін құрау. Сөздік құрастыру барысында қолдан келгенше араб пен парсыдан енген кірме сөздердің орнына халық тілінен және ескі кітаптардан таңдап алынған түрікше сөздерді қою.

3. Стамбулда қолданатын әдеби тілге сәйкес емле ережелерін анықтау. Тіл бойынша кеңес беретін Комитет түсіндірмелі сөздік, грамматика, жинақ және терминдер бойынша жұмыстар жасаған, халық диалектілерінен сөздер жинау үшін Рагип Хулусиді жауапты етіп тағайындаған. Комитет ауылшаруашылық терминдерін де түрікшелендіруге тырысты.

Осылайша 1928-29 жылдары Түрік мемлекеті жаппай латын әліпбиін бірауыздан қабылдап, аса күрделі қиындықсыз түрік жазуына жаңа реформа

алып келді. Дегенмен, Түрік елі осы күнге дейін сан ғасырлар бойы сақталған мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін, салтын, рухани құндылығын еш жоғалтқан емес, керісінше, халықаралық кеңістікте дамыған мәдениетті жеңіл танып, еркін қабылдауға, сол арқылы өзінің өркениетін дамытуға толық мүмкіндік алды.

3-ТАРАУ. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ОҚУЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ САУАТ АШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Халық ағарту ісінде қазақ зиялылары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, Т.Шонанұлы, Н.Төрекұловтар ұлттық тілді сақтай отырып, барлық ғылым салаларын оқытудың тың жолдарын ұсынғанымен, уақыт өте келе кеңестік өкімет өз билігін орнатты. Жыл өткен сайын қазақ тілі оқулықтарының кеңестік саясаттың ығымен жазылуына қандай оқиғалар түркі болғанын анықтау үшін 1920-50 жылдар аралығындағы Қазақстандағы халық ағарту комиссариатының жұмысына, оқулыққа қойылған талап-ережелерге, сол кезеңдегі білім беру ісіне қатысты қаулы, заңдарға талдау жасау қажеттілігі туды.

Халық ағарту комиссариатының деректеріне қарасақ, 1920 жылдары қазақты сауаттандыратын оқулықтар болған жоқ деген негізді ұстану арқылы оқулықтың әдістемесін орыс букварі мен орыс тілі үлгісіне салып жазу негізге алғанға ұқсайды. Ал тарихқа сүйенсек, Халық ағарту комиссариатының төрағасы болып сайланған А.Байтұрсынұлының ең бірінші ісі де – алдымен оқулық жазу, ауылдық жерлерден мектеп ашу, мұғалім даярлайтын Ташкенттегі институтты көшіру ісін жүзеге асырғанын байқаймыз. 1920 жылға дейін өзі қазақ тілі мен әдебиет оқулықтарын жазып, ал қарамағындағы қызметкерлері М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Асфендияровтарға жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар оқулықтарын жаздыртқаны белгілі. Бірақ кеңес өкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесіне бағынбай, партияға енбей өздігінше жұмыс жасаған қазақ зиялылары қудалауға ұшыраған кезден бастап-ақ олардың еңбектері жойылды, тарихтан өшірілді.

Енді ғана жанданып келе жатқан Қазақстанның халық ағарту ісінде тоқырау кезеңі басталды. Материалды базаның тұрақсыздығы, ағарту қызметкерлерінің ішінде нақты дайындығы бар кадрлардың жетіспеуі, халыққа білім беру мекемелерінің жергілікті халық тың тұрмыс жағдайын лайық болмауы сияқты мәселелер туындай бастады. Оған қоса қазақ әліпбиіне реформа жасау ісі бүйірден түйіп отырды. Дегенмен, алаш қайраткерлерінен тәлім-тәрбие алған, қазақ зиялыларының келесі легі ағарту ісіндегі аласапыран кезеңді басынан өткеріп, сол кездегі мәселелерді оңтайлы шешіп, қазақты сауаттандыру ісін ілгері жүргізе білді. Яғни қазақтың жаңа әліпбиін жасау, соған сай оқулықтар шығару, қазақ тілін зерттеп дамыту сияқты келелі мәселелерді тоқтатып қоймай, ілестіріп жүзеге асырып отырды.

Н.Сауранбаев құрастырған қазақ тілі оқулықтары өзіне дейінгі қызмет еткен оқулықтармен сарындас болғанымен, қоғам өмірі мен мәдениетіне сай бейімделген әдістемесімен ерекшеленеді. Дегенмен, бұған дейін жазылған қазақ тілі оқулықтарымен салыстырғанда (авторлары А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Ғ. Бегалиев, І.Кеңесбаев) Н.Сауранбаев оқулықтарында тілдік

теорияны терең меңгертуге баса назар аударылады да, ұлттық құндылықтарды жаңғырту оқулық мысалдарынан да, жаттығу мәтіндерінен де кең көрініс таппайды. Оған себеп білім беру жүйесіндегі саясаттың талаптары болса керек. Себебі, кеңес билігі орнаған бетте-ақ халықты сауаттандыру, білім беру ісі түбегейлі орыстандыру саясатына бой алдырғанын білеміз.

Тоталитарлық басқару саясаты толық орнағаннан кейін орыстанған үлгідегі оқулықтарды жазу қолға алынды. Енді мектептегі оқыту тілі қай тілде болу шарттылығы, қай пәндер міндетті деп саналуы, пәндік бағдарламалардың өзгермеу шарттылығы халық ағарту комиссариатының күн тәртібінен кетпеді. Алаш қайраткерлерінен кейін келген зиялылар қазақ мектептерін сақтап қалуға, орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде жүргізілуіне, типтік бағдарламаларға қазақ ақын-жазушыларын енгізуге барынша атсалысты. Қ.Кемеңгерұлы сол кездегі қоғамға ұлттық кадрлардың қажет екенін жақсы сезініп, соған қатысты өз пікірін білдіреді. «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мақаласында ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы ауыл мектебінің жай-күйін сөз етеді. Ғалым мектепте баланы ана тілінде оқытуды дұрыс санап, баспасөз бетінде ойын ашық айтады: «Орта мектеп орыс тілінде болсын деушілерге: «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз» деген [32, 119]. Қ.Кемеңгерұлының бұл көзқарасынан ұлттық мәдениет, ұлттық дүниетаным, ұлттық психологиямыздан айырылып қалмау ниеті аңғарылады.

Кеңестік саясаттың қысымы мен билігінің ықпалы соншалық сол кезде қазақ зиялыларының арасында да тартыс туды. Ендігі көріп бағатынымызда орыс саясаты деп мойынсынғандар, ала-құла болмай-ақ, орыс оқулықтарын үлгі етіп, әдістеме мен бағдарламаның да бірізді болуын мақұл көре бастайды. Мысалы, І. Қабылов: «Бастауыш мектепте қазақ тілінде сауат ашылсын, бірақ орыс тілі міндетті пән ретінде енсін; орта мектеп тұтастай орыс тілінде оқытылсын. Мұның бәрі қазақтан орта дәрежелі білімге жетіскен адамдар шыққанша болуы керек»[33], - деген пікір айтқан. Ал Ә.Байтасұлы І.Қабылов пікіріне қарсы шығып, «патша үкіметінің орыстандыру саясатын жақтау» деп баға береді де, мақаласында өз ұсыныстарын көрсетеді: 1.Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде оқу қазақша болсын; 2. Қазақ мектептерінің бәрінде де орыс тілі міндетті бір сабақ есебінде ғана кірсін [34]. Осындай тартысты мәселелер сол кездегі баспасөз бетінде дүркін-дүркін жарияланып жатты. Бірақ оны түзету, бір жолға салып, ортақ ымыра табуға Ресей үкіметінің еш ықылас-пейілі де болмады. Дегенмен, мектептің түрі мен тілі туралы айтыс ұзақ жылдар бойы қызу жалғасты. Халық ағарту комиссариатының көтерген мәселелері қазақ зиялылары арасында өткір талқыға түсті. Т. Жүргенов ағарту жұмыстарына

қаржының дұрыс жұмсалмайтынын, мұғалімдердің білімдерінің төмен болуын, оқу тілінің аралас болуын қатты сынады. «Жоғары оқу орындары орысша болғандықтан, қазақ балалары емтихан тапсыра алмай отыр» дей келе, оқытушылардың жағдайының қиындығын айтып өтеді. Т.Жүргенов «бастауыш, орта, жоғары оқу орындары қазақша болсын» деп, оған жету жолдарын қарастырады. Ол үшін бастауыш, орта, жоғары оқу орындарында оқытылатын оқулықтардың бәрі қазақ тілінде болса, оқытушылар тегіс қазақша білетіндер болса толық жүзеге асатынын ашық айтады. Бұнымен қоса, мынадай ұсыныстарын да ортаға қояды:

1. Қазаққа деген оқу орындарының бәрі жатағымен болсын.
2. Оқытушылардың еңбек ақылары ұлғайсын;
3. Қазақтан білімпаздар әзірлеу әрекеті қолға алынсын [35].

Көп кешікпей-ақ осы аталған талап-тілектердің барлығы болмаса да бірен-сарандары қолға алынып, қазақ балаларының толық білім алуына жағдай жасалды.

Дегенмен қазақ мектептерінде болсын, орыс мектептерінде болсын қазақ тілін оқыту жайы төмендей берді. Бағдарламадағы қазақ тілін оқыту сағат сандары қысқара берді.

Осы мәселе Н.Сауранбаевты да толғандырмай қоймады. Яғни 1940-50 жылдары Орталық Партия Комитетінің қаулысы бойынша бекітілген оқыту бағдарламаларына Н.Сауранбаев өзіндік сыни пікірін білдіре алды. 1941 жылы Халық мұғалімі журналына жарияланған мақаласында ғалым былай дейді: «Қазіргі ана тілін оқыту тәжірибесінде бірнеше кемшіліктер бар, олардың ең күрделісі мыналар:

1. Ана тілі тек 1 кластан басталып, 7 класқа дейін ғана оқылады. 8,9,10 кластарда тіл оқытылмайды. 1класс пен 7 кластарда тек әліппе, грамматика, орфография ғана оқытылады.

2. Сол 7 класта оқылатын тіл сабағы бір беткей – ылғи грамматика болады. 7 класқа дейін алынған грамматикалық білім 8,9,10 кластарда-ақ ұмытылып қалады. Ал жоғары дәрежелі оқу орындарында ана тілі тіпті болмайды. Дұрыс сөйлей білу, дұрыс жаза білу, дұрыс оқи білу, біреудің жазғанын, айтқанын толық ұғына білу, өзінің ойын ауызша, жазуша көркемдеп, анықтап айта білу сияқты тәжірибелік дағдыға жетілдіру мәселесіне тіпті көңіл бөлінбейді. Кітап жазушы да, тіпті оқытушы да сыдырып тек грамматиканы айтады да шығады. Бұл ең үлкен қате нәрсе» [Халық мұғалімі. Алматы, 1941 №11] [36].

1938 жылдан бастап орыс әдіскерлері ұсынған оқулық әдістемесі бойынша әліппе оқулықтары, бастауыш сыныптарға арналған қазақ тілі, орта мектепке арналған қазақ тілі, педучилищеге арналған қазақ тілі оқулықтары жарық көре бастады. Жазылған оқулықтар көңілінен шыға бастағаннан кейін Халық ағарту комиссариаты ауылдық жерлерден орыс-қазақ мектептерін ашуға жаппай кірісті. Дегенмен, саясаттың арқасында қазақтың ұлы да, қызы да 7 жастан бастап білім алуға дағдылана бастады. Мектеп көбейген сайын,

оқулыққа деген сұраныс та арта түсті. Орыс әдістемесімен жазылған қазақ тілі оқулықтарының көшбасында І.Кеңесбаев пен Ғ.Бегалиев оқулықтары 20 мыңнан 80 мың тиражбен жыл сайын қайта басылып отырды. Одан кейінгі оқулықтар легіне Н.Сауранбаевтың орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулығы ілесті.

Ы. Алтынсариннің «Орыс тілін қазақтарға үйретудің бастауыш құралы» атты еңбегі жалпы әдістемелік нұсқаулардың алғашқысы деп айтуға болады. Бұл оқу құралы тек грамматиканы емес, әңгімелескен, хат жазған кезде сөздерді дұрыс пайдалану жолдарын үйретуге бағыттады. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың қазіргі технологиясы өз тарихын Ы.Алтынсарин дәуірінен бастайды. Оқулық жазу әдістемесінің көш басында Ы.Алтынсарин тұрса, оның екінші легі алаш қайраткерлері болды. Ал Н.Сауранбаевтар оқулық әдістемесін құрастырған үшінші лекке жатады.

Осы үш тарихи кезеңнің өзіндік талаптары болды. Қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы мен қоғамдағы өзгерістеріне сай жаңа оқулықтар мен тың бағдарламалар қажет болды. Әрбір кезеңде қазақ тілінің қоғамдағы орнына байланысты зиялы қауымның алдында мынадай ортақ мәселені шешу міндеттері тұрды:

- қазақ тілінде оқулықтар шығару,
- мектепке арналған пәндік оқу құралдарын шығару,
- қазақ тілінде дәріс беретін мұғалімдерді дайындау.
- орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту [37,3]

Осы міндеттерді орындау күшіне еніп жатқан кезеңде Н.Сауранбаев оқу орындары үшін жаңа оқулықтар жазу, жаңа бағдарламалар құрастыру, мекемелерде қазақ тілін оқыту үшін арнайы оқу құралдарын шығару, ол үшін сағаттар бөлу ісінде қыруар еңбек етті. Қай ғылымды болмасын оқушыға ана тілінде түсіндіруді дұрыс санаған Н.Сауранбаев жас жеткіншектердің болашақта жақсы маман болуы үшін алдымен тіл байлығын, сөздік қорын кеңейту қажеттілігін ұсынған болатын. 1941 жылғы «Ана тілін оқыту туралы» мақаласында былай деп жазады: «Мектептерде оқытылатын негізгі пәннің бірі – ана тілі. Ана тілін үйренудің маңызы зор. Барлық ғылымды тіл арқылы әсіресе ана тілі арқылы үйренеді. Сондықтан оқудың, оқытудың ең бірінші адымы осы тілден басталады. Бала оқуды, жазуды үйренеді. Оқу, жазу – тілдің, мәдениеттің көрінісі. Сол оқу, жазуды білу арқылы оқушы қай пәнді болса да меңгере алады. Тіл жағынан білімі неғұрлым терең болса, басқа пәндерді меңгеру сондайлық жеңілденеді. Соның үшін бастауыш, орталау, орта мектептен оқушылар тіл жағынан тиянақты, жүйелі білім алып шығуы керек».[38]

Н. Сауранбаев қазақ тіл білімінің теориясы мен оны оқытудың әдістемелік негізін терең меңгерген әдіскер-ғалым. Себебі, өзі өмір сүрген кезеңде орыс мектептеріне берілетін қазақ тілі оқулықтарын құрастыру мәселесі екі тілге ортақ универсалийлер мен қазақ тіліне және орыс тіліне тән ерекше уникалийлерді түсіндіріп жеткізу ережелері толық қалыптаспаған

болатын. Ғалым екі тілге де тән ортақ теориялық заңдылықтарды үйретудің әдістерін, оны меңгерту жаттығуларын оқулықтарда ұтымды жеткізе білген.

Н.Сауранбаевтың тіл оқыту әдістемесіне қосқан үлкен үлесін теория мен практиканы ұштастыру үшін тәжірибе арқылы ережені меңгерту әдісінен байқаймыз. Ғалым мақаласында осы мәселені былайша көрсетеді: «Тілден жүйелі білім беруді қалай түсіну керек?»

Тілден жүйелі білім беру – екі тараудан құралады: теориялық білім және оған сәйкес тәжірибелік дағды. Бастауыш, орталау, орта мектепте тілдің практикалық жағы теориялық жағынан басым болуы керек. Грамматика (яғни теория) практикалық білімді саналы түрде ұғындырып, оны баянды ету үшін қолданылады. Тіл білудің бұл екі тарауы бір біріне көмекші, тығыз байланысты болып жүреді.

Теориялық білімнің элементі мыналардан құралады: дыбыс жүйесі, дыбыс заңдары, сөз жүйесі, сөздің мағынасы, тұлғалары, мұндағы заңдылық, сөйлем жүйесі: сөйлемнің құрылысы, мүшелері, сөйлемнің түрлері, бұлардағы заңдылық.

Тәжірибелік білім: дұрыс сөйлей білу, дұрыс жаза білу, дұрыс оқи білу, біреудің жазғанын, айтқанын толық ұғына білу, өзінің ойын ауызша, жазуша көркемдеп, анықтап айта білу. Әсіресе сөзді орнына дұрыс қолдану, сөйлемді құра білу, т.б. Осындай дағдыға жетілуге грамматикалық білім үлкен сүйеніш негіз болады. Осы екеуін дұрыс ба йланыстырып оқығанда бастауыш, орталау, орта мектеп оқушылары тілден белгілі дәрежеде тұжырымды білім алып шығады, біліміне сәйкес тиісті тәжірибелік жұмысты атқаруға толық әзір болып шығады».[36] .

Өзімізге белгілі ХХІ ғасырда осы әдістер қайта қолға алынып жатыр. Бүгінгі күні әрбір ғылымның теориялық негізін түрлі медиатеологиялық тәжірибелердің (вебинарлық, мұвемейкерлік) көмегімен жасалған жаттығу, тапсырмалар арқылы, яғни тәжірибе арқылы түсіндіру тиімді болып отыр. Яғни білімнің теориялық көзі қолмен ұстап, көзбен көрген жағдайда, тәжірибе жүзінде нақты әрі тез игеріледі. Демек, Н.Сауранбаевтың ұстанымы бойынша алған білімді іс жүзінде дұрыс қолдана білу – ғылым меңгергендігінің нәтижесі болмақ. Ал ол оқушыға берілетін білім бағдарламасы жан-жақты ескерілген болуы тиіс. Осы тұрғыдан Н.Сауранбаев әсіресе ана тілін оқытудың бағдарламасын жасауда өз ұсыныстарын айтқан болатын: «1. Бастауыш, орталау, орта мектептерге арналған ана тілі программада, кітаптарда ана тілінен берілуіне тиісті тәжірибелік дағдылардың түрі айқын көрсетілсін. Яғни мектептің әр деңгейін бітірген бала ана тіліннен қандай , қанша тәжірибелік білім алып шығуға тиісті екені айтылсын. Ана тілінің грамматикасын оқыту сол тәжірибелік тілекке сәйкесті болсын, құр грамматика үйрету ғана болмасын.

2. 8,9,10 калстарда ана тілі оқытылсын. Онда ана тілінің стилистикасы оқытылсын. Стилистикадан арнаулы программа кітап жазылсын. Бұл кластарда стилистика сабағы әдебиетпен, шығармасын талдаумен

байланысты болып жүрсін. Осылай етіп жастарды ұлы адамдардың сөз өнерлеріне үйрету керек. Стилистика сөз өнерін үйретеді: сөз өнері деген дұрыс сөйлеудің, ойды ауызша да, жазуша да дұрыс білдірудің тәсілі.

3. Бастауыш, орталау, орта мектептерде стилистиканың элементі оқытылсын. Ол элементтер бұл кластарда жүретін оқу, әдебиеттік оқу сабағына байланысты болып жүрсін.

Мектептерде балаға таныс және жеңіл тақырыпта ойдан жаздыру жұмысы көңілдегідей жүргізілсін. Мұндай ойдан жазу жалпы болмай, белгілі бір мәселеге арналып жүргізілуі керек. Мысалы: белгілі саяси-мәдени сөздерді орнына пайдаландыруға, сөзді қайталамауға, сөйлемді қысқа, орнықты етіп құра білуге арнау сияқты.

Белгілі қысқа шығарманы оқып, оның мағынасын ауызша айттыру арқылы баланы сөйлеу тіліне жетілдіру, оқытудан үлкен орын алу керек. Бұл жұмысты да сөйлемді қысқа етіп айтуға, сөзді қолдана білуге, сөзге екпін түсіре айту, сөйлемді интонациямен айтуға арнайы өткізу керек.

Оқушының сөздік қорын байыту, сонымен бірге сөздің мағынасын аңдату, мысалы: омоним, синоним, антонимдер, кейбір саяси, мәдени терминдердің мәнісін білдіру сияқты.

Осылармен бірге қаулы, хат, қолхат, сенімхат жазуды, мақала жазуды, конспект жазуды үйрету керек. Бұл айтылғандар осы күнге дейін мектептерде оқытылып келді. Бірақ қазіргі дағды көбінесе грамматикаға көңіл бөліп, жоғарыдағыларға көңіл бөлмей келді.

Грамматикалық материалдардың көлемі тұжырымдалып, одан босаған сағаттарды сөйлеуге, жазуға, жаттығуға жұмсау керек» [36] .

Демек Н.Сауранбаев сол кезеңде қоғам талабына сай қазақ мектептерінде қазақ тілін оқытудағы кемшіліктер мен орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудағы олқылықтардың басты себебі оқу бағдарламаларын, оның ішіндегі тақырыптардың өтілу ретін, сағаттар санын дұрыс, оңтайлы жасалмауынан болғанын байқаған болатын. Осыдан барып, оқу бағдарламаларын толықтырулар енгізіп, өзі өзгерткен бағдарлама бойынша оқулық құрастырып шығарған.

Дыбыс жүйесін оқыту әдістемесі.

Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі дыбыстарды артикуляциясы, акустикасы, перцепциясы тұрғысынан сипаттама тәсілін қолдана отырып түсіндірген. Ғалым қазақ тілі дыбыстарын үйрету айту барысында фонетикалық дағдыларды меңгеру үшін алдымен оқушыны дыбыстардың жасалуына қатысты артикуляциялық базаны игеруге, дыбыстардың айтылуына байланысты ерекшеліктерді білуге, дыбыстардың естілуіне қатысты өзгешеліктерді тануға, дыбыстардың қолданылу ережелеріне қатысты ерекшеліктерді меңгеруге дағдыландырады.

Латын графикасымен жазылған бұл оқулық қазақ мектептеріне арналған қазақ тілі сияқты арнайы тақырыптан басталмайды. Оқулықтың

ерекшелігі алдымен оқушының күнделікті өмірінде жиі кездесетін сөздер мен сөз тіркестерін қазақша таныту арқылы қазақ дыбыстары мен әріптерін үйретуден басталады. Ең бірінші дыбыс *Б* (*B bala, bar*) әрпі. Оқулықтың алғашқы бетінде Б-дан басталатын сөздер мен оны бейнелейтін суреттер берілген. Мысалы, «бала» сөзі мен баланы бейнелейтін сурет және *bala oтыр, bala partada oтыр* деген сөйлемдер берілген. Жаттығулардан кейін үйретіліп отырған әріпті таңбалау каллиграфиясы, көркем жазылу жолдары көрсетілген. Демек, бұл оқулық құрылымы әліппе құрылымына сәйкестендіріліп жасалған. Сол кезеңде орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту 5-сыныптан басталатын болғандықтан, автор оқушыларға бейтаныс дыбыстар мен сөздерді меңгерту үшін әліппе жүйесімен бастап, әрі қарай бірте-бірте күрделендіруді көздеген болуы керек. Себебі, қазақ сөздерінде белсенді қолданылатын дыбыстар оқулықтың алғашқы тарауларында меңгертіліп болғаннан кейін, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік заңдылықтарды үйрететін сабақ жүйесі (жаттығулар, ережелер, ескертулер, мысалдар) жалғасады.

Н.Сауранбаев осы оқулығында алдымен *Bb, Pp, Tt, Ss, Rr, Ll, Ъь, Dd, Kk, Aa, Oo* дыбыстарынан басталатын сөздермен таныстырады, сол аралықта, мысалдар арқылы дауысты дыбыстардың қазақ тіліне тән айтылым мен жазылым ерекшеліктерін түсіндіріп өтеді. Мәселен, 1938 жылғы алғашқы басылымында *Ъь* (*Ыы*) мен *Jj* (*Іі*) дауыстыларының қызметін, айтылымындағы ерекшеліктерін былайша көрсетеді: «*ь произносится короче, чем русское «ы», и пишется только в твердых слогах*» [37]. Ал 1950 жылғы 5-ші басылымында былайша түсіндіреді: «*Звук ы в казахских словах всегда произносится очень кратко. Например: отыр – произносится отр. Домбыра – произносится домбра*» [38].

Бүгінгі орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулығында осы ерекшелік айтылмаған. Қазақ балалары үшін жазылуы бірдей *Ыы* дыбысының айтылымы да бірдей сияқты, ал орыс балалары қазақ сөзінде кездескен *Ы-ны* орыс тіліндегідей созып айтатынын күнделікті өмірден көріп жүрміз. Демек, қазіргі әдістемеді екі тіл арасындағы осы айтылым айырмашылығын енгізіп, оған қатысты жаттығу жұмыстарын көбейту қажет. Ал өз заманында Н.Сауранбаев өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі оқулығын жазу барысында қазақша таза сөйлету принципіне сай дыбыстардың айтылымында болатын айырмашылықтарға ерекше мән берген екен.

Сол сияқты оқулық авторы осы тақырып аясында қазақ тіліндегі жуан және жіңішке дауыстыларды арнайы фонетикалық ережесімен емес, қарапайым формада түсіндіру жөн көрген. Мысалы жуан-жіңішкелі *Ъь* (*Ыы*) мен *Jj* (*Іі*) дыбыстарын былайша ұғындырады: «*Л мягкая разновидность ы. Он пишется в мягких слогах*». Кейін 1950 жылғы 5-ші басылымында бұл ережені былайша толықтырады: «*Звук і – мягкая разновидность ы. Он произносится очень кратко, всегда пишется в мягких слогах. Например: кітап – произносится ктап. Бір – произносится - брь*» [38].

Ғалым Н.Сауранбаев қазақша төл дыбыстардың айтылым ерекшелігін түсіндіру арқылы сөйлеу тазалығына дағдыландыруды мақсат еткендіктен транскриптілеп көрсетуді жөн көрген. Бұл көңілге қонымды әдіс болғанымен, ғалым неге бұл ережені дәйектеу үшін аралас буынды *kitan* сөзін алғаны белгісіз болып қалды. Оның орнына үйшік, етік, етікші деген бұрын өтілген, оқушыға таныс жіңішке буынды сөздермен беруі тиіс еді. Әлде аралас буынды сөздегі «к-нің» тұтастай жуан буынды сөздегі «к-мен» айтылымын ойша салыстыру үшін, жіңішкелі буындағы к-ның жуан буынды сөздегі к-ға қарағанда сәл жұмсақтау айтылатынын оқушы өзі ойланып айтып жаттықсын деген мақсатта ұсынды ма екен?!

Негізінен Н.Сауранбаев осы оқулықты жазуда өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінде дұрыс сөйлетуді басты мақсат еткен болуы керек. Себебі оқулықтың өн бойында қазақ және орыс тілдеріндегі жазылым мен айтылым заңдылықтарындағы ерекшеліктерді түсіндіріп отырады. Мысалы, О дыбысын өткенде автор мынадай түсіндіру-ереже ұсынады: «*Объяснение: Звук о всегда произносится как русское ударное о, без «аканья». Например: Омаров (не Амаров)*». Осы сияқты түсіндіру-ережелері тордың ішінде қоршалып, көзге тез көрінетіндей, сабақтың қорытынды нәтижесін білдіретіндей етіп, әр тақырып соңында беріліп отырады. Айналып келгенде осындай ережелердің жиі берілуі оқулық құрылымына да, тіл заңдылықтарына қатысты жүйелілік, бірізділік сақтау тәртібіне де кедергі келтірген сияқты. Себебі, дыбыстар мен әріптерді үйрету арасында сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне қатысты ережелерді айтып өтеді. Бір жағынан бұл дұрыс та шығар. Себебі, сөзді сөйлем арқылы түсіндіруге тура келеді. 7-8 дыбысты өтіп болғаннан кейін жайылма, толымды сөйлемдерден берілген жаттығулар ұсынылады да, автор баяндауыштың сөйлем соңында берілетінін ереже түрінде ескертіп өтеді. Мәселен былай: «*Сказуемое всегда ставится в конце предложения*». Әдістемелік тұрғыдан алсақ, оқулық жазудың ретіне келмейді, ал шын мәнінде сол кездегі тіл үйренуші баланың психологиясы тұрғысынан қарасақ, бұл ереже нақ осы кезде керек. Себебі, баяндауыштың орын тәртібі екі тілде екі түрлі қолданыста болатыны барлығымызға белгілі. Ал сөйлем құрастыруға бейімделіп келе жатқан тіл үйренуші бала үшін осы ерекшелік дәл осы сәтте түсіндірілуі тиіс сияқты. Демек, Н.Сауранбаев практика жүзінде оқушылардың қай тұста қиналатынын, қай жерде жиі қателік жіберетінін көзімен көріп, тәжірибе жинау нәтижесіне сүйеніп, өз әдістемелік шеберлігіне арқа сүйеп жазған болса керек. Жалпы бұл оқулықтың алғашқы 1938-1948 жылғы басылымдарында дыбыстардың артикуляциялық заңдылықтарына басым көңіл бөлінеді де, 1950 жылдан басталған басылымдарында акустикалық заңдылықтарына ерекше тоқталады. Мысалы, 1938 жылғы оқулықта: «*Ū, Ȳ в русском языке отсутствуют. При произношении их рот широко не открывается, а наоборот суживается. Ū пишется в твердых слогах, Ȳ пишется в мягких слогах*» деп артикуляциялық қызметін көрсетсе, 1950 жылғы 5- басылымында «*Звуки у и й после а, о, е*

произносятся кратко. Например: *егеу, сарай, ойна*» деп акустикалық қасиеттеріне тоқталады. Әрбір дыбысқа тән осындай ерекшеліктер қазіргі мектеп оқулықтарында толық берілмейді, тіпті жаттығулар арқылы түсіндірілмейді де. Ал алғаш рет орыс мектебіне арнап қазақ тілі оқулығын жазған ғалымдар екі тілдегі ерекшеліктерді арнайы меңгерту арқылы оқушының қателеседі-ау деген тұстарына ерекше мән берген.

Сондай-ақ *ж* дыбысының да қазақ тілінде *дж* болып айтылмайтынын түсіндірме-ереже арқылы айтып өтеді. Бұл ескертпе І.Кеңесбаевтың қазақ тілі оқулығында да көрсетіледі. Дегенмен, Жоламанды Джоламан деп жазу, Жолдасбекті Джолдасбек деп айту, осы сияқты айтылған ережелерге бағынбау күні кешеге дейін, яғни тәуелсіздік орнағанға дейін орын алғаны белгілі. Демек, бұл әрекетті тіл саясаты арқылы халықты біртіндеп орыстандыру ісінің бір көрінісі деп қабылдауымыз керек.

Бүгінгі күні мектеп оқулықтарында *қ*-ның жіңішке формасы *г* деп арнайы тоқтала бермейді. Барлығы дауыссыз дыбыстар қатарында танылып, *қ*-қатаң дауыссыз, *г*-ұяң дауыссыз дыбыс деп үйретіледі. Ал шын мәнінде фонетиканы меңгертуде *қ*-мен *ғ*-ның дыбысталуы ұқсас екеніне, сол себепті *қ*-дан аяқталған сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда *қ*-ның *ғ*-ға айналатынына арнайы тоқталмайды. Ал Н.Сауранбаев орыс мектептеріне арналған 5-сынып Қазақ тілі оқулығында *қ* мен *г* дыбыстарының арасындағы осы ерекшелікті арнайы айтып өтеді. Мысалы: «*Qq , Пп в русском языке отсутствуют. При произношении звука q задняя часть языка прикасается к гортани, при этом струя воздуха задерживается, образуется гортанный звук q. Произнесите слова: qalam, aq, Aqan. Точно так же образуется звук п, только лишь с той разницей, что при произношении п язык не соприкасается с гортанью, а лишь только приближается, поэтому п есть звонкая разновидность q*». Бұл ереже 1938 жылғы басылымда берілсе, 1950 жылғы 5-ші басылымда *қ* және *ғ* дыбыстарын *к* және *г* дыбыстарымен салыстыра отырып былайша таныстырады: «*Звуки қ-г в русском языке отсутствуют. Они оба всегда произносятся твердо и пишутся только в твердых слогах. Қ – глухой согласный звук. При произношении его действует более задняя часть языка сравнительно со звуком к. Например: қалам – ручка, ақ – белый. Ғ – звонкая пара қ. Ғ – тоже глубоко задний звук сравнительно со звуком г. Например: Аға – старший брат. Қағаз – бумага*».

Орыс мектептеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазған К.Кемеңгерұлының дыбыс жүйесін үйрету әдісімен салыстырғанда Н.Сауранбаевтың оқыту әдістемесі әлдеқайда жеңіл әрі тиімді екені аңғарылады. Себебі, К.Кемеңгерұлы қазақтың төл дыбыстарын үйретуде өзге тілдермен салыстыруы тым басым. Мысалы,

ү – краткое *у* произносится несколько уже, приблизительно, как в словах «булка», «бух!».

е – *э* (очень закрытое), звук близкий к русской «э» произносится как в слове «верно».

ы – ы (узкое) – приблизительно тот короткий и неопределенный звук, который сложится в слове «страшен, если его читать «страш`н».

ң – нг, как немецкое ng, произносится с пропуском воздуха.

ғ – очень заднее «проточное» г, как в слове «бога».

к – к (очень заднее, производимое самым корнем языке «к») [39, 96].

Орыс мектебіне арналған қазақ тіл оқулығында Н.Сауранбаев алдымен қазақтың төл дыбыстарын және жиі кездесетін дыбыстарды үйретеді. Қазақтың төл дыбыстарын меңгерту арқылы орыс және қазақ тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді дәйектей түседі. Сондықтан да бұл оқулық академиялық негіздегі жоғары оқу орындарына арналған қазіргі қазақ тілінің фонетика саласын игертуге де бірқатар септігін тигізген деп ойлаймыз. Қалай болғанда да бұл оқулықтың артықшылығы фонетика заңдылықтары мен дыбысты меңгерту әдістемесі арасында теориялық және практикалық байланыстың тиімді үйлесуінде. Сонымен бұл оқулықтың кіріспе бөлімінде жеке дыбыстардың акустикалық, артикуляциялық қызметі мен орыс тілінен айырым белгілері түсіндірілсе, екінші негізгі бөлімде дауыссыз және дауысты дыбыстардың жіктелімі мен олардың заңдылықтары меңгертіледі. Осы оқулықтағы бір ерекшелік алғашқы басылымында да, соңғы басылымында да қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар қатаң және ұяң дауыссыздар болып бөлініп, *р, л, м, н, ң* сонор дыбыстарының қатарына жатады деп көрсетеді. Яғни 1950 жылға дейін глухие согласные – қатаң дауыссыз, звонкие – ұяң дауыссыз болып аударылып келді де, үнді дауыссыздың орнына сонор дауыссыздар деген қолданыс болған.

Оқулық авторы дауыссыз дыбыстарды меңгертумен қатар, оның қосымша жалғаудағы үндестік заңын қоса түсіндіріп өтеді. Мәселен, көптік жалғауларының жуан буынды сөзге жуан жалғау, жіңішке бунды сөзге жіңішке жалғап талғайтынын, ал ұяң *б, в, г, д* дыбыстарынан аяқталған сөздерден кейін -тар, -тер жалғауы ұяңданбай-ақ осы қалпында жалғана беретін ерекшеліктері болатынын, яғни олар *завод+тар, клуб+тар, педагог+тер* сияқты орыс тілінен енген сөздердің жазылу орфограммасына сәйкес болатынын арнайы айтып өтеді. Сондай-ақ Н.Сауранбаев класс сөзіне жалғау жалғанғанда бір с түсіп қалатынын, бұл ереже осы секілді сөздердің барлығына да тән екенін ерекше айтып өтеді. Себебі, бұл жазылуында қиындық келтіретін сөздер қатарына жататын болғандықтан, оның дұрыс жазылу, дұрыс қосымша жалғау жолдарын әдейілеп көрсетіп отырған. Автордың бұндағы басты тілегі - сауатты, дұрыс жазуға дағдыландыру.

Осы күнгі мектеп оқулықтарында кездесе бермейтін, бірақ аса қажетті тақырып - орфоэпия мен орфографиялық ережелер, тілдік ерекшелік уникалийлер (исключениелер) Н.Сауранбаевтың 5-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығын айқын көрініс тапқан. Автор сөз тіркесіндегі алдыңғы сыңар сөздің соңғы дыбысы мен соңғы сыңар сөздің бастапқы дыбысы арасындағы ілгерінді, кейінді немесе тоғыспалы ықпалдардың әсерінен жазылуы басқа ал айтылымы мүлде басқа болып, орфографиясы мен орфоэпиясы сәйкес

келмейтін тұстарын ашық көрсеткен. Мысалы: *«Из двух рядом стоящих слов, если первое кончается на п, қ, к, а второе начинается с гласного, то при произношении п, қ, к, под влиянием гласного звука переходят в звонкие б, з, г. Например: көп адам, произносится көбадам; ақ ұн – азұн, көк егін – көгегін».* Сауатты жазуға, таза сөйлеуге үйрету үшін осы тілдік ерекшеліктерді міндетті түрде жазылым және айтылым формасында салыстырып көрсету қажет.

Н.Сауранбаев айтылым мен жазылым арасындағы айырмашылықтарды оқулыққа толық енгізген десе де болады. Себебі, оқулық құрастыруда оның мақсаты қазақ тілінің теориялық құрылымын үйрету емес, қазақша дұрыс жазып, дұрыс сөйлеп үйренуге баулу болатын. Қазіргі өзге ұлт өкілдеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының негізгі көздегені осы мақсат болғанымен, қазақ тіліндегі айтылым мен жазылым арасындағы сәйкес келмейтін уникалий ережелерге баса назар аудара бермейді.

Мысалы, Н.Сауранбаев қазіргі қазақ тіліндегі ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдардың ерекшеліктерін (түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың бір-біріне әсерін, қосымшаның сөздің дыбысына байланысты жалғанатынын) орыс топтарына ыңғайлап отырып түсіндірген.

Н.Сауранбаев ілгерінді, кейінді ықпал деп арнайы атамаса да, қай дыбыстан кейін қосымша жалғанғанда айтылымында өзгерістер болатынын көрсете отырып, мысалмен дәйектей түседі. Және сондай айтылымы мен жазылымы тең келмейтін сөздерге толық машықтану үшін жаттығуларды көптеп ұсынады. Мәселен, ілгерінді ықпалға қатысты ережені автор былайша түсіндіреді: *«Между двумя словами, после гласных, сонорных и звонких, глухие қ,к становятся звонкими, после глухих звонкий б становится глухим; впереди ж звук с переходит в ш. Например: Жылы күн – жылы гүн*

Алып бар – алып пар

Тас жол – таш жол»

Ал кейінді ықпалға қатысты ережені былайша түсіндіреді: *«Внутри слова или между словами звуки с и з перед ш произносятся как ш; звук з перед с произносится как с. Например Жұмысшы – жұмышшы*

Бес шана – беш шаша

Тұз сал – тұс сал»

Осылайша өзгеретін сөздердің барлығы дерлік бұдан кейінгі жаттығуларда берілген. сондықтан оқушы кейінді ықпалдың әсерінен айтылуы басқаша болатын сөздерден шатаспай, орфографиялық заңдылығын сақтап жазатыны айдан анық.

Автордың осы оқулықты құрастыруда оқушының сауатты жазуға ерекше ден қойғанын мына ережелерден байқай аламыз. *«Если слова оканчиваются на звонкие б, д, з, в, то приставки начинаются с глухих звуков. Например: Ленинград+та, Иванов+та. В слове или между словами звук н перед к, з, г произносится как н, а перед б как м. Например:*

Пишется:

Читается

Нан+ға
Аман+келді
Құнан+баев

Наң+ға
Аман+гелді
Құнам+баев»

Осылайша көзге айқын көрсету арқылы қазақша жазылым мен осы оқулықты қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерту әдістемесінің тілдің теориялық негізін үйрететін әдістемеден бөлек болатынын айқындағандықтан, өз заманындағы сауатсыздықтың себептерін ескере отырып құрастырғанға ұқсайды.

Демек, Н.Сауранбаев нақ осы оқулығын жазуда дәстүрлі оқулық құрылымына сүйенбей, оқушының тәжірибесінде жиі кездесетін қателіктер мен олқылықтардың алдын алу мақсатында практикалық қағидаға иек артқаны байқалады.

Бастауыш мектеп оқушыларына арналған алғашқы сөздік

Н.Сауранбаевтың, С.Жиенбаевтың құрастыруымен 1941 жылы 6000 сөзді құрайтын бастауыш мектепке арналған орыс-қазақ сөздігі жарыққа шыққаны белгілі. Бұл еңбек бастауыш мектеп мұғалімдері үшін аса қажетті болғандықтан өз уақытында сұраныс талабына сай дер кезінде жарияланған болатын. Бұнымен қоса авторлар орыс және қазақ тілі меңгертуде жиі кездесетін тіл мәселелерін ескерген. Мәселен, сөздіктегі орыс сөздерінің барлығына дерлік екпін таңбалары (ударение) қойылған, соған қарай отырып, бастауыш сынып оқушысы ол сөздің дұрыс қалай оқылатынын және қалай жазылатынын анық аңғарады. Сөздікте ең бастысы күнделікті тіршілікте, отбасы қарым-қатынасында, қоғамдық ортада жиі қолданылатын сөздер мен орыс тілі арқылы кірген жаңа мәдени сөздер берілген. Сөздіктің авторлары сол кезең қолданысындағы барлық сөздерді беруді мақсат етпейді, сондықтан кейбір сөздердің аудармасы талымай қалуы мүмкін. Олардың көздегені бастауыш мектептерінің сөздік қорында қамтылуға тиіс деген сөздерді беру. Сол себепті сөздік ықшамдалып жасалған. Бұл жөнінде авторлар сөздіктің алғы сөзінде айтып өтеді.

Қазіргі заман көзқарасымен талдағанда сөздіктің құндылығын мынадай байқауға болады.

Біріншіден, өзге тілді сөздерді кірмелендіруден гөрі қазақша төл баламасымен аударуды көздеген. Мысалы, *юбка* сөзі *әйелдердің белдемге көйлегі* деген аудармамен берілген. Сол сияқты *форточка* – *терезе желдеткіші*, *рубль* – *теңге*, *рудник* – *кен шұқыры*, *ремень* – *қайыс белбеу*, *миндаль* - *бадам*, *аппетит* – *мейіл*, *печать* – *мөр* деп көрсетілген. Тәуелсіздік алғанмызға дейін *юбка*, *форточка*, *рубль*, *рудник*, *ремень*, *миндаль*, *аппетит* деп сөйлегеніміз белгілі. 1990 жылдан бастап орыс шеттілдік сөздерді қазақшалау мәселесі қолға алына бастағаннан кейін барып, *желдеткіш*, *теңге немесе сом*, *кен өндірісі*, *бадам* деп айта бастадық. Бұл жерде авторлар *аппетит* сөзін өзіндік танымымен, аялық білімімен

танытуды дұрыс көрген болар, әйтпесе, *аппетит - тәбет* деп аударылып жүр.

Екіншіден, мүмкіндігінше қазақша балама тіркеспен аударуға тырысқан. Мысалы, *азбуканы әліппе* дегеннен кейін, *алфавитті әліппе тәртібі* деп аударған. Ал *букет* ұғымына (*бір уыс*) *бір байлам гүл* деген балама ұсынған. Сол сияқты *казарма – әскерлер жатақханасы, парик – жалған шаш, отвертка – ашқыш, переулок – тығырық, пассажир – жүргінші, пиджак – пенжсек, косынка – біртартар, баба – қатын, женищина – әйел, пляж – суға шомылатын жер, повар – ас пісіруші, полка – текше* деп берілген. Жоғарыда аталған сөздерді бүгінгі күнге дейін күнделікті ауызекі қолданысқа орыс баламасымен атап келгеніміз белгілі. Ал олардың аударма баламалары сонау 1941 жылдары ұсынылған екен. Тілдегі саяси идеологияның салдарынан орысша сөйлеу қарым-қатынасы басым болғандықтан, қазақша аудармалары қолданыстан тыс қалғаны көрініп тұр.

Дегенмен, бұл жерден ғалым Н.Сауранбаевтың ұлттық тілдің өміршеңдігін арттыру үшін, төл тіліміздің мәртебесі биіктеу үшін жасаған еңбегін байқаймыз.

Үшіншіден, сөздік бастауыш мектеп оқушыларына арналғандықтан, олар жиі қателесін тіл мәселелеріне арнайы тоқталып, астын сызып, айқындап көрсеткен. Мысалы, орыс тілінде қазақ тілімен тең келмейтін кейбір уникалий (өзіне ғана тән) жеке ережелері бар. Яғни көпше формада жазылып, жекеше формасы болмайтын *ножницы, часы*, т.б. сөздердің жанына көпшелікті білдіретін (мн.) таңбасын қойып, алғы сөзінде оларды қайшылар, сағаттар деп көпше түрінде емес, қайшы, сағат деп аударылатынын атап өтеді.

Төртіншіден, жалпы орыс тілін алғаш үйренушілер арасында қиындық тудыратын *без, в, до, за, из, к, на, над, о, об, от, по, под, с, у*, через сияқты көмекші сөздердің, яғни орыс предлогтарының қалай жазылуын алғы сөзде түсіндіріп өткен. Мысалы: «Без – сыз/сіз жұрнағының баламасы, без воды – сусыз. В – қазақша барыс, жатыс жалғаумен беріледі, в город – қалаға. До – шейін/дейін, до вечера – кешке дейін. За – қазақша түрлі жалғаумен, шылаумен беріледі, поставит за дверь – есіктің артына қою, купил за два рубля – екі сомға сатып алдым. Из - дан/ден, из города – қаладан. К – қа, ке, ға/ге, идти к доске – тақтаға бару. На - мағынасы барыс, жатыс жалғауымен беріледі, положить на стол – стол үстіне қою; карандаш лежит на столе – қарындаш стол үстінде жатыр. Над – жатыс жалғауымен беріледі. Лампа висит над столом – лампа стол үстінде ілулі тұр. т.б.» [Русско-казахский словарь. Алма – Ата, 1941] [40].

Осы сөздікті құрастырудағы тәжірибесі Н.Сауранбаевтың кейін орысша- қазақша сөздік жасауына септігін тигізді, қазақ лексикографиясының дамуына үлес қосты. Сөздің баламасын тауып, сөзтізбеде әдеби үлгісін көрсету шеберлігі арқылы сөздік құрастырудың теориялық негізін ашуға жол сілтеді.

4-ТАРАУ. ЖАҢА ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ БОЙЫНША ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ жазуы қалыптасқаннан бастап-ақ орфографиялық норма, емле мәселелері, оның қиындықтарын шешіп, біріздендіру сияқты тілдік саясат жүйесі қызметін бәсеңдеткен емес. Яғни сауаттылықтың бірізді заңдылығын тілдік тұрғыдан шешу мәселесі қазақ тіл білімі үшін өміршенді зерттеу нысанына айналды. Жазуы даму үстіндегі, тілі өркендеген елдің тіл саясатында орфография мәселесі өзекті болары сөзсіз.

Қазақ тілі емлесі мен әліпбиінің тарихын терең үңілетін болсақ, ереженің өзгеруі тілдің ұлттық болмысын тұрақты сақтап қалу үшін емес, қоғам талабына қарай бейімделу уәжі басым тұратынын байқаймыз. Қазіргі таңда латыннегізді қазақ әліпбиі бойынша емле жасауда қазақтың табиғатына тән сөйлеу ерекшелігіне сүйене отырып, бірқатар сөздердің жазылуын «Ахмет Байтұрсынұлыша» таңбалауды қайта енгізу керек деген пікірлер өз ұсыныстарын жариялауда. Бұдан да басқа ескеретін жайттар көп. Бүгінгі күні қоғамда емле ережелеріне бағынбаудан туындайтын жағдайлар дұрыс жазудың бірізділік қалпын сақтай алмай отыр. Демек, емле ережелеріне қатысты мәселелерді жиі талқылап, жұртшылыққа насихаттап отыруымыз керек. Осыған байланысты жаңа латыннегізді әліпби бойынша емле ережелеріне қатысты ұсыныстарды былайша беруді жөн көрдік:

1. Я әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Сондықтан кирил жазуындағы я-ның орнына йа жазыла ма, иа жазыла ма, әлде тек и немесе а жазыла ма деген мәселенің басын ашып алу қажет. Мысалы, сөз басында кездесетін Ясауи, япыр-ау, яғни, ядро, яһуди, т.б. сөздерді *ia* дифтонг дыбысымен таңбалаймын. Жаңа әліпбиде и мен й дыбысына бір ғана *ii* таңбасы берілгендіктен және өзінен кейін а жалғасатын болғандықтан, оны дауыссыз й дыбысы деп ойша қабылдаймыз да соған орай тасымалған, буынға бөлеміз. Мысалы, *Iasayı* - Ia -sa -yı. *Iaǵni* - Iaǵ - ni.

Сөз ортасында және сөз соңындағы «ия»-мен берілген сөздердегі я-ның жазылуы. Зияткер, қиямет, қиял, қиян, қияр, қияқ, алдияр, қияш, қиятас. И (i) соңынан дифтонг дыбыс я (ia) жалғанғанда екі «i» қатар келейін деп тұр. Сондықтан бір i (и) түсіріліп жазылуы тиіс. Мысалы, *ziatker* (зиаткер), *qiamet* (қиямет), *aldiar* (алдиар) деп жазылады.

Сөз соңында кездесетін я-ға байланысты емле де нақ осындай болуы тиіс. Мысалы, мия -*mia* (миа) , автономия - *avtonomia* (автономия), биология - *biologia* (биология), химия - *himia* (химия) Әсия - *Asia* (Әсия).

Бильярд, коньяк, итальян сияқты сөздерде «ь» белгісінің әсерінен я (йа) әрпіндегі «й» дауысты «и» қызметіне көшуі мүмкін. Мысалы, билиард - *biIiard* (би-ли-ард), италиян *italian* (и-та-ли-ан). Дауыссыз дыбыстан кейін келетін Я дифтонгінің орнына иа жазылады да, екі буынды құрайды.

Мысалы, герцогиня - герцогиния (гер-цо-ги-ни- а), графиня- графиния - гра-фи-ни -а, князь - князь - книаз - кни-аз.

Ю әрпінің таңбалануы. Жаңа әліпбиде бұл әріп жоқ. Дегенмен, осы әріппен таңбаланған сөздер өте көп. Оны қалай жазамыз деген мәселені анықтау қажет. Ю - дифтонг дыбысы йу-мен, иу-мен немесе у-мен таңбаланады.

Сөз соңында «ют» және «юс» болып аяқталатын сөздерде у жазылғаны дұрыс. Мысалы парашют - parashýt (парашут), абсолют - absolýt (абсолют), плюс - plýs (плюс).

Сөз соңында және ортасында иу-мен берілетін сөздерде ю орнына у жазылғаны дұрыс. Мысалы, кию - киу, қию- киу, иу-иу.

Сөз ортасында «юз»-бен берілетін сөздерде ю орнына у жазылғаны дұрыс. Мысалы, эксклюзив - (эксклюзив), иллюзион - (иллюзион).

Бірбуынды сөздерде ю орнына йу жазылғаны дұрыс. Мысалы, ою - ойу, аю - айу.

ИЙ дыбыстар тіркесінен жасалған сөздер емлесі. Соңы ий-мен аяқталатын сөздер: *таллий, фермий, цикорий, элювий, эпителий, алюминий, барий, ванадий, галлий, гелий, гербарий, гидроксоний, элювий*. Жаңа әліпбиде и және й бір әріппен (i) берілгендіктен, қосақталған и мен й орнына бір ғана i жазылуы тиіс. talli, fermi, sikori, eliývi.

Кірме араб сөздерінің ішінде жарыспалы қолданылып келген дублет сөздер жиі қолданылу нәтижесінде жеке мағынаға ие болып бөлек-бөлек лексикалық бірлік ретінде танылуы тиіс. Мысалы: үкімет (правительство) - өкімет (власть), хабар (известие) - ақпар (сводка), ғылым (наука) - ілім (учение), әрекет (действие) - қарекет (тіршілік - поступок, попытка). Қарекет болмай берекет болмас (без попытки нет добра). Пейіл (доброжелательность) - пиғыл (умысел). Пейіл - жағымды коннотаттық мағынада жиі қолданысқа ие болып, ақпейілі, кішіпейіл, шын пейілімен, кеңпейіл сөздері арқылы дәйектеле түсті. Ал пиғылдың негативті мағынасы басым түсті. Арам пиғылды, пиғылы тар, т.б қолданыстардағы жиілігі арқылы дәлелденді. Сондықтан олардың бірі әдеби, бірі сөйлеу тілінің варианты емес, екеуі де әдеби тіл қатарынан орын алған лексема ретінде сөздікке енгізу қажет.

Қазақтың сөздік қорына енбеген, тек қолданыста жүрген паркинг сияқты сөздердің жазылуына неге аса мән беруіміз керек? Паркинг - әлемдік сәнді қолданыстың легімен келген сөз. Ол бірде-бір қазақ сөздіктеріне енген емес. Оның автотұрақ, тұрақжай деген төл тіліміздегі баламасы бар. Ендеше оның дұрыс жазылуын паркиң деп алып, ерекше назар аударудың қажеті қанша? Паркинг сөзі түсіндірме, емле сөздіктерінде болуға тиіс емес, ол тек аударма сөздіктерінде қазақ тіліндегі аудармасымен ғана тұруы тиіс. Сонда дағдылы түрде тілдік қолданыстан шығады деп ойлаймын. Сол сияқты митинг сөзін митиң деп тұрпаты танылмайтындай өзгерткенше, жиын деген төл атаумен ауыстыруға тырысу қажет. Собрание - жиналыс болса, митинг - жиын болуы керек. Демек, митинг сөзін де қазақ тілі сөздіктеріне енгізудің

қажеті жоқ. Педагог сөзін педагог деп жазғаннан не ұтамыз? Шындығына келгенде, төл тілімізде педагогтың орнына ұстаз деген атау бар. Соңы -ог, -ок, -ист-пен аяқталатын шеттілдік сөздерді икемдеп жазудан гөрі, төл тілімізге аудару әлдеқайда пайдалы. Мәселен, *филолог - сөзтанушы немесе сөз маманы, лингвист - тілтанушы немесе тіл маманы, психолог - жантанушы, офтальмолог - көз дәрігері, кардиолог - жүрек дәрігері, стоматолог - тіс дәрігері, хирург - оташы, теолог - дінтанушы, түрколог - түркітанушы, социолог - әлеуметтанушы, зоолог - жануартанушы, биолог - ағзатанушы, эколог - табиғаттанушы, эпидемиолог - індеттанушы, археолог - мұраттанушы, астролог - жұлдызшы, геолог - жертанушы, пролог - алғысөз, эпилог - соңғысөз, диалог - сұхбат* деп қазақша атаумен беру арқылы шеттілдік сөздердің белсенді қолданысын жоюға болады.

Шеттілдік сөздерді қазақ тілінің айтылуына икемдеп жазу арқылы сөздік қорды молайту - амалсыз шаралардың бірі. Қазірге дейінгі енген кірме сөздердің (жәшік, бәтеңке, самаурын) жазылуы бірнеше жылғы икемделу қолданысының нәтижесінде болған үдеріс. Бұл сөздерді тіл мамандары әдейілеп икемдеп жазу үлгісін ұсынған емес. Осылай жазуға алып келген халық. Демек, шеттілдік сөздердің кірмелену үдерісі жалпыхалықтық мұқтаждан туындауы керек.

Қазақ тілінің лексикалық қабатын сөздікте қамту мәселелері: терминдер мен этнографизмдер

Қазақтың рухани құндылықтарын, тілдің қазынасын танытатын көне ескіліктер жаңа әліпбиімен дайындалатын сөздіктерде түгел қамтылуы тиіс. Ол үшін сөздіктерге енбей қалған этнографизмдерді жинақтап, олардың дұрыс жазылу жүйесін орфографиялық нормаға бейімдеп дайындау қажет.

Қазіргі таңда біріккен көне сөздер мен жаңа қолданыстағы сөздердің жазылуында орфографиялық ереженің жаңаруы байқалады. Мәселен, той сөзімен тіркесетін де, бірігетін де сөздер көбейді. Қазақтың этнографиялық мәні жоғары той сөзінің негізгі мағынасы - қазақ халқының мәдени өмірінде ерекше орын алатын адамның дүниеге келуі, үй болуы, не түрлі қуанышты кезеңдерін атап өту дәстүріне сәйкес өткізілетін дүбірлі салтанатты жиын. Мысалы, *сүндет той, үйлену тойы*. Тойдың осындай бірнеше түрлері болғандықтан және ондағы той мағынасы дүбірлі салтанатты жиын мәнінде қолданылғандықтан аталмыш атаулар бөлек, тіркес күйінде жазылады. Ал енді қазіргі қолданыста тойдың екінші мағынасында қолданылатын, яғни айтулы дата, мерекелі, даталы күн мағынасында жұмсалатын сөздер қатары көбейді. Бұндай жағдайда тоймен тіркескен сөздер бірігіп жазылады. Мысалы, *мерейтой, алтынтой, күмістой, қоныстой*, т.б. Себебі бұл жерде тойға акцент берілмейді. Той негізгі мағынасында емес, бірінші сыңардың айтулы күн екенін білдіру мәнінде ғана жұмсалады. Себебі бұндағы тойлардың қызметі - ерекше күн екенін айқындау. Ал бесік тойдағы тойдың

үйлену тойдағы тойдан қызметі де мәні де өзгеше. Бұл тойлардың әрқайсысының өзіне тән салты, дәстүрі, ырым-тыйым бар. Санада сондай мазмұнда сақталады. Сол сияқты ағаш сөзімен де бірігіп, бөлек жазылатын сөздердің моделі осы айтылғандарға сәйкес келеді. Мәселен көнеден келе жатқан *иінағаш*, *мойынағаш* (*су таситын құрал*), *жерағаш* (*соқа*), *тісағаш* (*диқаншы құралы*), *атағаш* (*ат байлайтын мама ағаш*), *белағаштар* (*арба құралы*) тұрмыстық қолданыстағы құралдардың атауы. Бастапқы мағынасынан айрылған, яғни кәдімді жайқалып өсіп тұратын өсімдік мәнінде емес, сол ағаштан жасалған құрал атауына айналған. Демек, бұл атаулардың бірінші сыңары қолданыс аясына қарай басымдыққа ие болып, екінші сыңарының мәнін көмескілендірген. Сондай-ақ әулиеағаш этнографизмі де осылардың қатарынан орын алады. Ал *білік ағаш*, *жарма ағаш*, *ибей ағаш*, *өре ағаш*, *салтқы ағаш*, *сайғау ағаш*, *өсімтал ағаш*, *серу ағаш*, *сидам ағаш*, *шом ағаш*, *шынар ағаш* сияқты тіркесті сөздердің бірінші сыңары ағаштың қасиетін, түрін, сипатын танытатын айқындауыштық қызмет атқарғандықтан бөлек жазылады.

Тілімізде біріккен сөздер қатарын толықтыратын сыңар сөздердің саны көбейіп келеді. Мәселен, адамның дене мүшелеріне ұқсатуына орай туындаған атаулардың ішінде басымдыққа ие болып отырғандары: *көз* (*алакөз*, *жаутаңкөз*, *көзәйнек*, *көзжақсы*), *бас* (*қазанбас*, *қарабас*, *қасқабас*), *құлақ* (*қосқұлақ*, *айқұлақ*, *құймақұлақ*, *саққұлақ*, *салпаңқұлақ*, *саңырауқұлақ*), *аяқ* (*жалғызаяқ*, *жолаяқ*, *желаяқ*, *сегізаяқ*) т.б. Көне сөздердің бірі - аяқ (ыдыс мағынасында). Осы мағынада тіркескен сөздердің барлығы бірігіп жазылады. *Шыныаяқ*, *саптаяқ* (*кіріккен сөз - сапты аяқ болған*), *ағашаяқ*, *жұкаяқ*, *итаяқ*.

Осылайша біріккен сөздердің ортақ бірігуші сыңарларының қатары көөбейген сайын, бірге/бөлек жазылатын сөздердің моделін қайта қарастырып, жаңалап отыруға тура келеді. Себебі күннен күнге тілімізге жаңа сөздер қосылып, көне сөздер жаңғыртылып жатыр. Ең бастысы олардың жазылу моделін шатастырып алмау қажет. Тілімізде салт-дәстүрлерге, кәде-жоралғыларға, ырым-тыйымдарға қатысты әлі де таныла қоймаған көне сөздер көп-ақ. Этнографизмдердің таңбалануын арнайы зерттеудің де ерекше мәні бар. Себебі көне атаулардың барлығы дерлік екі сөздің бірігуінен жасалған. Сондай-ақ сөз тудырушы жұрнақтар жалғануы (ар, ер: *іашар*, *атұстар*, *көйлектігер*, т.б.) арқылы аталым сипатқа ие болады. Осы тұста да бірге/бөлек жазылу принциптерін анықтауда қиындықтар туып жатады.

1. Этнографизмдердің латын әліпбиінде таңбалануын талдамас бұрын, орфографиялық сөздікке енгендерін жинауға тура келеді. Бұларды жаңа орфографиялық сөздікке міндетті түрде енгізу қажет. Мысалы:

АЙҚАЛЫП– жарты ай бейнесін түсіретін құйма қалып түрі. Мұндай қалыпты көбінесе сырға, шытыра дайындауға қолданған.

АЙНАҚАП / АЙНАҚАЛТА – опа, айна тәрізді сәнденуге қажетті бұйымдарды салып, шымылдыққа іліп қоятын бұйым. Айнақап төртбұрыш пішінді, тұмарша тәрізді қақпағы жабылатын етіп ақ киізден жасалады.

АЙТИЕК – шертпелі саз аспаптарында қоңыр үн шығаруға мүмкіндік беретін тетік, аспап бөлшегі.

АЙЫЛТОҒА – айыл, белдік, белбеу сияқты т.б. бұйымдардың бір ұшындағы тілшелі металл тоға, жырымның киілетін шығырық өткізілген екінші басы немесе айыл-тартпаның басына өткізіп жасалған ілмек бекіткіш.

АЙЫРҚОМ – ат жауырынын қажамайтын етіп жасаған ер түрі. Жауыр болғанда айырқом салынады.

АЙЛГЕК – әйелдердің камзол, шапан тәрізді үй киімдері мен сырт киімдеріне тағатын мүйізден әшекейленіп жасалған, ай орағына ұқсас, көлемі баланың саусағындай сүйектен жасалған түйме түрі.

АҚТАЙҒАҚ – қой, ешкі және сиыр түлігінде кездесетін індет атауы.

АҚАНДОЗ – пештен, ошақтан күл алу үшін сабын ұзынша етіп қаңылтырдан жасаған құрал, қалақ.

АҚЖІГІТ – қайыс өңдеуде қолданылатын құралдың атауы. Әсіресе, қайыстан өрме өретін шеберлер жиі қолданады.

АҚҚОЛ: АҚҚОЛ АНА – дәстүрлі ортадағы жүкті әйелдерді босандыратын тәжірибелі әйел, жәрдем жасайтын «маман».

АҚНОҒАЛА – адамның көзінің қарашығын айнала шығатын ақ түстік дақтардан болатын ауру атауы. Көзге шел қаптау.

АҚСАҚТЕМІР – асыл болаттан соғылған ұштары үшкір, әрі қырлы қос сирағы бар шеберлік құралы.

АҚТАҢЛАҚ – малда кездесетін тері ауруының атауы.

АҚТОРЫҚ – патшалық Ресей кезінде Ертіс жағалауындағы әскерилер есебіне берілген жерлеріндегі қазақтар жалға алып пайдаланатын жайылым атауы.

АҚЫИЕ – дәстүрлі қазақ қоғамында әдет-ғұрыптық құқықта қолданылған ұғым, билерге жүгінген зәбір шегушінің ең жақын жанашыр адамының атауы

АЛАПА-ҮЛЕПЕ – орта ғасырлық түркі-моңғол елдерінде мемлекеттің тұрақты қызметіндегі әскердің ат-көлігін ұстауға қажетті хан, мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат

АНЖЫ – аттың жауыр жарасын, түрлі соқталы жарақаттарды емдеуде қолданылатын тәсіл атауы.

АНТСҮЙЕК – соғымға сойған мал етінің сақталған ең соңғы кәделі (ақтық) мүшесі.

АПАНАҚ – аюдың бір жастағы баласының атауы.

АРАЛА – дәстүрлі емшілікте қолданылған собық шөп.

АРЫСБАСЫ – елбасы, елдің иесі, билік жүргізуші дегенді білдіретін ұғым, тоғанақтың иесі

АТТҰМАР – магиялық, мистикалық сенімдерге негізделген, тіл-көзден сақтайтын ат мойнына тағылатын фетиштік зат, тұмар түрі.

АТТАРАҚ – аттың түгін тарайтын тарақ, жылқыны баптап, күтуге арналған құрал.

АТТҰЯҚ – үлкен, жылқы тұяғымен барабар алтын немесе күміс құйма.

АШҚҰРСАҚ– малдың артқы санының жамбас тұсындағы ойыстау келген тұсы.

АШМЫҚ– ұннан, дәннен қуырған тұз салып, айран қосып ашытқан сусын.

АЮБАСҚЫ / АЮБАСТЫРЫҚ/ – аю аулаудағы сирек кездесетін амал-айлалардың бірі.

ӘБІЛХАЯТ– мәңгі өмір дарытатын қасиетті су.

ӘЙКЕЛТҰРМАН– әдетте мата, қымбат матаға күміс, зер шытыраларды қадап әшекейленіп безендірілген ат әбзелінің атауы

ӘЙКЕЛҚҰДЫҚ– кенересі құламас үшін бетіне ортасы тесік үлкен дөңгелек тас қойылған құдық.

ӘЛІМБОТҚА– егінші қазақтар арасында құдайы тамақ беру дәстүрімен байланысты дайындалатын, егіс басында құрбандыққа шалынған малдың етіне тазартылған бидайды қосып жасайтын тағам түрі.

ӘРІ-СӘРІ – екі немесе үш-төрт айлық қозы терісінің атауы.

ӘТТІК - қармақтың тілі. Жем салынған қармақты балық қапқанда, Әттік бір жерге ілініп, жемтікті не әрі, не бері жібермей тұрады.

ӘТІРҚҰТЫ– қош иісті әтірді сақтайтын ыдыс. Әтірқұтының көлемі боқшаға немесе қалтаға салып жүруге ыңғайлы етіп жасалады.

БАЙМӨҢКЕ – ұшында қуыс өзегі бар, ағаш кәсіпшілігінде қолданылатын құрал.

БАЙШӨГЕЛ– мағыналық қасиеті қою, белгілі ұғымдардың басын қосып тұратын, билер қолданатын көнеден жеткен түйінді сөздің атауы. Б.-і айтылмай, дау-дамай дұрыс шешілмеген

БИЕҚЫСЫРАМАС – өсіп-өнудің ырымдау бойынша жұртқа берілетін кәде.

БИТТАРАҚ– шашқа түскен бит, сіркені тазартуға арналған құрал.

БӨГЕРНАЙ – би, батырлар қол қойған іздеу қағаз, ерекше құжат.

БӨНТІР – талдан иіп, конус тәрізді етіп жасалған аудың бір түрі.

БӨРІАУЫЗ – темірді қысып тұратын аспап.

БӨРІҚҰЛАҚ– қасқырдың құлағына ұқсастырылып жасалған өрнек.

БЕКБАТША – бура мен аруанадан туған будан.

БЕЛҚАНЖЫҒА– жаяу аңшы құралы.

Айта кететін жайт, *асүй, қонақүй, ауызүй, бозүй, жатынүй, қараүй (этно.), төрүй* бірге жазылады. Себебі бұндағы үй бастапқы мағынасында емес, ғимарат, бөлме ұғымындағы күнгірт мағыналарында жұмсалып, негізгі басымдық үйге емес, бірінші сыңарға түсіп тұр. Бұндай жағдайда екі денотат

бірігіп, бір атау мәнінде жұмсалғанда сөздер бірігеді. Ал *белдеу үй, киіз үй, дөңбек үй, дабыл үй* бөлек жазылады.

Демек, аң, құс, өсімдік, жиһаз, ойын, кәде, салт, жоралғы атауларындағы біріккен сөздер қосарланып бір ғана атау мәнінде жұмсалса бірігіп жазылады. Егер бірнеше түрлерін сипаттайтын ажыратушы мәнде қолданылса бөлек жазылады. Мысалы, қамшының түрлері (соп қамшы, дырау қамшы).

Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылатын, орфографиялық сөздікте жоқ жаңа стереотиптік атаулар:

Бетсыдырғы - ат үсті қарау. *Бүгінгі ұрпақтың бетсыдырғы білім мен өнерге атүсті жеңіл көзқарасына жаны қастығы хас шебердің бет-әлпетінен сезіледі.* (muslimamze.kz).

Бозборан - алаңсыз. *Қолдарындағы сәмбі талдың солқылдаған жас шыбығымен обал-сауапты ойламастан басы мен құлағын бозборан соққының астына алады* (tattialma.kz).

Шөпкетышарлар - шенеуніктер. *Ал, облыстың тұтқасын ұстап отырған шөпкетышарлар өздерін сынағаным үшін жынын құсқан жалақор Бекбосынды маған айдап салып, мені мұқатпақшы болды. «Қазақ әдебиеті» газеті, 5 қазан 2015ж*

Нәзікжандылар - әйелдер. *Елімізде нәзікжандылар басқаратын кәсіпорындардың қатары 28%-ға артты.*

Қарадомалақтар - қазақ балалары. *Пеленің отанынан оралған қарадомалақтар футболдың түрлі әдістерін жетік меңгеріп келді. «Жас қазақ» газеті, 20 мамыр 2015ж*

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу қарсаңындағы негізгі лингвистикалық қағида - этнографизмдердің барлығы орфографиялық сөздікте қамтылуы. Себебі басқа лексикалық бірліктермен салыстырғанда көне ескіліктердің жазылуы (біріккен, қос сөз, тіркес) ерекше. Екі немесе үш сөздің бірігуінен жасалатын сөзжасамдық жүйе этнографизмдерге тән. Сондықтан оларды тұрмыстық лексикадағы тіркес қолданыстармен шатастырмау үшін түбегейлі жинақтап орфографиялық сөздікке енгізу қажет.

Кез келген тілде терминжасам процесі, ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге асырылады. Демек, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, терминдер қатарында сол тілге тән әр түрлі құрылымдылық типтері кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б.

Медицина терминдерінің төл тілімізге аударылуында кейбір олқылықтар бар екені байқалады. Жаңа латын әліпбиіне көшу қарсаңында термин аудармаларында кездесетін күмәнді нұсқаларды өз алдына бөлек жинақтап, арнайы талдаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай күмән келтірілген, аударылған терминдер жиналды.

Мысалы, амастия - емшексіздік, аменория - етеккірсіздік, амиелия - жұлынсыздық, амимия - ымсыздық, адентия - тіссіздік, адермия - терісіздік, анокемия - оттегісіздік, анорексия - тәбетсіздік, анорхизм - атабезсіздік, апраксия - ептейсіздік, асинергия - әрекетсіздік, аспермия - шәуетсіздік, атрихоз - жүнсіздік, ахейлия - ерінсіздік, ахилия - сөлсіздік, ахромия - түссіздік, безрассудство - ессіздік, беспомощность - дәрменсіздік, декомпозиция - үйлесімсіздік, диспропорция - сәйкессіздік, импотенция - белсіздік, меланхолия - көңілсіздік, недостаточность - жеткіліксіздік, непрерывность - үздіксіздік, авитаминоз - дәруменсіздік, аглоссия - тілсіздік, аденостения - безәлсіздік

Демек, жоғарыда аталған аударма баламалардың терминжасам жүйесіндегі моделі - «сіздік» - «а» префиксінің орнына қызмет етіп тұр. Дегенмен, қазақ тілінде «сіздік» қосарлы жұрнағы жалғанғанмен, термин ретінде қолданыс таба алмайтын жағдайы ескерілмегені байқалады. Себебі кейбір сөздердің лексикалық мағынасында жағымсыз реңктер болатыны ескерілмеген. 2014 жылы ұсынылған «Қазақша - орысша, орысша-қазақша» терминдер сөздігін жасау барысында медицина қызметкерлері тікелей қатысқаны, олардың халықаралық терминдерді төл тілімізге аударылуына ерекше көңіл бөліп, төл терминдер қатарының көбеюіне елеулі үлес қосқаны анық. Дегенмен, лингвистикалық терминжасам заңдылықтарын қатаң сақтамағаны, бағынбағаны байқалады. Жаңа латын әліпбиіне көшу қарсаңында жоғарыда аталған аудармаларды сұрыптап, тек дұрыс аудармаларды төл термин ретінде қабылданатынын қалдырған дұрыс. Мысалы, меланхолия - халықаралық термин, темпераменттің (туа біткен мінездік) бір түрі. Оған «көңілсіздік» деген балама келмейді. Себебі меланхолияның бүкіл болмысын таныта алмайды. Көңілсіздік - меланхолияның тек бір қыры ғана және бұл ассоциативті таным көрінісі. Сондықтан «меланхолия - көңілсіздік» - ұғымды аударма деп саналмайды.

Сол сияқты «атрихоз - жүнсіздік». Атрихоз негізінен адамның шашсыз болуы. Шаштың толықтай түсіп қалуы немесе шашсыз болуы. Сондықтан жүнсіздік атрихоз мағынасына балама болуға сәйкес келмейді. Оның үстіне жүнсіздік деген жағымсыз, ұнамсыз естіледі.

Сондай-ақ терминдердің әртүрлі нұсқада жазылуына байланысты көп қателіктер туындап жатады. Әсіресе ресми ісқағаздарын рәсімдеу жұмыстарында кейбір терминдерді жасау жүйесі орфографиялық сөздіктегі емлеге бағынбайды. Мәселен тілімізде хат сөзінің тіркесуі арқылы жасалған құжат атаулары көп. Хатпен тіркесіп келетін сөздер бірде бөлек жазылады, бірде бірге жазылып жатады. Оған халықаралық байланыс, ісқағаздары ісінің қоғам дамыған сайын жетілуі, соған орай кірме терминдерді аудару ісіндегі бірізділік пен емленің сақталмауы басты себеп болып отыр. Мәселен, хаттың түрі көбейген сайын, оның жазылу бірізділігінде де ауытқулар болып жатыр. «Сопроводительное письмо» тіркесімен жазылатын кірме сөз төл тілімізге ілеспе хат болып аударылып енді. Орфографиялық сөздікте қазақ

тілінің заңдылығына сәйкес оны біріктіріп жазды. Бірақ көпшілік қолданыста екі тіркеспен бөлек жазылатын орыс нұсқасына бейімдеп тіркеспен жазатындар жиілеп бара жатыр. Сондай-ақ «благодарственное письмо» баламасы алғысхатта бөлек жазылуға дағдыланып отыр. Осындай бір сөзбен тіркесетін бірнеше атаулардың бірге немесе бөлек жазылатынын айқындап көрсету қажет. Себебі әрбір бес жыл сайын оның қатары көбейіп отырады. Мысалы:

Хат сөзімен бірігетін және тіркесетін атаулар. *Бірге жазылатындар:* колхат, сенімхат, жеделхат, ілеспехат, бастаухат, баянхат, дабылхат, жолдаухат, келісімхат, кепілхат, қолдаухат, құзырхат, құттықтаухат, мағлұмхат, нұсқаухат, сәлемхат, телефонхат, түсінікхат, тілхат, үндеухат, факсхат, хұснихат, ықтиярхат, алғысхат, мәжілісхат, жауапхат, бейнехат. *Бөлек жазылатындар:* жабық хат, ашық хат, міндеттеме хат, қызметтік хат.

Тілдің жазу нормасындағы бірізділік сақталу үшін хат сөзімен келетін құжат атауларының барлығын біріктіріп жазу дәстүрін қалыптастыру керек. Қазіргі тілдік қолданыста терминжасам жүйесінде сыңар сөздің көмегімен аударылып жатқан терминдер көп. Мысалы: ақы сөзін бірнеше терминдердің сыңары ретінде қызмет етіп, бірге жазылып жүр.

Ақы сөзімен бірігетін және тіркесетін атаулар. *Бөлек жазылатындар:* адал ақы, абонементтік ақы, айлық ақы, аккордтық ақы, жалдама ақы, кесімді ақы, қосымша ақы. *Бірге жазылатындар:* жалақы, зейнетақы, билікақы, жәрдемақы, жолақы, қаламақы, қызметақы, өсімақы, өтемақы, пәтерақы, сыйақы, төлемақы, үстемеақы, шәкіртақы, жамбасақы (этно), жүрімақы, кепілақы, көзақы (этно), кірақы, қарымақы, қолақы, сұтақы (кәде), айыпақы, борышақы.

ЖАҢА ЕМЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР

КЕҢ ҚОЛТЫҚ/ кеңқолтық орфографиялық сөздікте бөлек жазылған, ал жиілік сөздікте бірге берілген. Интернет басылымдарында үнемі бірге жазылып беріледі. *Қазақтың кеңқолтық қонақжайлылығына, дархандығы мен бауырмалдылығына ешкімнің шүбә келтірмесі анық. (Жас алаш 2003). Қазақ - кеңпейіл, кеңқолтық. Соған қарап оны мәнжубас, момын, жуас екен деп ойламасын (Айқын 2011). Тағдырлы тарихында түрлі себептермен атажұртынан алыстап, кеңқолтық қазақтың бауырына кіргендер. (Қазақ әдебиеті 2009).* Жиілік сөздікте беріге жазылуының басты себебі де барлық функционалды стильдегі мәтіндерде кеңқолтық сөзі бірге жазылған.

Кең қолтық дарқан, кеңпейіл (1), бейқам, алаңсыз, қамсыз (2) деген мағынаны білдіреді. Демек, ақкөңіл, кеңпейіл сөздерінің қатарынан орын алып бірге жазылуы тиіс деп ойлаймын.

БЕТ ӘЛПЕТ/ бет-әлпет. Орфографиялық сөздікте бөлек жазылған *бет әлпет* тіркесі жиілік сөздікте қос сөз (бет-әлпет) түрінде берілген. Жиілігі - 20 рет. Ғылыми стильде бет-әлпет түрінде қосарланып жазылып жатыр. Мысалы,

Бет және әлпет - өзара мағыналас сөздер. Осыған орай олар қос сөз болып жазылуыға тиісті және тілімізде бет-бейне, бет-ажар сияқты қос сөз түрінде берілген модельдері де бар. Осыған сүйене отырып, бет-әлпетті қосарландырып жазуды жаңа латын әліпбиінің орфографиялық сөздігінде ескеру маңызды. Аталмыш мәселені талдау барысында орфографиялық сөздікте жоқ кейбір сөздердің де ұмытылмай берілуін ескеру қажет. Мысалы: *бет-пішін, бет-бағдар.*

БІТЕ ҚАЙНАСУ/бітеқайнасу. Орфографиялық сөздікте бөлек жазылып жүр. Бітеқайнасқан, бітеқайнаса, бітеқайнасып деп бірге жазылу жиілігі жоғары. Демек бірге жазылуға сұраныс көп. Аталмыш ұғым да атсалысу сияқты фразеологиялық тіркесінің кіріккен формасы. Сондықтан бітеқайнасу деп біріктіріп жазылғаны дұрыс деп санаймын. Жиілік сөздікте «бітеқайнас» етістігі 11 рет біріктіріліп жазылған.

БОЙ ЖАЗУ/бойжазу. Орфографиялық сөздікте бөлек жазылып жүрсе де уақыт өте келе қазіргі қолданыста «бойжазу жаттығулары», «бойжазу режімі», «бойжазу шаралары» тіркестерінде бір денотаттық мәнде біріккен сөз ретінде көрініс тауып жүр. Осыған орай аталмыш фразеологиялық тіркесті жеке аталым ретінде, бір ұғым ретінде қабылдап бірге жазғанымыз дұрыс деп ойлаймын.

МАМЫРА-ЖАЙ/мамыражай. Орфографиялық сөздікте қос сөзбен жазылған мамыра-жай атауындағы жай сөзі «жайлы, жайма шуақ рақат» деген мағынаны білдіріп тұр. Қора-жай, мал-жай секілді орын тұрақ емес. Сондықтан шаруажай, бейжай үлгісінде бірге (мамыражай) жазылуы тиіс деп ойлаймын.

БАС ТАРТУ/ бастарту. Бас тарту ұғымы отказ сөзінің аудармасы ретінде терминдік қолданысқа енді. Бөлек жазылатын осы фразеологиялық тіркесті де біріктіріп жазуға болатын сияқты. Себебі бір ғана әрекеттің атауына айналды. Басқосу моделіне ұқсас. Мысалы, «отказное заключение» термині бастарту қорытындысы деп, «письмо-отказ» бастарту хаты деп беріледі. Тілімізде «бас тарту» кәдесі тағы бар (қойдың басын тарту). Әрине кәде атауы бөлек жазылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде қазіргі орфографиялық сөздіктегі кейбір сөздер емлесіне бағынбау жағдайы кең етек алып бара жатыр. Мысалы:

1. Ауылы /аулы), дауысы /даусы сөздерінің емлесі ескерілмейтін жайттар жиі кездеседі.
2. Қитұрты сөзінің құйтұрқы варианты тең дәрежеде жарыспалы қолданылады. Босаң норма қатаң нормаға айнала алмай отыр.
3. Ыстамбұл (Стамбул), Пәкістан (Пәкстан), Әзірбайжан (Әзербайжан)

жарыспалы қолданыстары жиілене бастады.

4. баскиім (бас киім), мекенжай (мекен-жай), балабақша (бала бақша) біріккен сөздер емлесін қалыптандыру өте ұзаққа созылды. Әлі де қате жазу жағдайы кездеседі.

5. Кәстөм, пәлте, сөмке, кепкі, мәйкі сияқты қазақ тіліне икемделген кірме сөздердің қолданыс жиілігінің төмен болуы.

Осы сияқты орфографиялық мәселелер қазақ тілін оқыту стандартында тереңірек қарастырылмағандықтан, іс-қағаздарымен айналысатын қалам ұстаған қоғамның (БАҚ өкілдері, мемлекеттік қызметкерлер, т.б) орфографиялық сөздік пен емле ережелерімен таныс болмауынан туындап отыр.

Алдағы жаңа латыннегізді әліпби бойынша жасалатын емле ережелерін жасауда аталмыш мәселелер ескерілуі керек деп ойлаймын.

ҚОРЫТЫНДЫ

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды. Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік дағдыларынан тұтастай арылту. Осы саяси, рухани-элеуметтік мәні бар мақаланың арқасында халық Латын қарпіне көшу де – еліміз үшін Ұлы көшке ілесудегі батыл бастама екенін мойындағандай болды. Себебі 2017 жылы латынға көшуге қарсылық болған жоқ десе де болады. Жаңа әліпбиге ауысу, төл тіліміздің рухани жаңғыруын қалайтын, қазақ тілінің сапалы қарқынды тілдік қолданысын аңсайтындар қатары көбейгені байқалды.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар екенін, сол орайда бұл істі тезірек қолға алуды тапсырған болатын. Сол уақыттан бері латын әліпбиіне көшудің мәні қоғамда қызу талқыланып, түрлі жобалар да дайындалды. Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы қазаққа керек пе, жоқ па? Көше қалсақ, бізге не береді? Бүкіл қазақ халқының көкейіндегі сұрақ осы. Ұтамыз ба, ұтыламыз ба? Шыққан қаражат орны тола ма, әлде толмай ма? Ең бастысы, өзін ғана емес, елін де, ұлтын да ойлайтын зияткерлік ұлтты қалыптастыруға бұл әліпбидің септігі тие ме? Міне, осы сұрақтар туындап, оған жауап іздеген телебағдарламалар да басты тақырыпқа латын әліпбиіне оңтайлы көшу мәселесін қойды. Телебағдарламаларда сұхбат берген Институт ғалымдарының пікірлері толықтай көрсетілді.

Бұнымен қоса, көпшіліктің латынға көшуге қатысты шынайы пікірлері де берілді. Соларға сараптама жасай келгенде, 2012 жылғы латынға көшу пікірлері мен 2017 жылғы пікірлердің арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені байқалды. 2017 жылғы көпшілік қауым қазақ тілінің ұлттық негізде жаңғыруына жаңа әліпбидің қажет екенін, жаһандану дәуірінде көштен қалмай, озық технология лебіне ілесу керек екенін сезінгені байқалады. Мысалы, *«Латын графикасына көшкенде жаһандану процесіне және озат технологияға сәйкес біздің қоғамымызға әлемдік ақпараттық кеңістікке кіруге мүмкіндік ашылар еді. Кейбіреулердің пікірлері бойынша, әліпбиді өзгерткенде Ресейден және ресейлік мәдениеттен алыстап кетеміз және кириллицаға негізделген рухани байлықтарымызды жоғалтамыз дейді. Біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз»* (филология ғылымының докторы, профессор Бекен Сағындықұлы). *«Біріншіден, латын графикасына өтудің оңы мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн. Яғни,*

бірізділік, ортақ қағида болуы шарт. Үшіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән - каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет». (профессор Айман Зейнуллина) «Латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды деп ойлаймын. Қуантарлығы, бүгінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларымыз ағылшынша үйренуде. Білім қуған жастар шет тілдерін меңгеріп, шетелдерде білім алуда. Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп санаймын» (журналист Арман Қани). «Алға ұмтылған адам үшін алынбайтын қамал жоқ. Мәселен, мен латын әліпбиін білмеймін, бірақ кітаптарды оқи алады екенмін. Себебі, латын қарпі мен ағылшын тілінің әріптері өте ұқсас келетініне көз жеткіздім». (Майя Исақаева). «Ғалымдар айтқандай, алдымен латын әліпбиіне көшу мәселесінің оңы мен солын саралап, елеп-екшеп, сосын ғана нақты бір шешім қабылдау қажет. Себебі, осы мәселеге байланысты қоғам пікірі екіге жарылатыны сөзсіз. Мұны қалыпты жағдай деп түсінуіміз керек. Бірақ бұл ретте орыс тілінің факторын мүлдем жоғалтып аламыз деген ой болмауы тиіс. Кириллица да керек. Өйткені, Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланысы 65 пайызды құрайды екен» (тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Мейрам Нұғыман). «Бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл - кең таралған жазу. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефонда латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақша тере алмай қиналып жатамыз. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан әрі ауқымы кең».(кәсіпкер Владимир Шнайдер). «Неше таңбаны пайдаланған жән, ол жағын ғалымдар зерттеп, дәлелдеп, тиімді тұсын ұсынсын. Екінші мәселе, қыруар қаражат қажет дедік. Бұл мәселені шешу – үкіметтің міндеті. Ал әр саланың мамандары өздеріне жүктелген міндетті бұлжытпай орындап, жүйелі жұмыс істеуі тиіс. Біз, қазақстандықтар көпшілік болып латын әліпбиін үйренуге, меңгеруге әзір екенімізді көрсетіп, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік танытқанымыз жән деп ойлаймын».(кәсіпкер Жұмабек Сманов). «Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей сәнге айналады деп ойлаймын. Өйткені, қоғамдағы жарнаманың өзі ағылшынша жазылса, адам назарын бірден аудартады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатын жастар көбейіп барады». (студент Жарқынбек Амантай). «Латынға көшсек, сырттағы 5 миллион қазаққа жақындаса түсеміз» ("Жанашыр" қоғамдық қорының президент Жаңыл Әпетова). «Шет тілін меңгеріп жатқан кез келген адам латын қарпін біледі. Ол қазір кеңінен қолданылып та жүр. Қазіргі жастардың барлығы сауатты, латынның негізін біледі. Меніңше, латын әліпбиіне көшу үшін жеті жыл жеткілікті» (ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ә.Байменов). «Өнер саласында жүргендіктен, шет мемлекеттерде көп болдым. Сол кезде көр-

генім, өнер туындыларының көбі латын әліпбиінде жазылған және оны аудару арқылы түпнұсқасын жоғалту қауіпі бар. Сондықтан тарихи жәдігерлеріміздің, өнер туындыларымыздың түпнұсқасын сақтап, тарихи маңыздылығын жоғалтпай жеткізу үшін латын әліпбиіне өткеніміз дұрыс деп бағалаймын. Сонымен қатар біздің келешек ұрпақ ғылыми-техникалық инновация дәуірін-де өмір сүруде. Техника тілі ағылшынша емес пе? Сол үшін қазірден бастап латын әліпбиінде жазып үйренсін, дағдылансын деймін».(халық әртісі Б.Төлегенова). «Латын әліпбиі – әлемде кеңінен тараған әліпбилердің бірі. Тәуелсіз еліміздің латын әліпбиіне көшуі тегін емес, ел үшін жеке басын сипаттайтын, ешкімге еліктемей ұлттық кодымызды одан әрі нық қалыптастыру мақсатында іске асырылып отыр.Латын әліпбиіне ауысу – еліміздің өз дамуын жалғастыруда зор ықпалын тигізеді».(ақын Шөмішбай Сариев). «Латын әліпбиін алыс шет мемлекеттері, оның ішінде ислам әлемінде көшбасшы орындарды алып отырған елдер (Түркия, Индонезия, Малайзия) қолданады. Азия құрлығының мұсылман емес бөлігінде Вьетнам мен Филиппин қолданса, Қытай мен Жапонияда иероглифтік жазумен қатар, латын транскрипциясы пайдаланылады (атап айтсақ, дәл осы жағынан аталған елдерде компьютерлендіру мәселесі шешілген). бүгінгі таңда латын әмбебап халықаралық әліпби болып отыр, әрі оны қолдану «батысшыл» бағыттың белгісі емес, керісінше, бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың құрамына толыққанды мүшесі ретінде енуінің тағы бір белгісі іспетті».(саясаттанушы Тимур Козырев). «Техника мен ғылыми-инновация кезеңінде латын әріптерін оқи алатын, латынша жаза алатын маман ғана өз жаңалығымен әлемді таңғалдыра алады». (техника ғылымдарының кандидаты Қ. Тұрсымбекова). «Бұл бастаманы кешіктіруге болмайды. Латын қарпіне көшуде бізде, қазақтарда бірауыздылық болу керек. Кеңес тұсындағы әліпби ауыстырулардың бәрі де саясаттың қолымен жасалған рухани зобалаң екенін жастарға түсіндіріп айтуымыз керек. Ал бүгінгі шешім одан мүлде басқа екенін, болашақ үшін жасаған өзіміздің таңдауымыз болатынын ұғындыру керек». (тарих ғылымдарының докторы Т.Омарбеков). «Шынымды айтсам, бастапқыда үйреніп қалған кириллицамен жүре бергеніміз жөн шығар деген пікірде болғанмын. Бұл мәселенің маңыздылығын терең түсінбеппін. Енді осындағы ғалымдардың пікірлерін естіп, ойымды өзгерттім. Білмейтінім көп екеніне көзім жетті. Менің айтпағым, осы тақырыпты әлі де халық арасында талқылап, түсіндіру жұмыстарын көбірек жүргізген жөн. Әйтпегенде, латын әліпбиінің маңызын түсінбейтін жастар басқаша пікірде болуы мүмкін» (Дәрия Досмағамбетова, ИнЕУ-дің студенті).

Мінекей, халықтың осындай жаңа серпілісі, жаңа әліпбиін қабылдауға деген талпыныс болашақта ұлттық тіліміздің мәртебелі қызмет етуіне толық кепіл бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сауранбаев Н. Қазақ тілінің емлесі туралы» //Төте оқу» газеті, 1938 жыл.
2. Сауранбаев Н. У мен У әрпінің жазылуы // Төте оқу» газеті, 1938жыл.
3. Сауранбаев Н. І мен J әріптерінің жазылуы // Төте оқу» газеті, 1938 жыл.
4. Сауранбаев Н. F,X,V әріптерінің жазылуы туралы // Төте оқу» газеті, 1938 жыл.
5. Сауранбаев Н. Жуан Ы, J дыбыстарының жазылуы туралы // Төте оқу газеті, 1938 жыл.
6. Сауранбаев Н. Емле жөніндегі бірқатар ұсыныстар // Социалистік Қазақстан газеті, 1938 жыл.
7. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы, Алматы, 2012
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы, 2010ж
9. Сауранбаев Н. Қысаң ь, j дыбыстарының жазылуы туралы. // Төте оқу, 1938. 8 март.
- 10.Сауранбаев Н. Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар. «Социалистік Қазақстан», 1938, 26 ноябрь
- 11.Иманқұлова Ж. Таңбалар тарихы және әліпби ауыстырған елдер тәжірибесі. Еркін Еуразия медиа порталы // Ғылым мен білім айдары, 27.05.2013ж
12. Аманжолов С. Емле ережесі мал емес отбасы мұрағатынан. //Ана тілі 18 шілде, 2002 жыл
13. Балақаев М «Орфографияның бірер ережелері туралы». Қазақстан мұғалімі. 1953 6-наурыз
14. Сауранбаев Н О путях рационализации и унификации современного казахского алфавита // «Вестник АН КазССР», 1950, № 1. Қазақстан тарихшыларының табысы. «Коммунист», 1950, № 1.
- 15.Сауранбаев Н.Т. Әдебиет тілінің әліппесі мен емлесін жетілдіру мәселелері // Социалистік Қазақстан 1950, 26 март
16. Сауранбаев Н.Т.Қазақ тіл білімінің проблемалары. Алма-Ата, 1982. 38 бет
17. Сауранбаев Н.Т Орыс тілінен енген сөздердің орфографиясы // Социалистік Қазақстан 1953 сәуір
18. M.Şakir Ültükşir Atatürk ve harf devrimi. Ankara, 2009
19. Фазылжанова А. Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан Республикалары ұлттық тілдерінің латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу тәжірибесі // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы, болашағы - Алматы, 2007. -410б.

20. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Өзбекстан, Өзірбайжан елдерінде қалай жүргізілді // Ана тілі газеті, 24.01.2013ж
21. Уәли Н., Күдерінова Қ., Фазылжанова А. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы, болашағы - Алматы, 2007. -410б.
22. Фазылжанова А. Мультимәдениеттілік және тілдік бірегейлік // Туған тіл журналы. 2009ж №1
23. Абусейтова М., Мендикулова Г., Муминов А.ү. Ерекешова Л. Общие и специфические проблемы изменения алфавита в тюркоязычных странах СНГ: Азербайджан, Татарстан, Узбекистан, Туркменистан //Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы, болашағы - Алматы, 2007. -410б.
24. Садуақасов А. Түркітілдес мемлекеттердің латын графикасына көшудегі саяси-лингвистикалық ұстанымдары: генезисі және эволюциясы: саясат ғылымдарының кандидаты диссертациясы - Алматы, 2010ж
25. Ұлт тірегі - тіл / Мұхтар Құл-Мұхаммедұлымен сұхбат // Егемен Қазақстан газеті. 14.05.2003ж.
26. Maarif Vekaleti. Halk Alfabeti. Istanbul, 1928. Devlet Matbaasi.
27. Dogan Kutay Arap Alfabetini Niçin Biraktik. Ankara 1957.
28. Naci Kasim Açikel Türk Alfabetinin Islahi. Istanbul. 1939.
29. Mehmet Emin Erişirgil Bir Tarih, Bir Teklif . Türk Dili, ocak 1952
30. Falih Rafki Atay Yeni Yazı. Türk Dili, agustos, 1952
31. Omer Çelebi. Atatürk Kayseri'de. Ankara 1973.
32. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 3-п.
33. Қабылұлы І. Білімге ұмтылу керек // Еңбекші қазақ Алматы, 1927 №2.
34. Байтасұлы Ә. Мектеп тілі туралы // Еңбекші қазақ. Алматы, 1927. №4.
35. Сауранбаев Н. Ана тілін оқыту туралы // Халық мұғалімі. Алматы, 1941 №11, 8-9б
36. Сауранбаев Н. Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері. «Халық мұғалімі», 1947, № 11;
37. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Учебник казахского языка для V класса русской средней школы (первый год обучения). Алма-Ата, 1938
38. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. Учебник казахского языка для V класса русской средней школы (первый год обучения). Алма-Ата, изд. 5. Алма-Ата, 1950
39. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы (даярлағандар Д.Қамзабекұлы, О.Жұбаева). Алматы, 2005-2006
40. Сауранбаев Н., Жиенбаев С. Русско-казахский словарь для начальной школы. Составители: Н. Сауранбаев, С. Жиенбаев с участием Т. Акулова. Алма-Ата, 1942